Аннотация. В эпоху глобализации языка, когда лексикографическая база становится полностью доступной в цифровой системе, появляется возможность оптимизировать овладение языком. Национальный корпус казахского языка – оцифрованный вариант казахского слова. Так как корпус казахского языка является системой лингвистических знаний, состоящей из нескольких подкорпусов, спрос на учебный корпус растет день ото дня. Это связано с тем, что Казахстан является многонациональным государством. Представители других национальностей, потребляющие казахскую культуру, хотят определить перевод-эквивалент. Учебный корпус также является эффективной лингвистической базой для изучающих язык.

Цель статьи – семантизация лексикографической базы, входящей в учебный корпус, особенно единиц лексического слоя казахского языка, и адаптация к автоматизации в соответствии с цифровой системой. В статье описано отличие учебного корпуса от других подкорпусов, представлены классификация семантизации и способы интерпретации

(автоматизации) семантических групп. В этом научная значимость статьи.

При изучении внедрения в учебный корпус лексической базы применялись методы контент-анализа, обобщения, описания. Научные выводы, представленные в статье, имеют практическое значение, способствуя разработке учебного корпуса, разработке электронных приложений для овладения языком.

Статья исследована в рамках проекта BR 18574183 «Автоматическое распознавание казахского текста: разработка лингвистических модулей и IT-решений».

Ключевые слова: национальный корпус, семантизация, автоматизация, языковая база, перевод, лексический слой, учебный корпус, цифровизация языка

Статья поступила 05.06.2023

ӘОЖ 81'42 (075.8)

XҒТАР 16.21.51

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.70.3.002>

ПОЭТИКАЛЫҚ МӘТІНДЕРДЕГІ «ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ// ЖАЛҚАУЛЫҚ» КОНЦЕПТІЛЕРІНІҢ ВЕРБАЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІГІ

*Айтқұлова Г.А.¹, Розиева Д.С.²

¹3 курс докторанты, мамандығы «8D02310 Филология», М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, e-mail: aitkul_gum1985@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4975-4746>

²PhD, қауымдастырылған профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, Алматы, Қазақстан, e-mail: rsdilfuza@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1581-9513>

Аңдатпа. Мақалада поэтикалық мәтіндегі концептуалдық құрылымдардың когнитивті сипаты қарастырылады. Когнитивті лингвистика тіл арқылы қоғамдық құбылыстар мен дүниені танып білудің танымдық-теориялық негіздерін қалыптастырады. Сонымен қатар, антропоэлектік парадигма аясында халықтың танымдық болмысын концепт арқылы лингвистиканың когнитивті бағыттары мен аспектілерін ғылыми негіздейді. Концепт өз бойына халықтың

мәдени болмысының барлық мазмұнын сыйдыра отырып, ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде негізгі компонент болып саналады. Поэтикалық мәтіндердегі еңбекқорлық//жалқаулық тілдік бірліктерінің когнитивті сипатын ашу барысында этностың ақиқат дүние туралы көзқарасы, мәдени танымы мен тұрмыс-тіршілігімен байланысты тілдік деректерге қол жеткізе аламыз. Бұл өз кезегінде халқымыздың ғасырлар бойы жинаған мәдени қоғамдастығы мен тіршілік етудегі қажеттілігінен, еңбек қатынастарынан туындаған дүниетанымдық санасын тануға мол мүмкіндік береді. Мақаламыздың басты мақсаты – Шәкәрім лирикасының тіліндегі еңбекқорлық//жалқаулық концептісінің когнитивті болмысын анықтау. Ғылыми мақаланың өзектілігі қазіргі антропоцентрлік парадигма аясындағы еңбекқорлық//жалқаулық концептісін айқындайтын тіл бірліктері арқылы қазақ этносының танымдық болмысын ашу болып табылады. Ғылыми мақаланың жаңалығы қазақ лингвомәденитанымындағы еңбекқорлық//жалқаулық концептісінің алғаш рет зерттелуін жатқызуға болады.

Мақалада еңбекқорлық//жалқаулық концептілерінің поэтикалық мәтіндердегі этномәдени санаға ие тілдік оралымдарының мәдени-ұлттық семантикасы айқындалды. Зерттеу барысында еңбекқорлық//жалқаулық ұғымына қатысты тілдік бірліктердің семантикасын айқындау үшін сипаттама, этнолингвистикалық, концептілік талдау және ассоциативтік эксперимент әдістері пайдаланылды. Зерттеу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың когнитивтік бағыттағы іргелі еңбектері пайдаланылды.

Зерттеудің ғылыми құндылығы мен практикалық маңыздылығы еңбекқорлық//жалқаулық концептісінің когнитивті лингвистика контексінде зерттелуі барысында «Поэтикалық мәтіндердің концептуалдық құрылымы» атты дәріс курстары мен когнитивті лингвистика, танымдық семантика бағытында оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

Тірек сөздер: поэтика, концепт, фрейм, ассоциация, схема, коннотация, семантика, ұлттық дүниетаным, мәдени таңба

Негізгі ережелер

Зерттеу мақаласында поэтикалық мәтіндердегі «еңбекқорлық//жалқаулық» концептінің когнитивті санадағы дүниенің тілдік бейнесін құрайтын тіл бірліктері талдауға түсті. Ғылыми мақаланың мақсаты – «еңбекқорлық//жалқаулық» концептілерінің семантикалық және концептуалдық бірліктерде қолданылуын зерттеу болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін когнитивті лингвистика, концепт, концептілік

өріс, ғаламның тілдік бейнесі ұғымдарына ғылыми тұрғыда тоқталып, қазіргі таңдағы концептуалдық білім аясында зерттеліп жүрген ғалымдар пікірлерін саралай отырып, әлемнің тілдік бейнесі хақында авторлық көзқарасты қалыптастыру және «еңбекқорлық\жалқаулық» концептінің лингвомәдени сипаттағы мазмұнын ашу сынды міндеттерге қол жеткізілді. Зерттеу пәні концептілік құрылымдар негізгі элементі болып табылатын когнитивті лингвистика бағыты. Зерттеу нысаны «еңбекқорлық\жалқаулық» концептінің лингвомәдени сипаттағы тілдік бірліктер.

Кіріспе

Бойына бүкіл мәдени мұра мен рухани құндылықты жинақтап, сақтайтын ұлттық тілді халықтың ой танымымен, жан ілімімен бірлікте қарау соңғы жылдары кең етек алған когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану ғылымдарының пайда болуына негіз болды. Көркем мәтінді тіл мен таным ұштастығы негізінде біртұтас жүйеде қарастыру қазақ этносының танымдық, когнитивті болмысын тануға мүмкіндік ашады. Тіл – тілдегі концептіні тануда поэтикалық мәтіндердегі ақынның қабылдау мен сезіну әрекеттері арқылы қалыптасқан бейне, ойсурет тудырушы өлең өрімдерінің семантикасын ашу бүгінгі зерттеу мақаламыздың басты мақсаты.

Когнитивті терминдердің қысқаша сөздігінде концептіге мынадай анықтама береді: концепт ұғымы адамның ойлау әрекеті мен тәжірибесін, білімін білдіретін, дүниені танып білудің адамзаттық тәжірибесі [1, 90].

А.Н. Арутюнованың пайымдауынша: концепт – мәдениетке сіңген ұғым ретінде эмотивті, коннотациялы, аксиологиялық сипаты бар, тілде атауы мен атаулары бар әмбебап құбылыс [2]. Сонымен, концепт – ұлттық мәдени болмысқа негізделген ойлаудың ақпараттық негізі. Ақиқат дүние бейнесінің адам санасында сәулеленген білім ақпараттарының жүйеленген көрінісі – лексикалық, паремиологиялық, фразеологиялық тіл бірліктері арқылы тілімізде көрініс табады.

Адам алғаш өмір есігін ашқан күннен бастап үнемі толығу, толысу процесінде еңбекқорлық қасиетінің арқасында жетіліп отырады. Яғни адамды жақсылыққа тәрбиелейтін, шыдамдылыққа жол көрсететін, өзіне керекті материалдық қажеттіліктермен қамтамасыз етуде еңбектенудің маңыздылығы өмір сүру құндылықтарымен пара-пар. Еңбек тәрбиесіне ерте жастан балаларды баулуды қазақ халқы ежелден тұрақты тіркестер, мақал-мәтел, нақыл сөздерге жасырған. Ал, ақын-жазушылар адам мінезіндегі еңбеккерлікті өз шығармаларына арқау ете отырып, жалқаулықты қатты сынау барысында бұл жаман әдеттен өз ұрпағын аластатуды мақсат тұтқан.

Ғаламның тілдік бейнесі феноменін зерттеген профессор В.А. Маслова: Концептілерді әртүрлі тәсілдермен жіктеуге болады. Тақырып тұрғысынан алғанда, олар, мысалы, эмоционалды, тәрбиелік, мәтіндік және басқа да ұғымдық салаларды құрайды. Тасымалдаушыларына қарай жіктелген концептілер жеке, микротоптық, макротоптық, ұлттық, өркениеттік, жалпыадамзаттық ұғым сфераларын құрайды. Концептілер дискурстың бір немесе басқа түрінде қызмет ететінін ажыратуға болады, мысалы, педагогикалық, діни, саяси, медициналық және т.б. Дискурстың өзін бір мезгілде ұғымдарға үндеу жиынтығы ретінде және ана тілінде сөйлейтіндердің санасында бар тұжырымдама ретінде қарастыруға болады, – деп тұжырымдайды [3]. Ал, ғалым Ж.А. Манкеева тілді антропоэзектік парадигма аясында зерттеудің маңыздылығын: Көркем шығармадағы тілдік бірліктерді тілдік тұлға дәрежесінде ғаламның тілдік бейнесін беретін антропоэзектік парадигмада кешенді зерттеудің барысында олардың прагматикалық мәні ашылады [4, 557 б.].

Поэтикалық мәтіндерде еңбекқорлық // жалқаулық концептілерінің мағыналық өрісі еңбекқорлықты барлық ізгілік атаулысының негізгі баспалдағы деп таныса, жалқаулықты күллі әлемнің дұшпаны ретінде сипаттайды. Мақаламызда осы тілдік бірліктердің когнитивті болмысын ашуда Шәкәрім өлеңдерін мысал ретінде қарастыратын боламыз.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Жалпы лингвистикалық ғылымдардың қалыптасуы мен дамуы барысында әлем халықтарының тілге деген қызығушылықтарының артуына себеп болды. Тіл мен таным арақатынасын концептілік құрылымдар аясында зерттеу, тілдік бірліктердің семантикалық өрісін анықтау жолында ақын, жазушылар тілін талдаудың маңызы зор. Зерттеу мақаламызда когнитивті әдісті поэтикалық мәтіндердегі еңбекқорлық // жалқаулық концептілерінің вербалдану ерекшеліктерін ашуда, мағыналық өріс аясындағы ақпараттарды талдау барысында пайдаландық. Сонымен қатар, семантикалық компоненттік талдау әдіс-тәсілін сөздердің лексикалық мағынасын анықтауда қолдандық.

Талқылау

Қазақ әдебиетінде адам болмысының пісіп-жетілуінің классикалық үлгісін жасаған – Абай болса, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Абайдан соң қазақ әдебиетінің, қазақ поэзиясының көркемдік дәрежесін жоғары деңгейге көтерген Шәкәрім болды. Бір дәуірдің ғұлама қос ақыны мен ойшылы адамның рухани кемелденуін Шығыстың поэзиялы пәлсапасы мен батыстық әдеби философиялық ойдың озық

үлгілерімен толықтыра отырып, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жаңа тұрпатты жазба қалыптасуына елеулі үлес қосты [5, 9 б.].

Адам болып туылдым, адам боп өлу – арманым деп ағынан жарылған Шәкәрім де Түзетпек едім заманды, өзімді тым-ақ зор тұтып, – деген Абай да адал еңбекпен жан бағуды ізгіліктің бастауы деп дәріптеп өткен. Фибрат алар артыңа із қалдырсаң, шын бақыт осыны ұқ, Мәңгілік өлмейсің, – деген Шәкәрім ар сақтап, адал еңбек ету ең алдымен адамдық борышың деп бір-ақ кесіп айтқан. Шәкәрім поэзиясының түйіні – ақ жүрек, таза ақыл, адал еңбек иесі түзу адамды қалыптастыру, сол арқылы қоғамды түзеу. Адал жүріп, адал еңбек сауғанда ғана қоғамдық кемелденудің биік шыңын бағындыратындығына адамзатты үндеген. Халықтық педагогиканың қайнар бастауы – халық даналығы, оны жасаушы тұлғалар болса, Шәкәрім философиясы қазақи дүниетаным негіздеріне сүйенген ең алғашқы адамды кемелдену дәрежесіне көтеретін ілімдерге толы шығармалар болатын. Шәкәрім шығармашылығының бар болмысы – адамның мінез құлқын жөнге келтіріп, өзіне, қоғамға пайдалы істерге жетелеу болып табылады. Мәселен ақынның «Жастарға» өлеңінде:

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам, айла, зорлықсыз мал табалық.
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік
Бір білімді данышпан жан табалық.
...Ойланар уақыт болды бас қосарлық,
Дұспан көп енді бізге жол тосарлық,
Арамдықтан көңілді арытталық,
Ақыл ойлап, адалға қол басарлық [6, 34 б.].

Шәкәрім поэзиясында халықтық таным мен ұлттық ойлау жүйесі тоғысқан. Адал жүріп, арлы болу, таза еңбекпен күнелту сынды ізгі игіліктер адамды биік белестерге жетелейтіндігін алға тартады. Сол үшін де «Адамдық борышың» деген туындысында:

Адамдық борышың –
Халқыңа еңбек қыл!
Ақ жолдан айныма,
Ар сақта оны біл!
Талаптан да,
Білім мен өнер үйрен!
Өнерсіз, білімсіз
Болады ақыл тұл! [6, 15 б.].

Яғни «Адамдық борыш» деген болмыс ар ұятқа байланған еңбектің қажырлы игілігі арқылы толысып отыратынын атап көрсетеді.

Ақ жүрекпен, таза ақыл, Қылсаң адал еңбек деген өлең жолдарынан ойшылдың ақыл мен еңбекті қатар алып жүрген адамның бұл пәниде шатаса қоймайтындығын алға тартады. «Еңбекке шыда ебін тап та, Сабырдың түбі- сары алтын. Өзімшіл болма, көпті ардақта, Адамның бәрі өз халқың» [6, 149 б.]. Еңбекқор қашанда шыдамды, сабырлы, өзінен басқаны өзіндей көретін дәрежедегі адам болатұғынын осы өлең жолдары арқылы бағамдаймыз.

Еріншектен – салақтық,
Салақтықтан – надандық.
Бірінен-бірі туады,
Жоғалар сүйтіп адамдық,
Еріншек таза жүре алмас,
Кірі-қоңын жуа алмас.
Харекет жоқ, ғылым жоқ,
Өз бойынан ұялмас [6, 78 б.].

Шәкәрім өз туындыларында адамды құрдымға жетелейтін дерт деп жалқаулықты, еріншектікті қатты сынайды. Жалқау адам қулық іздеп, мақтанға салынып, өсек теріп, бекер ел кезіп кететінің білген ақын өз өлеңдері арқылы осы дерттің алдын алудың философиялық тұжырымын жасап кеткен ойшыл. *Еңбекпен, өрнекпенен, Өнер ойға толықса, Жайнар көңіл, қайнар өмір, Ар ілімі оқылса, – деген Шәкәрім еңбекпен өрнектелген адамның көңілі жайнап, өмірі қайнайды деген тіл бірліктері арқылы «еңбекқорлық» концептісінің мағыналық өрісін беріп тұр. Шәкәрім ілімінде «арлы азамат» – жақсы мен жаманның айырмашылығын терең түсінетін, сөз бен ісі түзу, әділ, намысшыл адам, ал бұл арлы адамның барлық өмірлік іс-әрекеттері тек адал еңбектің арқасында «ар», «намыс», «ұждан» түсініктері арқылы өз кемеліне жетіп отырған. Тілдің лексика-фразеологиялық жүйесін сыртқы дүниемен, ақиқат өмірмен тығыз байланыста қарау – қарастырып отырған нысанымыздың қырлары мен сырларын тереңірек түсінудің бірден бір жолы. Ол жүйе арқылы тіл әлемі сыртқы әлем қайталамасы екені анықталады [7, 102 б.].*

Ақын халық арасындағы еңбек тәрбиесіне ерекше мән беріп, өз шығармаларында еңбекті адам бойындағы асыл да ең қажетті мінездердің бірі деп жырлап өтті. Еңбекқорлық сынды адам болмысының ең маңызды деген қасиетін жеке тұлғаға қатысты емес, бүкіл адамзат дамуындағы тарихи маңызына көз жеткізе білді [8, 56 б.]. Арсыз сол – арамдықпен жан сақтайды, Адал сол – таза еңбекпен күнін көріп, Жаны үшін адамшылық ар сатпайды. Бұл үзіндіден Шәкәрім танымындағы еңбекқорлық // жалқаулық концептілері адал, арсыз деген сөздермен астасып жатыр.

Тікенің болса бойында, Ауырса да өзің жүл. Сергек болсын ойың да, Еріншек болма құр масыл [6, 197 б.]. Бұл өлең жолдарында құр масыл тұрақты тіркес арқылы жалқаулық концептісінің лингвомәдени бірлік өрісін беріп тұр. Бұл тіркестер тілдің бейнелігін, тілдік байлығын көбейте алатын сөздер жиынтығын құрайтын тілдің саналы қабатында тұрған бірліктер, олар ұлттың мінез-құлқын, түрлі көзқарастарын, қоршаған ортасын сипаттап әрқашан да халық тынысының айнасы болып есептеледі [9, 135 б.].

Адамның ең асылы –

Қиянатсыз ақ бейіл.

Ең зиянкес жасығы –

Тайғақ мінез, екі тіл [6, 197 б.].

Осы шумақтардан байқағанымыз еңбекқорлық // жалқаулық концептілері қиянатсыз ақ бейіл, тайғақ мінез, екі тіл ойсурет құрылымдарымен танылып тұр. Қай ұлттың тілінде болмасын дүние бейнесі сол халық тіліндегі ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан адамзаттық тәжірибе мен ойлаудың терең мазмұнын бейнелейді [10, 99 б.]. Әдебиеттегі көркем образдар жүйесі, концептуалды мағына, кейіпкерлердің іс-әрекеті қайшылықты қарама-қарсы құбылыстардың әсерімен шығарманың көркемділігін байытады, бұл контрастың ең мәнді де басты қасиетін дәл байқатады [11, 78 б.]. Тіл білімінде құбылыстардың қызметін түсіндіруде халық өмірінің дүниетанымынан туындаған әлемдегі барша бағалылықты қарама-қарсы салыстыра, қатар қойып салғастыру арқылы анықтау әмбебап контрастивті тәсіл ретінде адам қасиеттерін анықтау үшін де қолдануға болатындығы дау туғызбаса керек [12, 184 б.].

Адам болмысындағы ақыл, жан, тән бөліктерінің басынан басталған осы бағыты – төмендеу, кері кету болады да, тәннен жанға, одан ақылға ұмтылып жетілуі – кемелдену болып шығады. Адамдағы кемелдену мүмкіндігі мен әрекетінің түпкі сыры мен бастауы – ақыл. Шәкәрім танымында адамды кемелденген қоғам қалыптастыруындағы алға жетелейтін күш – ар, намыс, ұят болса, осы үшеуін басқаратын – ақыл. Ал, бұларды нұрлы жүректе ұстап, өмірде тіршілік барысында жетілдіру аянбай еңбек етудің арқасында қалыптасатыны ақиқат. Шәкәрім тілінде ұлттық нақыштағы мәдениет те, ұлттық таным да халқымыздың тарихын, әдетін, салтын танытатын адал еңбекті уағыздайтын концепт әлемнің тілдік бейнесін тануда ерекше мәнге ие.

Бай ұлық, жуандарды бақты көрмек,

Ол мисыз шолақ оймен баға бермек.

Анық бақ деп айтарлық үш нәрсе бар:

Кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек [6, 103 б.].

Адамның адал еңбек етіп жан бағып, айналасындағыларға құрметті болуының айнымас кепілі деп білген ойшылдың өлеңдеріндегі еңбекке деген сүйіспеншілік осындай тіл бірліктерімен өріледі.

Ақынның өлеңдерінде жалқау, еріншек пенделерді құдай атқан пендесі деп ең адами құлдыраудың алғашқы баспалдағы деп таниды.

Даулассаң желдей еседі,
Өзі айтып өзі шешеді.
Үйір болған кісілер,
Жан тыныштық деседі.
Жан тыныштық бұл емес,
Жан дүниенің құлы емес.
Өзің байлап бересің,
Жан жұмысы ол емес [6, 80 б.].

Бұл шумақтар арқылы жалқаулықты әшкерелеген ақын ойының санада еріншектік туралы жинақталған желдей есетін өсекші, мақтаншақ, өзі айтып өзі шешетін өзімшіл сынды ойбейнелік тармақтармен беріледі. Әрі қарай жалқаулықты тереңдей міней түседі:

Еріншектің қақпаны, Көрінбей көзге жатқаны. Біреу оған ілінсе, Оны құдай атқаны» [6, 80 б.]. Өмір сүру үшін Алланың берген үлкен сыйы бұл тіршілікте мақсат-мүддемізге жетудегі еңбекшілдік әрекеттерімен өмірге мән кіргізу – жер бетіндегі әр пенденің асыл мұраттарының бірі. Ал, жалқаулық концептісі ғибадат жоқ, ақыл жоқ, бәрінің жолын кесетін дертті ауру сынды ситуациялармен берілген.

Ақынының әйгілі «Мал жимақ» өлеңінде:
«Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи,
Қазаққа көз сүзбестің қамы үшін жи.
Арың сатпа, терің сат, адалды ізде,
Ғибадат пен адалдық ар үшін жи.
Ерінбесең еңбекке дәулет дайын,
Жаратқан жоқ жатсын деп бір Құдайың.
Ойласын деп ой берді, көруге көз,
Аяқ берді, тапсын деп басқан сайын.
Егін сал, не сауда қыл, малыңды бақ,
Білім білмек – әр іске шебер болмақ.
Қол өнерден пайда қыл үйреніп-ақ,
Кетпес дәулет осы ғой Құдайға хақ [6, 39 б.].

Осы шумақтардан байқайтынымыздай, Шәкәрім танымы арқылы адал еңбекпен жан бағу, егін сал, малыңды бақ, адал сауда, білім білмек, кетпес дәулет сынды қазақ халқының санасында ұлттық менталитет болып қалыптасқан еңбекқорлықтың арқасында адам жететін жетістіктер.

Кейінгі уақыттағы тіл ғылымындағы когнитивті бағыт басқа да өзге ғылым салаларына жаңашылдық әкеліп ғана қойған жоқ, сонымен қатар, өзі де біршама байыды. Сол ғылымдардың ішіндегі санамен ойлау, білім, тәжірибе оны алу мен дамыту барлығы дерлік жаңа сипатқа ие болды [13, 7 б.]. Шәкәрім концептосферасы – ұлттық концептосферасының қайнар көзі, мөлдір бастауы. Себебі, Шәкәрім поэзиясында адам болып қалыптасудың барлық игіліктері мен керағар мінездердің толық сипаттамалары көрініс табады. Шәкәрім тілі концептосферасы әлеуметтік, қоғамдық, адамгершілік-моральдық мәселелерді көтеретін, тәрбиелік мәні бар жеке концептілерден тұрады.

Нәтижелер

Зерттеу мақаласының нәтижесінде еңбекқорлық // жалқаулық концептілеріне қатысты лексемаларды тақырыптық-семантикалық жағынан сараптай келе, кешенді білім жүйесін, яғни когнитивті үлгісін ұсындық. Шәкәрім тілінің аясында еңбекқорлық // жалқаулық концептілерінің когнитивтік ерекшеліктерін зерттегенде ұлттық мүддеге негізделген таным мен түйсікті бейнелейтін тілдік оралымдардың семантикалық аспектілері айқындалды. Аталмыш тіл бірліктерін концептуалдық талдау барысында тіл мен таным тұтастығында жан-жақты қарастыру бүгінгі лингвистика ғылымының өзекті мәселесі болып саналады. Зерттеу жұмысының барысында еңбекқорлық // жалқаулық ұғымдарының тілде таңбаланған көріністерін зерттеуде дәстүрлі бағыттан тыс жаңаша талдаудың үлгісі ұсынылды. Шәкәрім поэзиясындағы еңбекқорлық // жалқаулық концептілерінің ұлттық табиғаты ашылып, негізгі мәденитанымдық маркерлері көрсетіліп, ғаламның тілдік бейнесін танудағы әмбебаптық мазмұны анықталды.

Қорытынды

Поэтикалық мәтін – өте күрделі болмысты қамтитын, дүниені образ арқылы оқырман ой-сезіміне сурет салу арқылы әсер ететін ерекше концептуалдық жүйелерден тұратын әмбебап құбылыс. Ақынның дүние туралы ақпаратты игеруі, өзіндік жүйелеу базасына қарай тілде көрініс табуы әртүрлі формада көрініс табады. Олар: 1) қарапайым форма (фрейм); 2) күрделі форма (скрипт); 3) сызбалы форма (схема); 4) оқиғалы форма (сценарий); 5) бейнелі форма (ойсурет).

Поэтикалық мәтіндердегі концептілік құрылымдардың көрінісі – автордың менталды көрсеткіші. Заманауи лингвистикада тілді ұлттық таным арқылы тану өзектілігі басым болған тұста Шәкәрім сынды ақындарымыздың шығармаларына когнитивтік талдау жасау арқылы

ұлттық мінез бен болмысты тануға мүмкіндік аламыз. Адамдағы кемелдену мүмкіндігі мен әрекетінің түпкі сыры мен бастауы – ақыл. Ал, ақылды адам қашанда еңбек арқылы өз мақсат мүддесін қанағаттандырып отырғанды жөн санайды. Шәкәрім өз өлеңдерінде адам бойындағы жалқаулық пен еріншектікті жеңу арқылы, әрдайым еңбекқорлықты жан азығына айналдырған тұста кемелденген адами құндылықтардың биігін бағындыра алады деген түйінмен өрнектейді.

Қазақ ақындарының ішінде еңбекқорлықты дәріптеп, жалқаулықты қатты сынаған, сол арқылы қалың ұйқыда жатқан қазақты оятуға ұмтылған қазақтың ақыны Шәкәрім еді. Шәкәрім қазақ поэзиясын тақырыптық, мазмұндық жағынан қазақ дүниетанымының шеңберін дамыта отырып, адам болмысының суретін бейнелеуде концептілік өрісін кеңейткен ақын. Оның шығармаларындағы негізгі тұжырымдар мінсіз адам болудың алғышарттары мен адамды құрдымға жетелейтін теріс мінездерді сынау арқылы арлы адам қалыптастырудың барлық адами құндылықтарын қазаққа ұсыну арқылы адамгершілікке тәрбиелеуді алға қойған. Әсіресе өмірінің соңғы жылдарында жазылған қара сөздеріндегі адамгершілік, ар-ұят, тәрбие мәселелерімен қатар жалқаулықты көбірек сынға алады. Шәкәрім өзінің өлеңдерінде еңбекқорлықты барлық ізгілік атаулысының негізгі баспалдағы деп таныса, жалқаулықты күллі әлемнің дұшпаны екендігін келелді мысалдармен дәйектейді.

Ақын өлеңдеріндегі еңбекқорлық // жалқаулық концептілерінің бейнелі түсінікпен вербалдануы ойшылдың ойсуретке негізделген санасының шеберлігін білдіреді. Бұл ұғымдар ақын өлеңдерінде метафора, тұрақты тіркес, паремиялық бірліктер аясында жинақталған. Бақытты өмір сүрудің кепілі болған еңбек адамды ынталандырады, алға жетелейді, мақсатына жеткізеді. Қазақ дүниетанымында берекелі отбасы, шат-шадыман өмір сүру, денінің саулығы, ет жақындарының сүйіспеншілігіне бөлену, мақсатына жеткізетін, рухани, материалдық жетістіктің негізгі кілті болып табылатын еңбекқорлық концепті сан ғасырлық өмір тәжірибесінен өткен, ғаламдық дәрежедегі концептіге ие.

Шәкәрім танымында еңбек тәрбиесіндегі әдетке айналған жарасымды мінез-құлық адамды шаттыққа, байлыққа, кетпес дәулетке, адамшылдыққа жетелейтін өмірлік қажеттілік деп танылады. Адам бойындағы кездесетін кереғар мінездердің әсіресе еріншектік пен жалқаулықты құр масыл, көк жалқау, бос қылжаң деген тіл бірліктерімен астасып жатыр.

Қорытындылай келе, Шәкәрім поэзиясындағы адам болмысының, оның еңбекке деген қажеттілігі мен еңбек тәрбиесіндегі күнделікті дағды туралы менталдық түсінік, сөз тіркестері, фразеологизмдер, метафора,

теңеу сияқты түрлі тілдік формада берілген. Концептіні біз мәдени ренкте елестетсек, онда еңбекқорлық // жалқаулық концептілері қазақ этносының мәдени кеңістігіндегі түрлі коннотациялармен берілетіні рас. Бұл Шәкәрім поэзиясына да тән үрдіс.

ӘДЕБИЕТ

[1] Краткий словарь когнитивных терминов /под ред. Е.С. Клубряковой. – Москва: Издательство МГУ, 1996. – 245 с.

[2] Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. – Москва: Школа «Языки русской культуры», 1998.– 896с.

[3] Маслова В. А. Введение в когнитивную лингвистику. –Москва: Издательство «Флинта», 2007. –296 с.

[4] Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2014. – 640 б.

[5] Баймұханбетова М.Б. Абай мен Шәкәрім шығармалары тіліндегі тілдік дәстүрлерінің жалғастығы (когнитивтік аспектіде): ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, 10.02.02. – Астана, 2009. – 31 б.

[6] Құдайбердіұлы Ш. Сыр сөз. – Алматы: Отбасы хрестоматиясы, 2021. –256 б.

[7] Күштаева М.Т. Тары концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны: филология ғылымының канд.диссерт. – Алматы, 2002.–192 б.

[8] Алтынбеков А.Шәкәрім Құдайбердіұлы мұраларындағы әлеуметтік-тәлімдік ойлар: филол.ғыл.канд. ...дис.– Алматы, 2014. –137 б.

[9] Турлыбекова И.А., Нуркенова С.С. Сөйлеу мінез-құлқына қатысты фразеологизмдердің сөзқұмарлықтың көрінісі // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. 2022.– №4(188). – 125-138 бб.

[10] Шоқым Г. Гендерлік лингвистика негіздері. – Алматы: Экономика, 2012. –190 б.

[11] Сыздық Р., Шалабай Б., Әділова А. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау.– Алматы: Ел-шежіре, 2017. – 223 б.

[12] Қайдар Ә. Тіл-ғұмыр. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2018. – 352 б.

[13] Абдрахманова М.Б. «Көз» концепт: лингвомәдениеті және танымдық парадигмасы: филол.ғыл.канд. ...дис. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. – Астана, 2008. –115 б.

REFERENCES

- [1] Kratki slovar kognitivnyh terminov (Short dictionary of cognitiveterms). Pod red. E.S. Kubrakovoi. Moskva, Izdatelstvo MGU, 1996. 245 s. [In Rus.]
- [2] Arutunova N.D. Īazyk i mir cheloveka. (Language and peace of man). Moskva, Škola «Īazyki ruskoĭ kultury», 1998. 896 s. [In Rus.]
- [3] Maslova V.A. Vvedenie v kognitivnuiu lingvistiku (Introduction to Cognitive Linguistics). Moskva, Izdatelstvo «Flinta», 2007. 296 s. [In Rus.]
- [4] Mankeeva J. Qazaq tıl bilimınıń mäseleleri (Problems of Kazakh language education). Almaty, Abzal-ai, 2014. 640 b. [In Kaz.]
- [5] Baimuhanbetova M.B. Abai men Šäkärım ŗğarmalary tılındegı tıldık дәstürleriniń Jalğastyğy (kognitivtik aspektide) (Linguistic traditions in the works of Abai and Shakarim continuity (cognitive aspect)): f.ğ.k. ġylymi дәrejesin alu uşın daiyndalğan disertasiyanıń avtoreferaty, 10.02.02. Astana, 2009. 31 b. [In Kaz.]
- [6]. Qūdaiberdiūly Ş. Syrsöz (Secret word). Almaty, Otbasy hrestomatiasy, 2021. 256 b. [In Kaz.]
- [7] Kūštaeva M.T. Tary konseptisiniń semantikalyq qūrylymy men lingvomādeni mazmūny: filologia ġylymynyń kand.disert (Semantic structure and linguistic culture of the concept of millet Content). Almaty, 2002. 192 b. [In Kaz.]
- [8] Altynbekov A. Šäkärım Qūdaiberdiūly mūralaryndağy āleumettiktālmdık oılar: filol.ğyl.kand. ...dis. (Socio-pedagogical thoughts in the legacy of Shakarim Kudaiberdiuly:philol. gy. kand. ...dis.). Almaty, 2014. 137 b. [In Kaz.]
- [9] Turlybekova Ī.A., Nurkenova S.S. Sōileu minez-qūlqyna qatysty frazeologizmderdıń sōzqūmarlyqtyń kōrinisi (Regarding speech behavioridioms are expressions of verbosity). QazŪU habarşysy. Filologia seriasy. 2022. №4(188). 125-138 bb. [In Kaz.]
- [10] Šoqym G. Genderlik lingvistika negızderi (Basics of gender linguistics).Almaty, Ekonomika, 2012. 190 b. [In Kaz.]
- [11] Syzdyq R., Šalabai B., Ādilova A. Kōrkem mātındı lingvistikalyq taldau (Linguistic analysis of literary text). Almaty, El-šejire, 2017. 223 b. [In Kaz.]
- [12]. Qaidar Ā. Tıl-ğūmyr. Ģylymi maqalalar jinağy (Language and personality. A collection of scientific articles). Almaty, A. Baitūrsynūly atyndağy Tıl bilimı instituty, 2018. 352 b. [In Kaz.]
- [13] Abdrahmanova M.B. «Kōz» konsept: lingvomādenietı jāne tanymdyq paradigması: filol.ğyl.kand. ...dis. Āl-Farabi atyndağy Qazaq ūlttyq unisersiteti. (Eye concept: linguistic culture and cognitive paradigm:philol. gy. kand. ...dis.) Astana, 2008. 115 b. [In Kaz.]

СПЕЦИФИКА ВЕРБАЛИЗАЦИИ КОНЦЕПТОВ «ТРУДОЛЮБИЕ // ЛЕНЬ» В ПОЭТИЧЕСКИХ ТЕКСТАХ

*Айткулова Г.А.¹, Розиева Д.С.²

¹Докторант 3 курса специальности «8D02310-Филология», Южно-Казахстанский университет имени М. Ауезова, Шымкент, Казахстан, e-mail:aitkul_gum1985@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4975-4746>,

²PhD, ассоциированный профессор, КазУМОиМЯ им.Абылай хана, Алматы, Казахстан, e-mail: rsdifuza@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1581-9513>

Аннотация. В статье рассматривается когнитивный характер концептуальных структур в поэтическом тексте. Когнитивная лингвистика изучает формирование познавательного-теоретических основ познания общественных явлений и мира через язык. Кроме того, в рамках антропоязыковой парадигмы когнитивное бытие народа с разных сторон научно обосновывает через концепт познавательные направления и аспекты языкознания. Концепт считается ключевым компонентом в понимании национального своеобразного мировоззрения, воплощая в себе все содержание культурной самобытности народа. Раскрывая когнитивный характер языковых единиц трудолюбие//лень в поэтических текстах, мы можем получить доступ к языковым данным об истинном мире, связанным с видением, культурным познанием и бытом этноса. Это, в свою очередь, дает широкие возможности для признания мировоззренческого сознания нашего народа, порожденного многовековой культурной общностью и потребностью в выживании, трудовыми отношениями. Основная цель нашей статьи – определить познавательную природу концепта трудолюбие/лень в языке лирики Шакарима Кудайбергенова. Актуальность статьи заключается в раскрытии когнитивной сущности казахского этноса через языковые единицы, определяющие концепт трудолюбие/лень в рамках современной антропоцентрической парадигмы. Новизна исследовательской статьи объясняется тем, что это первое исследование концепта трудолюбие/лень в казахской лингвокультурологии.

В статье определена культурно-национальная семантика языковых репродукций концепта трудолюбие//лень, обладающих этнокультурными особенностями в поэтических текстах. В ходе исследования были использованы методы описательного, этнолингвистического, концептуального анализа и ассоциативного эксперимента для определения семантики языковых единиц, относящихся к понятию трудолюбие//лень. В исследовании использованы фундаментальные труды отечественных и зарубежных ученых когнитивной направленности.

Научная ценность и практическая значимость изучения концепта трудолюбие//лень в контексте когнитивной лингвистики в том, что результаты могут быть использованы в качестве учебных материалов для подготовки курса лекций «Концептуальная структура поэтических текстов», а также являются вкладом в область когнитивной лингвистики и когнитивной семантики.

Ключевые слова: поэтика, концепт, фрейм, ассоциация, схема, коннотация, семантика, национальное мировоззрение, культурный знак

FEATURES OF VERBALIZATION OF CONCEPTS «INDUSTRIOUSNESS//LAZINESS» IN POETIC TEXTS

*Aitkulova G.A.¹, Rosiyeva D.S.²

*¹3st year doctoral student of Philology "8D02310", M. Auezov South

Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan,

e-mail:aitkul_gum1985@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4975-4746>

²PhD, associate professor, Ablai Khan KazUIRandWL, Almaty, Kazakhstan,

e-mail: rsdilfuza@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1581-9513>

Abstract. The article discusses the cognitive nature of conceptual structures in a poetic text. Cognitive linguistics forms the cognitive-theoretical foundations of cognition of social phenomena and the world through language. In addition, within the framework of the anthropospecific paradigm, through the concept of the cognitive essence of the population, scientific substantiation of cognitive directions and aspects of linguistics from different angles. The concept is considered a key component in the understanding of the National worldview, embodying in itself all the content of the cultural essence of the people. In the process of revealing the cognitive nature of the language units of «industriousness//laziness» in poetic texts, we have access to linguistic data related to the vision of the true World, Cultural Cognition and life of an ethnic group. This, in turn, gives us a great opportunity to recognize the cultural community that our people have accumulated over the centuries, and the worldview consciousness caused by the need for survival, Labor Relations. The main purpose of our article is to determine the cognitive nature of the concept of «industriousness//laziness» in the language of the lyrics of ShakarimKudaibergenov. The relevance of the article lies in the disclosure of the cognitive essence of the Kazakh ethnic group through language units that define the concept of «industriousness//laziness» within the framework of the modern anthropocentric paradigm. The novelty of the research article can be attributed to the first study of the concept of «industriousness//laziness» in Kazakh linguoculturology.

The article defines the cultural and national semantics of the concepts of «industriousness//laziness» in poetic texts of linguistic turns with ethnocultural consciousness. In the course of the study, descriptive, ethnolinguistic, conceptual analysis and associative experiment methods were used to determine the semantics of language units related to the concept of «industriousness//laziness». In the course of the study, the fundamental works of domestic and foreign scientists in the cognitive direction were used.

The scientific value and practical significance of studying the concept of hard work//laziness in the context of cognitive linguistics is that the results can be used as educational materials for preparing a course of lectures “Conceptual structure of poetic texts”, and are also a contribution to the field of cognitive linguistics and cognitive semantics.

Key words: poetics, concept, frame, association, scheme, connotation, semantics, national worldview, cultural sign

Статья поступила 24.04.2023

УДК 81`42

МРНТИ 16.21. 49

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.70.3.003>

ЭТИМОЛОГИЯ ИДИОМ В БИЗНЕС-КОММУНИКАЦИИ

*Ахмедова Ж.М.¹, Сарбасова А.Е.²

^{*1} Магистрант, Актюбинский региональный университет

им. К. Жубанова, Актобе, Казахстан

e-mail: akhmedovazhanat8@gmail.com,

² к.ф.н., доцент, Актюбинский региональный университет имени

К. Жубанова, Актобе, Казахстан

e-mail: aigul_sarbassova@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-7115-9487

Аннотация. В данной статье рассматривается этимология идиом, наиболее часто употребляемых в казахстанском бизнес-дискурсе, появившихся в результате развития внешних экономических связей Казахстана с разными странами мира. Целью исследования является обоснование важности изучения происхождения идиоматических выражений, так как несомненен тот факт, что лучше всего запоминается информация, с которой у человека возникли когнитивные и психоэмоциональные ассоциации. Научная значимость статьи

проявляется в попытке подборки часто употребляемых в бизнес-дискурсе идиом, с их семантической характеристикой и историей происхождения. Новизна исследования заключена в попытке разработать классификацию бизнес-идиом, основываясь на их происхождении. Практическая значимость данной работы заключается в том, что знание этимологии устойчивых словосочетаний может способствовать высокому качеству перевода, умелому употреблению их в деловой коммуникации, лучшему запоминанию их и, что не менее важно, приближению изучающего к культуре носителей языка и их истории. Для достижения цели были использованы такие научные методы, как метод сбора теоретического материала, метод описательного анализа идиом, сравнительно-исторический метод и др. Результаты исследования являются вкладом в исследование по лексикологии и фразеологии. Выводы, сделанные в ходе исследования, могут быть полезны при изучении этимологии бизнес-идиом английского языка и их переводных эквивалентов на русский язык. Ценность проведенного исследования заключается в классификации происхождения бизнес-идиом и их связи со сферами деятельности человека. В ходе исследования был затронут вопрос идиоматизации фразеологических единиц. Нужно отметить, что изучение этимологии делает процесс изучения языка увлекательным занятием, влекущим за собой пополнение фоновых знаний, помогает расширить кругозор и развить гибкость мышления. Иметь в своем словарном запасе идиомы говорит о высоком владении языком, и, как бы мы ни старались избегать употребления их в речи, мы так или иначе сталкиваемся с ними, читая статьи в газетах, слушая реплики героев кинокартин и т.д. Следовательно, понимание идиом и их верная интерпретация жизненно важны.

Ключевые слова: идиома, этимология, фразеологические единицы, третичная номинация, идиоматизация, бизнес-коммуникация, образное выражение, устойчивое словосочетание

Основные положения

Идиома – это застывшее словосочетание (речевой оборот), общий смысл которого не является суммой значений составляющих его компонентов. В русском языке, например, к идиомам относятся такие выражения, как [1, с.77]:

погнаться за двумя зайцами;

попасть как кур в ошип;

дамоклов меч;

кишка тонка.

В английском языке, как и в любом другом, также используется большое количество идиом. Их компоненты утратили свой первоначальный смысл и не воспринимаются по отдельности:

Through thick and thin – во что бы то ни стало;

Tooth and nail – не жалея сил, засучив рукава;

smoke and mirrors – сокрытие правды;

cut to the chase – перейти к сути дела.

Впервые термин «идиома» ввел английский лингвист Л.П. Смит, по словам которого название *idiom* было эквивалентом французского слова «*idiotisme*», что обозначало свойственное английскому языку необычное грамматическое сочетание, которое в свою очередь совершенно не соответствовало грамматическим правилам или какому-либо логическому объяснению, к примеру, *play devil's advocate* – сомневаться в чем-то [2].

Цель раскрытия происхождения идиом (этимологического анализа) – определение того, на базе какой первичной мотивации (признака предмета) образована фразеологическая единица, какие исторические изменения его первичной формы и значения обусловили форму и значение, известные исследователю. Реконструкция первичных мотиваций, формы и значения слова (этимона) – предмет этимологического анализа.

Введение

В английском языке насчитывается около 25 тысяч идиоматических выражений. Почему так важно изучать идиомы? Потому что их картина отображает тысячи мыслей. Под словом «картина» подразумевается не картина как физический предмет, а то, что мы визуализируем, услышав ту или иную единицу речи. По сравнению с буквальной речью, образная речь эффективнее разъясняет нюансы ситуации. Нельзя недооценивать роль идиом, они могут выразить общее в культурах, добавить юмора и сгладить отрицательные выражения. Использование идиом становится все более популярным в последнее время

Идиомы красочно отображают историю и мировоззрение народа, его быт, отличительные особенности, помогают понять, как трудился и развивался тот или иной народ. Цель курса по деловому английскому – дать возможность обучающимся английскому языку чувствовать себя комфортно в рабочей среде, где английский язык является нормой. Так какой же способ является лучшим в изучении идиоматических выражений? Изучать их происхождение и культурный контекст. Изучение этимологии идиом открывает двери для знакомства с культурой и

историей народа, что, в свою очередь, укрепляет связь с языком. Кроме того, знание происхождения фразеологических единиц помогает в их запоминании, следовательно, усиливает стремление использовать их в речи. Нередко уместное и удачное использование идиом в бизнес-дискурсе служит причиной налаживания прочных деловых связей и успешного исхода дел в целом.

Материалы и методы

Данная статья была написана на основе изучения книги Слеповича В.С. «Курс перевода», которая рассматривает лексические и грамматические проблемы перевода с русского языка на английский и с английского языка на русский. Книга также включает в себя практикум для студентов-экономистов и для всех, кто занимается переводом. Также был использован материал из книги «Английская фразеология» американского лингвиста Л.П. Смит в целях иллюстрации некоторых общих идей и подтверждения некоторых практических выводов, представляющих известный интерес. Были изучены некоторые интернет-источники, а именно статья Скорук Н.И. «Этимология английских идиом и фразеологизмов: их значение и происхождение», в которой объясняется этимология часто употребляемых идиом в общей лексике, а также статьи Кадирсизовой Г. "Problems of idiomatization", Бузаровой Е.А. и Сасиной С.А. «Метафоризация профессионализмов как особый случай вторичной номинации», которые исследовали вопрос реинтерпретации идиом, то есть то, как некоторые бизнес-идиомы были заимствованы из других лексико-семантических полей. Причиной для выбора именно бизнес-идиом послужило их широкое использование в деловом мире и их актуальность. В свою очередь, знание их этимологии помогает добиться адекватного перевода. В своих исследованиях авторы статьи использовали описательный метод.

Результаты и обсуждение

В данной статье мы рассматриваем примеры идиом, часто используемых в деловом английском, а также разьясим их происхождение:

1. On a shoestring

Пример: There were times when we were on a shoestring.

Значение: с малым количеством денег

Происхождение: согласно Американскому словарю идиом, предполагается, что британские заключенные опускали с высоты свою обувь, подвешенную на шнурки, чтобы прохожие клали в них деньги (пожертвования).

2. *Show someone the ropes*

Пример: Could you please show me the ropes?

Значение: вводить в курс дела

Происхождение: эта фраза появилась в 1800–х годах и имеет отношение к морю. Моряков-новичков обучали различным видам узлов для того, чтобы управлять парусами и кораблем.

3. *Let the cat out of the bag*

Пример: Sam let the cat out of the bag because he was threatened.

Значение: обнародовать секретную информацию, раскрыть тайну

Происхождение: в 1700-х годах на рынках поросят продавали в мешках. Часто поросят заменяли котами, так как они, в свою очередь, стоили меньше. Когда кот выходил из мешка, люди узнавали об обмане.

4. *To hear on the grapevine*

Пример: We heard on the grapevine that they were willing to immigrate.

Значение: указание на информацию, полученную из неофициальных источников.

Происхождение: эта фраза связана с изобретением телеграфа в Америке 1840-ых. Прежде люди обменивались новостями, передавая их друг другу словесно. С того момента, как телеграфный обмен сообщениями стал называться «общением по проводу», прежнее общение «из уст в уста» – “down the grapevine” стало означать «по виноградной лозе», по ассоциации с сельским бедным населением, работавшим на полях.

5. *Pull out all the stops*

Пример: We have decided to pull out all the stops for our most cherished clients.

Значение: сделать все ради успеха

Происхождение: эта фраза указывает на орган (инструмент похожий на пианино, нередко можно увидеть в церквях). Если убрать «педали инструмента», орган начинает играть все звуки одновременно, создавая невероятно громкую музыку.

6. *Jump on the bandwagon*

Пример: In niche marketing, you have to go slow and steady rather than jump on the bandwagon.

Значение: начинать делать или поддерживать что-либо после того, как оно стало популярным либо успешным.

Происхождение: в 19-ом веке подножкой (bandwagon) называли тележку, на которой выступали уличные музыканты, обычно для рекламы бродячего цирка. Политики также использовали этот метод для предвыборной кампании.

7. Take it with a grain of salt

Пример: They say their plan must work, but I'd take it with a grain of salt.

Значение: принимать чьи-либо слова с неким недоверием и скептицизмом.

Происхождение: начиная с 77-го г. до н.э., в Римской Империи Плиний Старший нашел древнее лекарство от отравления, которое нужно было принимать с щепоткой соли, то есть побочные эффекты нейтрализовались свойствами соли.

8. Raise the bar

Пример: We need to raise the bar on the quality of goods.

Значение: поднимать планку, устанавливать более сложные цели или увеличить стандарты, по которым оценивается что-либо.

Происхождение: эта идиома связана с полевыми видами игр. И прыжки с шестом, и прыжки в высоту используют планку для определения способностей атлета. Чем выше планка, тем сложнее упражнение.

9. Blue collar

Пример: He was a blue-collar yet with aristocratic facial features.

Значение: рабочий класс

Происхождение: эта идиома используется с начала 20-ого века, когда разнорабочие надевали немаркую одежду преимущественно темных цветов (джинсовая ткань синего цвета или спецодежда синего цвета). Они предпочитали подобную одежду, так как часто пачкали ее и не могли позволить себе частую стирку.

10. Marzipan layer

Пример: Most of their invited guests were "marzipan layer", so nobody caught her attention.

Значение: среднее звено управления компании, которое считается лишним и не приносящим пользу [3, стр.21].

Происхождение: марципановый слой готовится из миндальной муки и сахарной пудры и в конфетах находится между глазурью и начинкой. Очевидно, по этой причине указывает на среднее звено управления.

11. In a nutshell

Пример: Owing to the shortness of time, I want to explain the situation in a nutshell.

Значение: вкратце

Происхождение: согласно блогу Oxford Dictionaries, идиома "in a nutshell" происходит от истории, датированной 77 г. н. э.: древнеримский

историк Плиний Старший утверждал, что поэма Гомера «Илиада» была написана на пергаменте настолько тонком, что свиток с поэмой легко помещался внутри скорлупки грецкого ореха [4].

12. Touch base

Пример: I will touch base with you later

Значение: связаться с кем-то, иметь короткий контакт для уточнения какой-либо информации.

Происхождение: эта идиома пришла из бейсбола, где бегун должен коснуться каждой базы, будучи непомеченным, прежде чем забег будет засчитан.

13. Meet a deadline

Пример: Our work will be paid as long as we meet the deadline.

Значение: закончить дело к определенному времени.

Происхождение: эта фраза появилась во время гражданской войны в Америке, когда заключенные содержались в лагерях без ограждений. Чтобы определить территорию заключения, на земле чертили линию, и, если заключенный пересекал эту линию, в него стреляли.

14. Go back to a drawing board

Пример: We should go back to the drawing board and reconsider the issue of staff training.

Значение: начинать заново и вернуться на стадию планирования.

Происхождение: эта идиома относится к американскому художнику Питеру Арно, который публиковал свои карикатуры в журнале *New Yorker*. В карикатуре 1941-го года изображен мужчина в деловом костюме, держащий плакаты с чертежами самолета в руках, покидающий место крушения самолета. В так называемом речевом пузыре сверху написано: «Back to the drawing board»

15. Elephant in the room

Пример: His drug addiction was the elephant in the room.

Значение: нечто очевидное, что никто не желает замечать.

Эта идиома взята из басни великого русского баснописца Ивана Крылова (1769-1844) «Любопытный». В этой басне рассказывается о том, как один мужчина посетил кунсткамеру, в которой увидел разных букашек и маленьких существ, однако не заметил слона. Позже эта фраза стала идиомой.

16. Red tape

Пример: Grants were easy to apply for without a lot of red tape.

Значение: бюрократия, бумажная волокита

Происхождение: термин, используемый для обозначения, казалось бы, бесконечного парада документов, который сопровождает

многие официальные дела, появился еще в старой Англии. Толстые юридические документы были переплетены или перевязаны красной матерчатой лентой. Так что, когда кто-то говорил о том, чтобы перерезать бюрократическую волокиту, они имели в виду это в самом буквальном смысле.

17. Hobson`s choice

Пример: In fact, getting a vaccine was a Hobson`s choice for them, otherwise they couldn`t leave the country.

Значение: ситуация, в которой, казалось бы, можно сделать выбор из нескольких, но на самом деле выбора нет.

Происхождение: говорят, что эта фраза возникла благодаря Томасу Хобсону, владельцу ливрейной конюшни в Кембридже, в Англии, который предлагал покупателям выбор: либо взять лошадь в ближайшем к двери стойле, либо вообще не брать ни одной.

18. Rule of thumb

Пример: As a rule of thumb, I drink a glass of warm water before taking meal.

Значение: практическое правило

Происхождение: закон Англии разрешал бить жен, при условии, что палка не должна быть толще пальца.

19. Writings on the wall

Пример: I can see the writings on the wall that this company is doomed.

Значение: предзнаменование или знак, предупреждающий о грядущих неприятностях.

Происхождение: эта идиома происходит из библейского рассказа о пире Валтасара, на котором в присутствии царя появляется рука и пишет на стене дворца. Испуганный царь призвал астрологов, халдеев и прорицателей и предложил награды тому, кто сможет истолковать написанное.

20. Minding your P`s and Q`s.

Пример: Unless you want some of the same, you just better mind your P`s and Q`s.

Эта фраза звучит тогда, когда взрослые поучают детей. Взрослые показывают, что они заботятся о детях, интересуются их проблемами, пытаются научить их поступать правильно. Этимология идиомы простая. В прошлые века в пабах наливали напитки посетителям в квартеры и пинты (мера объема и соответствующая посуда). Официанты зорко следили за посетителями, точно подсчитывая, кто и сколько заказывал напитков (пинты или квартеры, сколько порций).

21. Burn the candle at both ends.

Пример: I've been burning the candle at both ends to finish the project.

Значение: работать на износ; рано ложиться спать и рано просыпаться.

Происхождение: эта фраза была придумана американской поэтессой Эдной Сент-Винсент Миллей в 1920 году. Она взята из ее стихотворения "First Fig" – «Первая фига»: "My candle burns at both ends" – «Моя свеча горит с обоих концов».

22. A feather in one's hat

Пример: Emily managed to win a big contract for her company. It was a feather in her hat.

Значение: значительное достижение

Происхождение: в средневековой Европе пером награждали и прикрепляли к шляпе в знак значительного достижения. В некоторых странах, например, в Венгрии 16-го века считалось преступлением носить перо, если человек не заслужил право носить его.

23. An arm and a leg

Значение: это будет стоить вам руки и ноги.

Пример: That bracelet cost an arm and a leg.

Осы ретте балалар жылының аясында, балалардың сөйлеу тілін зерделеу мақсатында 2022-2024 жылдары Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінде ф.ғ.д., профессор А.Д. Жакупованың жетекшілігімен орындалып жатқан АР14869264 «Тұлғаны моно және билингвалды қалыптастыру жағдайындағы балалардың уәждемелік рефлексиясы» атты гранттық қаржыландырылған жобаны атап өтуге болады.

Кіріспе

Онтолингвистика – сөйлеу онтогенезін және балалардың сөйлеуін зерттеумен айналысатын тіл ғылымының бір саласы. «Бала сөйлеуді қалай үйренеді?», «Сөйлеу үшін қандай тілдік жүйені ойлап табады?» деген мәселердің бәрін онтолингвистика ғылымы зерттейді. Филология ғылымдарының докторы, профессор, А.И. Герцен балалар сөйлеу зертханасының меңгерушісі Стелла Цейтлин: «Терминнің өзі жақында пайда болды. Біз оны 1997 жылы конференциялардың бірінде ойлап таптық және ол тілдік айналымға енді. Батыста бұл термин кең таралмаған, оларда балалардың сөйлеу ғылымы «language acquisition, child language» деп аталады», – деген пікір білдірген [2].

Антропоөзектік бағытта зерделенетін балалар тілінің лингвистикасы өткен ғасырдың соңғы ширегінде дамыған жас ғылым саласы. Онтолингвистиканың зерттеу нысаны – баланың сөйлеу әрекеті болса, қарастыратын тақырыбы – балалардың ана тілін меңгеру процесі.

АҚШ-та ең алғашқы рет баланың айтқан сөзі мен ойына зерттеу жұмысын жүргізген ғалым – Станли Холл. Ғалымның зерттеуі неміс

философы Вильхайм Вундгтың ғылыми бағытындағы ойларына негізделген. Станли Холлдан бастап осы күнге дейін көптеген ғалымдар бала тілін жан-жақты зерттеп, онтолингвистика ғылымына үлес қосуда.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Бала тілін зерттеу Қазан лингвистикалық мектебінің өкілдері В.А. Богородицкий және И.А. Бодуэн де Куртенэ сынды ғалымдарды қызықтырған. 1897 жылы И. А. Бодуэн де Куртенэ балалар тілінің әр түрлі факторларын ғана зерттеуді талап етпей, сонымен қатар зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерді талдау үлгісін де қалдырған. Белгілі бір қоғамдағы балалар тілі сол қоғамдағы қалыптасқан тілдің өзгеруіне түрткі болады деген ойға сенімді болады және осы ойды ғалым В.А. Богородицкий құптайды. Ғалым өзінің бес баласының тілін зерттеу нысанасына алып, бақылап отырған, олардың тілдеріндегі өзгерістерді бақылау күнделігінде белгілеп, әрбір айтылған сөз не сөйлемдерінің мән-мағынасын ғана түсіндіріп қоймай, бұл айтылған сөздердің қандай жағдаятта қолданылғанын және сол кездегі баланың іс-әрекетін де белгілеген [3].

1931 жылы жазылып, 1934 жылы жарияланған Л.С. Выготскийдің «Мышление и речь» деп аталатын еңбегі балалардың тілін психологиялық тұрғыдан қарастырған Ж. Piaget зерттеулеріне сілтеме жасай отырып жазылған. Бірақ автор бұл жұмысты сол зерттеу барысында жиналған нәтижелерді лингвистикалық жағынан талдап, ойлау мен сөйлеуге қатысты теориялық зерттеуге әрі эксперименттік өңдеуге арнаған. Жұмыстың бірінші бөлімі сол мәселе бойынша ірі буржуазиялық психологтардың жұмысын бағалайтын сыни мақалалардан тұрады. Автордың 10 жыл бойы жүргізген зерттеуі ойлау мен сөйлеу проблемасын диалектико-материалистік түсіндіруге жақындаған жаңа жолдармен жүреді [4].

1965 жылы лингвист С.Д. Кацнельсон өзінің «Содержание слова, значение и обозначение» атты еңбегінде баланың санасындағы ұғымдар құрылымының даму үрдістері және баланың сөйлеу тілінің даму кезеңдерінің реттілігі «филогенетикалық схеманы жаңғыртатынын» атап өтеді. Баланың сөйлеу тілі лингвистер үшін лексиканың қалыптасу үрдісі мен көптеген тілдік құрылымдардың генезисін анықтауға мүмкіндік беретінін айтады. Баланың ойлауының әр түрлі кезеңдеріне түсінік бере отырып, Л.С.Выготскийге сілтеме жасайды [5, 33 б].

Орыс тіл білімінде онтолингвистиканың қалыптастырған ғалым А.Н. Гвоздев болып саналады. Ол 1928 жылы өзінің «Значение изучения детского языка для языкознания» деген мақаласын жазып, оны 1961

жылы жазылған «Вопросы изучения детской речи» монографиясына енгізеді [6]. Сонымен қатар, автордың «От первых слов до первого класса» деп аталатын бақылау күнделігі бар. Бұл күнделікте лингвист өзінің ұлының жеті жасқа дейінгі сөйлеуіндегі болған өзгерістерді жазып отырған. Кейіннен осы бақылау нәтижелерін өз зерттеу жұмысында да қолданады.

1991 жылдың қыркүйегінде А.И. Герцен атындағы Ресей мемлекеттік университетінде балалар сөйлеуінің (речь) кафедрасы ашылады. Жалпы тіл білімінде балалар тілін зерттейтін дербес сала – онтолингвистиканың қалыптасып, оның зерттелуіне жаңа леп бергенін атап өтуіміз қажет. Осы кафедра оқытушыларының зерттеулері негізінде жазылған мақалалар легі онтолингвистиканың маңызы мен зерттеу нысанын анықтап берді.

1998 жылы С.Н. Цейтлин «Онтолингвистика – новая научная дисциплина» (постоянно действующий экспериментальный семинар по детской речи) (Санкт-Петербург, 1995-1998 гг.) мақаласын жариялайды. Аталған мақалада жалпы онтолингвистиканың қалыптасу мен даму перспективасы, алғашқы балалар тілін зерттеген ғалымдар еңбегі мен қосқан үлестері баяндалады [7].

2008 ж. Т.А. Гридинаның «Языковая игра в художественном тексте» атты монографиясында автор балалардың «тілдік ойынын» алдыңғы қатарлы мәселе етіп талдайды. Баланың тіл шығармашылығын тану үшін «тілдік ойын» таптырмас құрал екенін айтып, оны нақты дәлелдермен саралап талдайды. Монографияда тілдік ойынның ассоциативті стратегиясын көркем мәтін саласында қолданылатын лингвистикалық іс-әрекеттің бір түрі ретінде түсіндіру ұсынылады [8, 165 б.].

«Баланың тілі» зерттеу не үшін өзекті екенін білу үшін 2011 ж. «Детская речь» мақалалардың жинағында «Бала тілінің психоллингвистикалық аспектіде зерттеу» (Психоллингвистические аспекты изучения детской речи) бөлімінде зерттеуші ғалым Т.А. Гридинаның «Психоллингвистические аспекты исследования детской «неологии» тақырыбымен басылған мақаласында бала тіліндегі «неологизмді» аңғару олардың ересек адамның санасына келмейтін ғажап сәйкестендіру мен ассоциация жасайтынына, сөздерді «өздерінің тілдік әлемінде» танып, жаңа сөздер тудыру қасиеті барлығына баса назар аударады. Эксперимент негізінде алынған нәтижелерді мысалға келтіре отырып дәлелдейді. Сөздер мен өзінің санасындағы когнитивтік аспекті бойынша байланыстар жасап, уәжделмеген сөздердің өзіне ассоциация тауып, өздерінше түсінік пен анықтама беруі таңғаларлық құбылыс екені немесе атауын әлі білмесе де, белгілі бір белгісі бойынша

баланың тіл шығармашылығының «мүмкіндіктеріне» нақты мысалдар арқылы дәлел көрсетіледі [9, 16 б].

Осы мақалалар жинағындағы келесі «Детская речь: новый взгляд на известные проблемы» атауымен зерттеуші ғалым Г.Р. Доброваның лингвистикалық экспериментте респонденттердің жауабы негізінде жазылған мақаласы бар. «Бала тілін» зерттеуде атсалысқан ғалымдардың аты-жөндері, олардың еңбектері жайлы сөз етеді. Ал терең тоқталатыны, онтолингвистиканың кенже дамыған ғылым болғандықтан, оның дау тудыратын және әлі зерттелмеген талай сұрақтары бар екені айдан анық. Бірақ, ғалым осы саладағы барынша зерттелген құбылыс – «детское окказиональное глагольное словосочетание» бойынша жинақталып, психоллингвистикалық эксперимент қорытындыларына сүйеніп жасалған тұжырымдарын алға тартады. Әрине, барлық көрсетілген қорытындылар орыс тілінің ерекшелігіне сай, оның етістіктерінің түрленулеріне байланысты балалардың «шығармашылығын» паш етеді [10, 27 б.].

Дәл осы алгоритм бойынша М.Л. Кусованың «Параметризация в детской речи» (2011 ж.) мақаласында балалар тіліндегі үстеу мен сын есімдердің қолданылуы мен балалардың сол сөздермен «қалай ойнағаны» туралы деректер келтірілген. Және зерттеу барысында балалар тілінде үстеулерге қарағанда, сын есімдердің көп қолданылатыны нақты сөздер арқылы дәлелденеді. Яғни, әлемді тани бастағанда өзіндік «Языковая картина мира» (ЯКМ) қазақша – тілдік әлем бейнесі қалыптаса бастайды, бірақ олар жеке сөздерді танығанмен оны орыс тілінде тек жағынан не «жіктелуі» жағынан байланыстыра алмаса, қазақ тілінде жұрнақ не жалғау жалғап сөз тіркесін не сөйлемді айтарда байланыстыра алмауы әбден мүмкін. Және осы жерден баланың нағыз «шығармашылығы» көрінуі мүмкін [11, 33 б.]. Осы мәселе бойынша, жоғарыда аталған ғалымдармен қатар, О.А. Михайлова мен Ю.Н. Михайловалардың «Детские речевые инновации» (2011 ж.) аталатын мақалаларында екі жыл көлемінде тек бір баланың тілінің дамуын зерттеу барысында байқалған өзгерістер мен инновацияларды бақылауға алған екен. Кішкентай Мишаға екі жарым жасынан 4 жарым жасқа дейінгі аралықта жеке бақылау жүргізген. Бала әлі ереженің не екенінен, сөздерді қалай байланыстыру керек екенінен хабарсыз. Сол себептен де сөздер арасындағы когнитивтік байланыстар кейбір кезде ересек адамның логикасына жат болып көрінеді. Яғни осы ойластыратын сөздері (туынды сөздер) баланың дамуында, әлемді тануында қазіргі уақытқа қарағанда едәуір жоғары деңгейге көтерілгенінің дәлелі болмақ [12, 38 б.].

2023 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистранты Г.Б. Ибатованың «Сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысында сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балаларға уақытылы кешенді түзету жұмыстарын ұйымдастыру және көрсету міндеттерін шешу мәселесі қарастырылған. Педагогиканың логопедия саласына қатысты жазылған жұмыс болғанымен, қазақ тілінің сөзжасам мәселесі мен жалпы сөйлеуінде кемістігі бар балаларда зерттеу нәтижесінде анықталған сөзжасамдық қабілеттерін дамытуға арналған әдістер мен нұсқаулықтар көрсетілген [13, 186 б.]. Өкінішке орай, қазақстандық ғылыми ортада балалар тілінің лексикалық жүйесін, метатілдік іс-әрекеттің игеру аспектісінде отандық тілшілер Қазақстанның көпмәдениетті қоғамында қалыптасатын моно және билингв балалардың тілдік санасының көрсеткіштеріне сүйене отырып, балалар тілін зерттемеген.

Осы тұрғыдан келгенде мақала авторларының зерделеп отырған моно және билингв балалар тілінің уәждемелік рефлексиясын зерттеуі өзекті болып отыр. Зерттеуде моно және билингв қоғамда қалыптасатын мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың метатілдік санасының көрсеткіштеріне сүйене отырып, психоллингвистика, когнитивтік лингвистика, онтогенез, «балалар инновациялары метатілінің» өзекті мәселелері контекстіндегі балалардың уәждемелік рефлексиясын салыстырмалы-уәждемелік тұрғыдан саралауға бағытталған.

Балалар сөйлеу тілінің уәждемелік рефлексиясын зерттеудің негізгі әдістері – тікелей бақылау, жүйелеу, интроспекция, интерпретация, жіктеу, статистикалық деректерді өңдеудің жалпы ғылыми әдістері бар сипаттамалық әдіс, психоллингвистикалық әдіс, компоненттік талдау әдісі, тілдік құбылыстарды когнитивті талдау әдісі (лексиканы тұжырымдамалық талдау әдісі), салыстырмалы әдіс, лингвистикалық модельдеу әдісі және үздіксіз іріктеу әдісі.

Талқылау және нәтижелер

Психоллингвистикалық экспериментке қатысқан 7-8 жастағы моно (РМҚ) және билингва (РБК) топтарындағы респонденттердің (әр топта он екіден) «Аққу» орнитонимін танудағы метасөйленімдеріне сараптамалық талдау жасап көрейік. Аққу сөзінің лексикалық мағынасы – «иілген ұзын мойынды, ақ қауырсынды, үйректер тобына жататын үлкен құс» [14,142 б.].

Кесте 1. «Аққу» орнитонимін танудағы метасөйленімдеріне сараптамалық талдау

монолингва	билингва
АҚҚУ	
ЛМ: ‘ұзын мойынды, ақ қауырсынды, өте сымбатты құс’	
<p>АҚҚУ «ақ түсті құс болғандықтан» (6) «аққу суда жүзеді» (4) «аққу әдемі құс» (2)</p> <p>УТ: АҚ/ҚУ СІТ₁ < УМ: ‘ақ < түсті> құс < болғандықтан>’ ЛУ₁: ақ, қу (құс) ҚУ₁: АҚбауыр, қара ҚҰС</p> <p>УТ: АҚҚУ СІТ₂ < УМ: ‘аққу <суда жүзеді>’ ЛУ₂: - ҚУ₂: -</p> <p>УТ: ақ/ҚУ СІТ₃ < УМ: ‘аққу < әдемі > құс’ ЛУ₃: қу (құс) ҚУ₃: қара ҚҰС</p> <p>СІТ: нұсқалы, лексикаланбаған, метафораланбаған</p> <p>УБ: аққу (АБ: түс) Уәждемелік тип: морфологиялық</p>	<p>АҚҚУ «түсі ақ құс» (5) «аққу әдемі құс» (3) «аққу көлде мекендейтін құс» (2) «аққу киелі құс» (2)</p> <p>УТ: АҚ/ҚУ СІТ₁ < УМ: ‘<түсі> ақ құс’ ЛУ₁: ақ, қу (құс) ҚУ₁: АҚбауыр, қара ҚҰС</p> <p>УТ: ақ/ҚУ СІТ₂ < УМ: ‘аққу <әдемі > құс’ ЛУ₂: қу (құс) ҚУ₂: қара ҚҰС</p> <p>УТ: ақ/ҚУ СІТ₃ < УМ: ‘аққу <көлде мекендейтін> құс’ ЛУ₃: қу (құс) ҚУ₃: ҚУ₂</p> <p>УТ: ақ/ҚУ СІТ₄ < УМ: ‘аққу <киелі > құс’ ЛУ₄: қу(құс) ҚУ₄: ҚУ₂</p> <p>СІТ: вариативті СІТ₁: лексикаланбаған, метафораланбаған СІТ₂: лексикаланған, метафораланбаған СІТ₃: лексикаланбаған, метафораланбаған СІТ₄: лексикаланған, метафораланбаған УБ: аққу (АБ: түс) Уәждемелік тип: морфологиялық</p>

Берілген уәждемелік паспорттан (төлқұжаттан) «Аққу» лексемасы экспериментке қатысқан 12 респондент арасында әртүрлі көзқарас қалыптастырғаны байқалады. Атап айтсақ, РМҚ тобындағы ақпарат берушілердің метатілдік санасының көрсеткіштеріне жасалған сараптамалық талдау, респонденттердің сөздің ішкі тұлғасын әртүрлі танығандығын көрсетті яғни он екі қатысушы он екі түрлі жауап берді, жауап бермеген қатысушы болған жоқ. Жауаптарды жүйелеу нәтижесінде үш түрлі сөздің ішкі тұлғасы (СІТ) анықталып, үш уәждемелік тұлға (УТ) мен үш уәждемелік мағына (УМ) танылды. Моно тобындағы респонденттер сөздің дыбыстық жамылғышын құрайтын әр түрлі бөлшекке (сегментке) назар аударады – УТ: АҚ/ҚУ. АҚҚУ. ақ/ҚУ. УМ-ға (уәждемелік мағына) жасалған талдау бойынша 6 респондент аққу тілдік бірлігінің толық уәжін таныған – УМ: *'ақ < түсті > құс < болғандықтан >'*, яғни ақпарат берушілер аққу сөзінің екі сегменттен тұратынына назар аударған, ақ және қу (құс) деген лексикалық және АҚбауыр, қара ҚҰС деген құрылымдық уәждерін анықтай білген. РМҚ тобындағы 4 ақпарат беруші *'аққу < суда жүзеді > деп когнитивтік білімін көрсеткен, алайда лексикалық және құрылымдық уәжділігін анықтай алмаған.* Ал екі қатысушы *'аққу < әдемі > құс'* деп қу сегментінің құс екенін таныған, сөздің соңғы сегментін ерекшелеп, жартылай уәждемеленген сөз ретінде қабылдаған әрі орнитонимге қатысты танымдық білімін көрсеткен. Лексикалық уәжділік ретінде қу(құс) танылып, құрылымдық уәжділігіне қара ҚҰС көрсетілген.

РМҚ тобының қатысушылары анықтаған үш СІТ-ке жасалған талдау нәтижесінде АҚҚУ сөзі нұсқалы, лексикаланбаған, метафораланбаған, лексикалық және құрылымдық уәжі анықталған толық уәждемеленген сөз деп қабылдауға мүмкіндік береді. Уәждемелік белгісі – аққу, атауыштық белгісі – түс, уәждемелік типі – морфологиялық уәж екендігі анықталды.

АҚҚУ сөзін билингва тобындағы респонденттерінің тануына жасалған сараптамалық талдаудың нәтижесі бойынша: экспериментке қатысушы он екі респондент СІТ тануда жауаптарының ұқсастығына қарай ортақ төрт түрлі көзқарас білдірген, соның нәтижесінде төрт түрлі СІТ, екі түрлі УТ: АҚ/ҚУ, ақ/ҚУ; төрт түрлі УМ анықталған: бес респондент *'< түсі > ақ құс'*; үш респондент *'аққу < әдемі > құс'*; екі респондент *'аққу < көлде мекендейтін > құс'*; екі респондент *'аққу < киелі > құс'*. Барлық ақпарат беруші лексикалық уәжділігі ретінде ақ, қу (құс) (5) және қу (құс) (7) және құрылымдық уәжділікке АҚбауыр, қара ҚҰС бірліктерін көрсеткен. Сондықтан РМҚ тобының сараптамалық талдауы нәтижесінде АҚҚУ лексемасын СІТ_{1,2,3} лексикаланбаған,

метафораланбаған, СІТ₄ лексикаланған, метафораланбаған, вариативті, уәждемелік белгісі – аққу, атауыштық белгісі – түс, уәждемелік типі:лингвистикалық – морфологиялық уәж деп сипатталып, лексикалық және құрылымдық уәждері бар толық уәждемеленген сөз екендігін танытты.

Экспериментке қатысқан екі топтың салыстырмалы уәждемелік паспорты негізінде моно және билингва тобындағы респонденттерге ортақ метасөйленімдер кездескенін байқатты:

Кесте 2. Моно және билингва тобындағы респонденттерге ортақ метасөйленімдер

РМҚ 12 респондент	РБҚ 12 респондент
ОРТАҚ(МАҒЫНАЛАС) МЕТАСӨЙЛЕНІМДЕР	
«ақ түсті құс болғандықтан» (6 ; 50%)	«түсі ақ құс» (5; 42%)
«аққу суда жүзеді» (4 ; 33%)	«аққу көлде мекендейтін құс» (2; 17%)
«аққу әдемі құс» (2; 17%)	«аққу әдемі құс» (3; 25%)
ЕРЕКШЕЛІК	
	«аққу киелі құс» (2; 16%)

Қорытындылай келе РМҚ тобының алты респонденті он екіден (50%) ақ және құ(құс) бірліктерін толық таныса, 4-12 (33%) аққу сөзін тұтасымен қабылдаған, 2-12(17%) тек қу(құс) сегментін даралаған, ақ сыңарына назар аудармаған және түсті маңызды деп қарамағандығы байқалады. Ал РБҚ тобы бес респонденті он екіден (42%) ақ құс деп уәжді толық анықтап берген, 7-12(58%) тек қу (құс) сыңарына 5 ғана назар аударған, түсті айшықтамаған. Екі топтың орнитоним жайлы ассоциативті көзқарастары сараланды, когнитивтік білім көкжиегі айқындалды, құс жайлы аялық білімдері бар екендігі танылды, синонимдік қатарлар: гипероним қу/құс қолдану анықталды, аққуды балалар сұлулық символы ретінде қабылдайтындары байқалды, сонымен қатар РБҚ тобы аққудың киелі құс екендігін танып, табу ретінде зерделей білген.

Келесі кезекте 9-10 жастағы моно (МРҚ) және билингва (БРҚ) топтарындағы респонденттердің (әр топта он екіден) «Ана тілі» лексемасын танудағы метасөйленімдеріне сараптамалық талдау:

Кесте 3. «Ана тілі» лексемасын танудағы метасөйленімдер

монолингва	билингва
<p>АНА ТІЛІ «анамның сүтімен енген тіл» (2) «анамның тілі болғандықтан шығар (?)» (2) «ана тіліміз біздің қазақ тіліміз» (2) «әркімнің өз ана тілі болады» (2) «мемлекеттік тіл» (1) «қасиетті тіл» (1) «сөздерді анам үйретеді» (1) «бастауыш сыныпта ана тілі сабағы бар» (1)</p> <p>УТ: АНА ТІЛІ СІТ₁ < УМ: 'анамның <сүтімен енген> тіл' ЛУ₁: ана тілі ҚУ₁: АНАКӨКІРЕК, қазақ ТІЛІ</p> <p>УТ: АНА ТІЛІ СІТ₂ < УМ: 'анамның тілі <болғандықтан шығар(?)>' ЛУ₂: ана тілі ҚУ₂: ҚУ₁</p> <p>УТ: АНА ТІЛІ СІТ₃ < УМ: 'ана тіліміз <біздің > қазақ тіліміз' ЛУ₃: ана тілі ҚУ₃: ҚУ₁</p> <p>УТ: АНА ТІЛІ СІТ₄ < УМ: '<әркімнің өз> ана тілі <болады >' ЛУ₄: ана тілі ҚУ₄: ҚУ₁</p> <p>УТ: ана /ТІЛІ СІТ₅ < УМ: '<мемлекеттік> тіл' ЛУ₅: тіл ҚУ₅: қазақ ТІЛІ, неміс ТІЛІ, орыс ТІЛІ</p> <p>УТ: ана /ТІЛІ СІТ₆ < УМ: '<қасиетті> тіл' ЛУ₆: тіл ҚУ₆: ҚУ₅</p> <p>УТ: АНА/ тілі СІТ₇ < УМ: '<сөздерді> анам <үйретеді>' ЛУ₇: ана ҚУ₇: АНАдай, АНАлық</p>	<p>АНА ТІЛІ «анадай қасиетті, жылы тіл» (5) «туған жеріңнің тілі» (3) «тілді бірінші анам үйретеді» (2) «анадан тараған тіл болғандықтан шығар (?)» (2)</p> <p>УТ: АНА ТІЛІ СІТ₁ < УМ: 'анадай <қасиетті, жылы> тіл' ЛУ₁: ана, тіл ҚУ₁: АНАКӨКІРЕК, қазақ ТІЛІ</p> <p>УТ: ана/ТІЛІ СІТ₂ < УМ: '<туған жеріңнің> тілі' ЛУ₂: тіл ҚУ₂: қазақ ТІЛІ</p> <p>УТ: АНА ТІЛІ СІТ₃ < УМ: 'тілді <бірінші> анам <үйретеді>' ЛУ₃: ана, тіл ҚУ₃: ҚУ₁</p> <p>УТ: АНА ТІЛІ СІТ₄ < УМ: 'анадан <тараған> тіл <болғандықтан шығар (?)>' ЛУ₄: ана, тіл ҚУ₄: ҚУ₁</p> <p>СІТ: нұсқалы СІТ₁: лексикаланған, метафораланған СІТ₂: лексикаланбаған, метафораланбаған СІТ₃: лексикаланған, метафораланбаған СІТ₄: лексикаланған, метафораланбаған</p> <p>УБ: ана, тіл (АБ: туған тіл) Уәждемелік тип: морфолог., семантикалық</p>

<p>А УТ: АНА ТІЛІ СІТ₈ < УМ: '<бастауыш сыныпта> ана тілі <сабағы бар>' ЛУ₈: ана тілі ҚУ₈: ҚУ₂</p> <p>СІТ: вариативті СІТ₁: лексикаланған, метафораланбаған СІТ₂: лексикаланған, метафораланбаған СІТ₃: лексикаланған, метафораланбаған СІТ₄: лексикаланған, метафораланған СІТ₅: лексикаланған, метафораланбаған СІТ₆: лексикаланған, метафораланбаған СІТ₇: лексикаланған, метафораланбаған СІТ₈: лексикаланған, метафораланған</p> <p>УБ: ана, тіл (АБ:туған тіл) Уәждемелік тип: морфолог., семантикалық</p>	
---	--

Ана тілі лексемасына 9-10 жастағы респондентердің тілдік санасындағы көрсеткіші монолингва тобында 12 метасөйленім 8 топқа, билингва тобында 12 метасөйленім 4 топқа топтастырылды.

Психоллингвистикалық экспериментке қатысушылар тарапынан «Ана тілі» сөзіне әртүрлі түсініктеме берілгенін уәждемелік паспорт көрсетеді: МРҚ тобы бойынша: СІТ-8, УТ-3, УМ-8. Тоғыз респондент – УТ: АНА ТІЛІ (СІТ_{1,2,3,4,8}) сөзін тұтастай таныса; екі респондент – ана / ТІЛІ (СІТ_{5,6}) яғни тіл сегментіне назар аударған; ал бір респондент – АНА/ тілі (СІТ₇) ана сегментін ерекшелеген.

Монолингва тобындағы 4 респонденттің метасөйленімдерінде «ана тіліміз біздің қазақ тіліміз» (2), «әркімнің өз ана тілі болады» (2) деген көзқарастары «Ана тілі» реестр сөзіне берілген анықтамамен сәйкес келеді де «өз ұлтының тілі» деген мәнде танылады. Ал «сәби кезінде меңгерген, ана сүтімен бойына дарыған тілі» деген сөздіктегі анықтамамен «анамның сүтімен енген тіл» (2), «сөздерді анам үйретеді» (1) деген метасөйленімдері негізінде ана тілі сөзі толық танылып уәждемеленді.

Баланың тілдік санасында ана тілі ұғымы ең алдымен ана бейнесімен ассоциацияланады. Мысалы, ана тілі сөзін қабылдауда тіл тұтынушының тілдік санасында осы сөзге негіз болған лексикалық уәжділік пен құрылымдық уәжділік арасындағы байланысы анықталады: ана тілі – ана сүті; Анаға тән қасиеттер талдау нысаны болып отырған сөздің бойына жинақталады: ана баланы дүниеге әкеледі (туады), баланың дені сау болып өсуіне ана сүті қажет. Ол сүт – қасиетті. Қасиетті ана сүті баланың бойын өсірсе, ана сүтімен дарыған ана тіл баланың

ойын да өсіреді. Әлемнің тілдік бейнесін танытушы, тілді үйретуші әрі тәрбиелеуші ана болып табылады. Осы тұрғыдан, тіл тұтынушының тілдік санасында ана мен тіл егіз ұғым ретінде қалыптасады. Осы когнитивтік деңгейдегі түсінік «қасиетті тіл» (1) метасөйленімдері негізінде вербалданады. Ана сүтімен тәрбиеленген бала туған жерін жақсы көреді, өз ұлтын дәріптейді, тілін құрметтейді. Ана бойындағы жылылық, қасиеттілік, тектілік сол туған елдің тілдік мәртебесінің асқақтауына ықпал етеді. Ана мен тіл концепциясы негізінде іргесі мықты мемлекет құрылады, ана тілі сол мемлекеттің сөйлеу тіліне айналады. Әрине мемлекет ішінде түрлі ұлттың өмір сүруі анық, бірнеше тіл қатар қолданысқа ие болып, көптілділіктің қалыптасуы мүмкін, дегенмен сол жердің туған тілі, ана тілі жергілікті халықтың тілдік қолданысын арттырып, «мемлекеттік тіл» метасөйленімі негізінде вербалданады. Осы топтағы кейбір респонденттер ана тілі лексемасын «бастауыш сыныпта ана тілі сабағы бар» (1) метасөйленімдерінде полисемиялық негізде түсініп, мектепте оқытылатын пән атауы ретінде қабылдайды. Ана тілі лексикалық бірлігінің уәжділік дәрежесін анықтауда ана мен ана тілі ұғымдарының арасындағы когнитивтік байланысты тануда сенімсіздік танытатын «*анамның тілі болғандықтан шығар (?)*» (2) деген мазмұндағы метасөйленімдер де кездеседі.

Монолингва тобының «Ана тілі» сөзін танудағы көзқарастарына жасалған талдау негізінде, аталған сөзді жартылай уәждеделген, вариативті, лексикаланған, жартылай метафораланған, лексикалық және құрылымдық уәждері айқындалған, морфологиялық және семантикалық типке негізделген әр түрлі бағыттағы көпуәжді сөз деп тануға мүмкіндік береді.

БРҚ тобы респонденттерінің метатілдік санасы көрсеткіштерінің нәтижесінде анықталған – СІТ-4, УТ-2, УМ-4. Тоғыз респондент – УТ: АНА ТІЛІ (СІТ_{1,3,4}) сөзін тұтастай таныса; үш респондент – ана /ТІЛІ (СІТ₂) яғни тіл сегментін даралаған.

Ана тілі сөзін билингва тобындағы 5-12-ден 42% респондент «*анадай қасиетті, жылы тіл*» деген метасөйленімдері негізінде сипаттап, қазақ дүниетанымындағы құндылықтар жүйесімен байланыстырып, метафоралық мәнде қабылдайды. Талданып отырған лексикалық бірлік «*тілді бірінші анам үйретеді*» (2-12-ден 17%), «*анадан тараған тіл болғандықтан шығар (?)*» (2-12-ден 17%), деген метасөйленімдерде лексикалық уәжділік ретінде ана бірлігін таниды. Осы топтағы 3-12-ден 25% респондент «*туған жеріңнің тілі*» деген метасөйленімдерінде ана тілін туған жермен байланысты алып, оны жермен, халықпен байланысты қарастырады. Билингва тобының «Ана

тілі» сөзін танудағы көзқарастарына жасалған талдау негізінде, аталған сөзді толық уәждеделген, нұсқалы, лексикаланған, метафораланбаған, лексикалық және құрылымдық уәждері айқындалған, морфологиялық және семантикалық типке негізделген сөз деп танылады.

Талдау негізінде аталған екі топ респонденттеріне тән ортақ сипаттар мен айырмашылықтар да назардан тыс қалмады.

Монолингва респонденттердің *«ана тіліміз біздің қазақ тіліміз»* (2-12-ден 17%), *«мемлекеттік тіл»* (1-12-ден 0,1 %) және билингва тобындағы *«туған жеріңнің тілі»* (3-12-ден 25%) метасөйленімдеріне ортақ *«туған тіл»* атауыштық белгісі танылады.

Екі топтағы респонденттердің ана тілін монолингва *«қасиетті тіл»* (1-12-ден 0,1%), билингва *«анадай қасиетті, жылы тіл»* (5-12-ден 42%) және *«сөздерді анам үйретеді»* (1-12-ден 0,1%), *«тілді бірінші анам үйретеді»* (2-12-ден 17%) деген метасөйленімдерінде де ортақ сипат бар. Монолингвалды топтағы респонденттердің таным көкжиегінің кеңдігі, ассоциациялық бейне байлығын *«анамның сүтімен енген тіл»* (2-12-ден 17%) деген метасөйленімі танытады. Ол тілдің ана сүтімен байланысы арқылы ашылады. Осы топтағы тағы бір ерекшелік – *«бастауыш сыныпта ана тілі сабағы бар»* (1-12-ден 0,1%) метасөйленімі.

Ана тілі лексикалық бірлігі уәждеделген, лексикалық уәжділігі ана тілі, тіл сөздері, құрылымдық уәжділігіне АНАКӨКІРЕК, қазақ ТІЛІ сөздері жатады. Қазақ тіліндегі анакөкірек сөзіндегі көкірек адамның кеудесі, әйелдің төсі ұғымында жұмсалып, дене мүшесі тобына жатса, кейін сөздікқорда ана көкірек поэтикалық қолданыста ананың мейрімді, қайырымды жүрегі деген метафоралық мағынаны қосып алды. Ана тілі деген лексикалық бірліктегі екінші «тіл» сыңары алғашында дене мүшесі – сөйлеу мүшесі дегенді білдіреді. Кейін метафораланып, қатынас құралы мағынасына өткен.

Қорытынды

Аққу, ана тілі лексемаларын тануда моно және билингвалды балалардың уәждемелік рефлексиясының мазмұны уәждемелік-салыстырмалы талдау арқылы зерделенді. Талдау барысында монолингва тобындағы респонденттер ұсынылған тілдік бірлікті толық түсінетіні және когнитивті ассоциациясының кеңдігін көрсетеді. Ал билингвалды балалардың уәждемелік рефлексиясын саралау барысында лексиканың уәждеделген қабатын түсіну стратегиясындағы шектеулік байқалады. Эксперимент барысында бала тіліндегі УР механизмі метатілдік санасының мазмұны тұрғысынан зерттелді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала 2022-2024 жылдарға арналған АР14869264 «Тұлғаның моножәне билингвальді жағдайда қалыптасудағы баланың уәждемелі рефлексиясы» атты ҚРҒЖБМ гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырып жатқан жоба аясында жазылған.

ӘДЕБИЕТ

[1] https://www.inform.kz/kz/kr-prezidenti-2022-zhyldy-balalar-zhyly-dep-zhariyalau-kerek_a3880690.

[2] Цейтлин С.Н. Язык и ребенок: лингвистика детской речи. – Москва, 2000. – 254 с.

[3] Бодуэн де Куртенэ И. А. Избранные труды по языкознанию. 1-т. – Москва, 1963. – С. 349-350.

[4] Выготский Л.С. Мышление и речь. – Москва, Ленинград: Государственное социально – экономическое издательство, 1934. – 362 с.

[5] Канцнельсон С. Д. Содержание слова, значение и обозначение/ под общ.ред. В.М. Жирмунского, М. М. Гухман, С.Д. Кацнельсона. Изд. 3-е. – Москва: Едиториал УРСС, 2011. – 112 с.

[6] Гвоздев А. Н. Вопросы изучения детской речи. – Москва, АПН РСФСР, 1961. – 470 с.

[7] Цейтлин С.Н. Онтолингвистика – новая научная дисциплина // Вестник Российского гуманитарного научного фонда. 1998. – С.198-201.

[8] Гридина Т. А. Языковая игра в художественном тексте. Монография. – Екатеринбург, 2008. – 165 с.

[9] Гридина Т.А. Психоллингвистические аспекты исследования детской «Неологии» // Сборник статей по детской речи. –2011. – №9. – С. 3-16.

[10] Доброва Г. Р. Детская речь: новый взгляд на известные проблемы // Сборник статей по детской речи. –2011. – №9. – С.18-27.

[11] Кусова М. Л. Параметризация в детской речи // Сборник статей по детской речи. –2011. – №9. – С. 28-33.

[12] Михайлова О. А., Михайлова Ю. Н. Детские речевые инновации // Сборник статей по детской речи. –2011. – №9. – С. 34-38.

[13] Ибатова Г. Б. Сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту. 2023. -186 б.

[14] Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Он томдық,1-том. /Жалпы редакцияны басқарған Ысқақов А.Ы.Томның редакторы Қалиев Б.Қ. – Алматы: Ғылым баспасы, 1974. – 696 б.

REFERENCES

- [1] https://www.inform.kz/kz/kr-prezidenti-2022-zhyldy-balalar-zhyly-dep-zhariyalau-kerek_a3880690. [In Kaz.].
- [2] Cejtlin S.N. Jazyk i rebenok: lingvistika detskoj rechi. (Language and child: linguistics of children's speech) . Moskva, 2000. 254 s. [In Rus.].
- [3] Bodujen de Kurtenje I. A. Izbrannye trudy po jazykoznaniju (Selected works on linguistics). 1-t. Moskva, 1963. 349-350 s. [In Rus.].
- [4] Vygotskij L. S. Myshlenie i rech' (Thinking and speech). Moskva, Leningrad: Gosudarstvennoe social'no – jekonomicheskoe izdatel'stvo. 1934. 362 s. [In Rus.].
- [5] Kancel'son S. D. Soderzhanie slova, znachenie i oboznachenie (The content of the word, meaning and designation)/pod obshh.red. V.M. Zhirmunskogo, M. M. Guhman, S. D. Kacnel'sona. Izd. 3-e. Moskva: Editorial URSS, 2011. 112 s. [In Rus.].
- [6] Gvozdev A. N. Voprosy izuchenija detskoj rechi (Questions of studying children's speech). Moskva, APN RSFSR, 1961. 470 s. [In Rus.].
- [7] Cejtlin S.N. Ontolingvistika – novaja nauchnaja disciplina (Ontolinguistics is a new scientific discipline) //Vestnik Rosijskogo gumanitarnogo nauchnogo fonda. 1998. S.198-201 [In Rus.].
- [8] Gridina T. A. Jazykovaja igra v hudozhestvennom tekste (Language game in a literary text). Monografija. Ekaterinburg, 2008 zh. 165 s. [In Rus.].
- [9] Gridina T. A. Psiholingvisticheskie aspekty issledovanija detskoj «Neologii» (Psycholinguistic aspects of the study of children's "Neology") // Sbornik stat'ej po detskoj rechi. 2011. №9. S. 3-16. [In Rus.].
- [10] Dobrova G. R. Detskaja rech': novyj vzgljad na izvestnye problemy (Children's speech: a new look at known problems) // Sbornik stat'ej po detskoj rechi. 2011. №9. S.18-27 [In Rus.].
- [11] Kusova M. L. Parametrizacija v detskoj rechi (Parameterization in children's speech) // Sbornik stat'ej po detskoj rechi. 2011. №9, zh. S. 28-33. [In Rus.].
- [12] Mihajlova O. A., Mihajlova Ju. N. Detskie rechevye innovacii (Children's speech innovations) // Sbornik stat'ej po detskoj rechi, 2011. №9. S. 34-38 [In Rus.].
- [13] İbatova G. B. Söileu tılı damymağan mektep jasyna deingi balalardyñ sözjasam dağdylaryn damytu (Development of Word formation skills of preschool children with speech underdevelopment). Алматы. 2023.186 b. [In Kaz.].
- [14] Qazaq tiliniñ túsındırme sözdığı (Explanatory Dictionary of the Kazakh language). On tomdyq.1-tom. /Jalpy redaksiyany basqarğan Ysqaqov A.Y. Tomnyñ redaktory Qaliev B.Q. Almaty: Ğylym baspasy, 1974. 696 b. [In Kaz.].

ОНТОЛИНГВИСТИКА И МОТИВАЦИОННАЯ РЕФЛЕКСИЯ ДЕТСКОЙ РЕЧИ

*Жакупова А.Д.¹, Жумагулова О.А.², Каирбекова И.С.³,
Глеубердина Г.Т.⁴

¹д.ф.н., профессор, Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова,
Кокшетау, Казахстан, e-mail: aygul.zhakupova@yandex.kz,

²к.ф.н., доцент, Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова,
Кокшетау, Казахстан, e-mail: j_omirgul_a@mail.ru,

³м. ф., лектор, Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова,
Кокшетау, Казахстан, e-mail: kairbekova_1966@mail.ru,

⁴к.ф.н., ассоциированный профессор, Кокшетауский университет
им. Ш. Уалиханова, Кокшетау, Казахстан,
e-mail: guldentleuberdina@inbox.ru

Аннотация. Статья написана в рамках проекта «Мотивационная рефлексия детей в формировании моно-и билингвального формирования личности», осуществляемого при грантовом финансировании Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на 2022-2024 годы. В статье представлены теоретические сведения по онтолингвистике, одной из областей языкознания, изучающей языковой онтогенез детей, речь детей, и описание алгоритмов анализа в изучении детского языка. В мировой лингвистической науке описывается история изучения языкового и метаязыкового сознания детей, проблемы онтолингвистики в отечественной науке. Дается обзор научно-теоретических работ, статей отечественных и зарубежных ученых, изучавших данную область. Мотивационная рефлексия рассматривается как объект сравнительной мотивации как лингвокогнитивного явления. Научно-практическая значимость статьи обусловлена ориентацией на сравнительно-мотивационную дифференциацию мотивационной рефлексии детей в контексте актуальных проблем психолингвистики, когнитивной лингвистики, онтогенеза, «метаязыка детских инноваций», исходя из показателей метаязыкового сознания детей дошкольного и младшего школьного возраста, формирующихся в моно-и двуязычном обществе Казахстана. В статье в исследовании мотивационной рефлексии детской речи использованы описательный метод с общенаучными методами обработки статистических данных, психолингвистический метод, метод компонентного анализа, метод когнитивного анализа языковых явлений, сравнительный метод, методы лингвистического моделирования.

Основные результаты статьи анализируются и описываются в мотивационных паспортах метапредложения к словам, предложенным в первом психолингвистическом эксперименте, проведенном в рамках проекта. Представлен методологический аспект исследования, основанный на метаязыковом сознании детей посредством проведения психолингвистических и лингвистических экспериментов. Мотивационная рефлексия рассматривается как универсальное свойство метаязыкового мышления человека. В языке ребенка предусмотрено освоение словообразовательных новшеств и грамматических категорий (формирование с появлением классов слов). В психолингвистическом эксперименте, в котором отслеживалась метаязыковая деятельность ребенка и восприятие книги, проводился мотивационно-сравнительный анализ мотивационных паспортов слов «Лебедь» и «Родной язык», представленных в зависимости от возраста детей разного возраста в моно-и двуязычной группах.

Ключевые слова: онтолингвистика, мотивология, детская инновация, мотивационная рефлексия, билингв, монолингв, респондент, мотивационный тип, психолингвистический эксперимент

ONTOLINGUISTICS AND MOTIVATIONAL REFLECTION OF CHILDREN'S SPEECH

*Zhakupova A.D.¹, Zhumagulova O.A.², Kairbekov I.S.³,
Tleuberdina G.T.⁴

¹Doctor of Philology, Professor, Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov, Kokshetau, Kazakhstan, e-mail: aygul.zhakupova@yandex.kz,

²Candidate of Philology, Associate Professor, Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov, Kokshetau, Kazakhstan, e-mail: j_omirgul_a@mail.ru

³f. m, lecturer, Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov, Kokshetau, Kazakhstan, e-mail: kairbekova_1966@mail.ru

⁴Candidate of Philology, Associate Professor, Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov, Kokshetau, Kazakhstan, e-mail: guldentleuberdina@inbox.ru

Abstract. The article was written within the framework of the project «Motivational reflection of children in the formation of mono- and bilingual personality formation» carried out with grant funding from the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2022-2024. The article presents theoretical information on ontolinguistics, one of the fields of linguistics that studies the linguistic ontogenesis of children, children's speech, and a description of analysis algorithms in the study of

children's language. Also, the world linguistic science describes the history of the study of linguistic and metalanguage consciousness of children, the problems of ontolinguistics in Russian science. The review of scientific and theoretical works, articles of domestic and foreign scientists who have studied this field is given, and motivational reflection is considered as an object of comparative motivation as a linguocognitive phenomenon. The scientific and practical significance of the article is due to the orientation to the comparative-motivational differentiation of motivational reflection of children in the context of current problems of psycholinguistics, cognitive linguistics, ontogenesis, "metalanguage of children's innovations", based on the indicators of metalanguage consciousness of preschool and primary school children, formed in the mono- and bilingual society of Kazakhstan. In the article, in the study of motivational reflection, children's speech is used - a descriptive method with general scientific methods of statistical data processing, a psycholinguistic method, a method of component analysis, a method of cognitive analysis of linguistic phenomena, a comparative method, methods of linguistic modeling.

The main results of the article are analyzed and described in the motivational passports of meta-suggestions to the proposed words in the first psycholinguistic experiment conducted within the framework of the project. The methodological aspect of the study based on the metalanguage consciousness of children through psycholinguistic and linguistic experiments is presented. Motivational reflection is considered as a universal property of a person's metalanguage thinking. The child's language provides for the development of word-formation innovations and grammatical categories (formation with the appearance of word classes). In a psycholinguistic experiment in which the metalanguage activity of the child and the perception of the book were monitored, a motivational comparative analysis of the motivational passports of the words «Swan» and «Native language», presented depending on the age of children of different ages in mono- and bilingual groups, was carried out.

Key words: ontolinguistics, motivology, children's innovation, motivational reflection, bilingual, monolingual, respondent, motivational type, psycholinguistic experiment

Статья поступила 25.07.2023

УДК 81'33:811.512.122

МРНТИ 16.21.31

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.70.3.005>

ОПТИМАЛЬНЫЙ ВАРИАНТ КАЗАХСКОГО АЛФАВИТА НА ОСНОВЕ ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКИ

* Илиуф Х.Ш.¹, Солтанбекова О.Т.²

*¹ к.ф.н., Университет им. Шакарима, Семей, Казахстан,
e-mail: murat_20@mail.ru,

² к.п.н., доцент, Университет им. Шакарима, Семей, Казахстан,
e-mail: osoltanbekova@mail.ru

Аннотация. В последние десятилетия казахские ученые неоднократно обсуждали вопрос возврата к латинской графической системе, приводя в пользу необходимости реформы письменности убедительные аргументы. Высказывались и противоположные мнения, в основе которых лежало убеждение в том, что латинский алфавит значительно уступает кириллице в потенции правильно отражать звучание тюркских слов [1, с. 183]. Указ Президента Республики Казахстан «О переводе алфавита казахского языка с кириллицы на латинскую графику» (2017) свел на нет полемику по указанной теме, и на первый план вышла проблема разработки оптимального варианта латиницы, адекватного тюркской фонетике.

Актуальность данной работы определяется потребностью в разработке оптимального варианта латиницы и правил орфографии, основанных на фонематическом принципе написания слов. Научная значимость заключается в освещении проблемы разработки нового алфавита, в выявлении просчетов, допущенных в ранее предложенных для казахского языка вариантах латиницы, и в использовании методологии, соответствующей цели и задачам научной статьи; результаты исследования имеют несомненное практическое значение – они могут быть использованы при выборе и утверждении наиболее приемлемого варианта национальной графики.

В статье, посвященной проблеме реформирования графической системы, были использованы методы: контрастивный, компаративный и фонематического транскрибирования. Рассмотрены примеры написания казахских слов с использованием символов арабского, латинского алфавитов и кириллицы, а также предлагаемых в наше время вариантов латиницы.

Предлагается решение проблемы реформирования системы письма с учетом грамматологической концепции Антуана Арно и Клода Лансло, изложенной в труде "Всеобщая и рациональная грамматика Пор-Рояля", а именно учет принципа "одна фонема – один буквенный символ" при разработке нового алфавита. Обращено внимание на противоречащие данному принципу предложения некоторых отечественных филологов: ввести в новый алфавит графемы, обозначающие двузвучия /iy/ и /iy/, /uw/ и /üw/, использовать букву е для передачи фонемы /e/ и сочетания согласного /y/ и гласного /e/.

Авторы статьи полагают, что оптимальным является предложение использовать при реформировании казахской письменности турецкий вариант латиницы, с добавлением в алфавит пяти букв ä, ñ, q, w, x, а также с использованием знака с для обозначения аффрикаты /ts/, встречающейся в словах-интернационализмах.

Ключевые слова: графема, фонема, латиница, арабская графика, казахский алфавит, орфография, орфоэпия, заимствованные слова

Основные положения

С опубликованием Указа Президента Республики Казахстан от 26 октября 2017 года № 569 "О переводе алфавита казахского языка с кириллицы на латинскую графику" завершилась полемика между сторонниками и противниками реформирования казахской письменности. Теперь все усилия лингвистов и иных лиц, неравнодушных к судьбе родного языка, направлены на решение проблемы разработки оптимального варианта латиницы.

Подготовленный специальной рабочей группой и представленный в сентябре 2017 года на заседании парламента графический проект с 25 буквами и 8 диграфами [2], затем – утвержденный вышеупомянутым указом вариант с использованием апострофов [3] вызвали обоснованную критику по ряду причин, в числе которых следует назвать нарушение принципа соответствия одного буквенного знака одной фонеме. 19 февраля 2018 года в этот указ были внесены изменения в части приложения к нему [4]. Однако и новую редакцию системы письма нельзя признать удачной.

Отмечая ориентацию предлагаемых ныне вариантов на практичный и релевантный турецкий алфавит, следует сказать, что в них имеются те или иные просчеты, допущенные по причине недостаточного понимания некоторыми инициативными лицами фонологической системы казахского языка и игнорирования исторической связи фонетики с графемикой.

Введение

При разработке новой алфавитной системы не всегда учитывается традиционное соответствие той или иной буквы определенной фонеме [5]. Например, буква *y* в английском языке часто коррелируется согласным звуком /y/: *day*, буква *j* соотносится со звуком /j/: *John*, графема *w* – с согласным/w/: англ. *water, well, while*, казахск. *wotan* ‘родина’, *taw* ‘гора’, *suw* ‘вода’, *alıw* ‘взятие’, *beriw* ‘даяние’, знак *c* перед буквами *e* и *i* соответствует аффрикате /ts/ в немецком языке, символ *x* в испанском, азербайджанском языках и в интернациональном фонетическом алфавите обозначает фрикативный согласный /h/. Все эти знаки присутствуют на стандартной компьютерной клавиатуре, поэтому следует их использовать надлежащим образом при разработке казахского варианта латиницы.

Влиянием ментальных стереотипов, возникших в результате многолетнего пользования кириллицей, можно объяснить наличие в представленном доктором филологических наук А. Хайдари проекте нового казахского алфавита буквы *ı* для обозначения дифтонгов [ıy] и [iy]: *qağıda* ‘правило’, сохранение за символом *e* двух функций – отражения фонемы /e/ и двузвучия [ye]: *elder* ‘народы; страны’, *dünıe* ‘мир, вселенная; имущество’, использование знака *w* для передачи согласного /w/ и сингармонической пары дифтонгов [uw] ~ [üw]: *bastaw* ‘исток, родник’, *däwır* ‘эпоха, период’, *rwhanı* ‘духовный’, *jañgıw* ‘обновление’, *özgerw* ‘изменение’ [6].

Известно, что для тюркских языков характерен сингармонизм – морфолого-фонетическое явление, состоящее в уподоблении гласных и согласных в рамках одного слова по одному или нескольким фонетическим признакам (по ряду, подъёму или огубленности). Один из реформаторов казахской системы письма, основываясь на законе сингармонизма, предложил отказаться от знаков *q* и *ğ*, полагая, что буквы *k* и *g* вполне достаточны для отражения на письме как “мягких” – /k/, /g/, так и “твёрдых” – /q/, /ğ/ – аллофонов [6].

Директор Института языкознания им. А. Байтурсынова Ерден Кажыбек, касаясь проблемы правописания казахских слов на латинской графике, заявил, что “сразу на 100% резко сделать это сложно. Почему? Потому что мы привыкли писать и говорить по правилам двух языков: русского и казахского”. Однако нельзя согласиться с этим мнением – для разработки оптимальной системы письма для казахского языка нет никаких препятствий.

Одновременно с переходом на новую графику следует оптимизировать и правила орфографии в соответствии с фонематическим

принципом. Например, топоним *Üş-biyik*, букв. 'Три вершины' (Жарминский район ВКО), местные жители произносят в соответствии с прогрессивной и регрессивной ассимиляцией в вариантах [*Üş-riyik*] и [*Üj-biyik*], что никак не должно влиять на орфографию географического названия, позволяющего правильно воспринимать его семантику. При движении по автомобильной трассе *Almatı–Semey* можно увидеть надпись *Suyk-Bulak* на придорожном информационном знаке, которая лицом, владеющим латинским алфавитом, будет прочитан как *Суйк-булак*, что существенно искажает звучание казахского названия *Suwıq-bulaq* 'Холодный родник' (ср. традиционную запись казахских топонимов латинскими буквами: *Altaı, Semey, Beskaragay*).

На некоторых специальных строениях, где осуществляется автомойка, уже размещены казахские надписи латиницей в виде *Avtokölik juu*. Если разложить последнюю лексему на составляющие ее морфемы, то видно, что глагольный корень состоит из трех фонем – *juw* – 'мыть', к которому присоединен аффикс *-ıw ~ -iw* (в нем гласный звук под влиянием */w/* подвергается регрессивной ассимиляции и произносится лабиализованно как *-ıw ~ -iw*, но это уже орфоэпическое явление), образующий *verbal nouns*, используемые в качестве инфинитива или существительного. Следовательно, в соответствии с морфологическим принципом орфографии рассмотренное слово должно быть написано в виде *juwıw*. Ошибочное написание *juu* можно транслитерировать с помощью букв казахского варианта кириллицы в форме *жуу*, так как латинская графема *u* соответствует фонеме */u/*, но слова *жуу* в казахском языке нет.

Описание материалов и методов

Отметим, что в нашем практическом применении варианте латиницы и предложенных специалистами орфографических правилах помимо других недостатков заметны следы влияния исторически сложившихся норм русского правописания, неприемлемых в казахском языке. Например, за буквой *e*, помимо передачи ею гласного звука */e/*, закрепляется чтение */ye/*, и следующие заимствованные слова предлагается записывать в виде, затрудняющем их правильное чтение: *съезд* (прежде усвоенное в виде *сияз*) – *sezd* (правильно: *syezd*), *аде́ктив* – *adektiv* (правильно: *adyektiv*), *субъе́кт* – *sýbekt* (правильно: *subyekt*), *объе́кт* – *obekt* (правильно: *obyekt*), *фельдъеге́р* – *feldeger* (правильно: *feldyeeger*). Известно, что буква *e* используется для обозначения дифтонга */ye/* в русской орфографии в тех случаях, когда этот знак находится в начале слов, после разделительных букв *ъ* и *ь* и после гласных [б]: *ель*, *сьел*, *рантье*, *тает*, *белеет*.

Неоправданным следует считать следующее:

1) применение графического знака *ı* (который в ряде тюркских языков обозначает гласный звук /i/) для передачи на письме пары дифтонгов /ıy/ и /iy/, гласного полного образования /ĩ/, встречающегося в заимствованных словах, и полугласного /y/;

2) использование знака *y* в качестве символа для гласного /i/, несмотря на его общепринятое употребление для отражения на письме фонемы /y/; в тюркологии транскрипционный знак [y] соответствует фонеме /y/;

3) введение в алфавит новой буквы *ı* для обозначения на письме двух дифтонгов /ıw/ и /üw/, а также согласного /w/, который в тюркологии транскрибируется символом *w*, имеющим обозначение на стандартной клавиатуре;

4) исключение из фонетической системы казахского языка аффрикаты /ts/ при сохранении другой аффрикаты /tʃ/ (предлагается передавать слово цемент в виде *sement*, цирк – *sirk*, корпорация – *korporasia*);

5) употребление диграфов *sh* и *ch*, усложняющих написание казахских слов и нарушающих принцип письма “одна графема – одна фонема”;

6) использование диакритического знака акут (*acutus*) вместо традиционно применяемого диакритика умлаут (*umlaut*), что породило новые графические знаки, не имеющие аналогов в латинизированных алфавитах других тюркских народов;

7) изменение оригинального написания иноязычных имен собственных, в том числе имен, входящих в антропонимическую систему народов, пользующихся национальными вариантами латиницы.

Перечисленные изъяны в предложенном лингвистами варианте казахского алфавита приводят к неверному написанию слов, т.е. затрудняют их графическое отражение, чтение и понимание.

Приведем примеры таких написаний, их кириллические аналоги и параллельно им оптимальные графические варианты:

а) как было сказано, графема *ı* оказалась неоднозначной: было предложено использовать для обозначения согласной /y/, например, *aiı* – аю – правильно: *aiıw* ‘медведь’ от **aiıq* (др.-тюркск. *adıǵ*); а также для дифтонга /ıy/, например, *qiı* – кию – правильно: *qiıw* ‘резать’ от **qiııq* (произошел переход конечных согласных /q ~ k/ в /w/, ср. *suraw* ~ *suraq* ‘вопрос’, *tilew* ~ *tilek* ‘желание; просьба’, *qıstaw* ~ *qıstaq* ‘зимовка’), *qıar* – кияр – правильно: *qıar* ‘огурец’, *artıkl* – артикль – правильно: *ärtiykil*, *kıim* – киим – правильно: *kiıim* ‘одежда’, *kalı* – калий – правильно: *käliı*

‘химический элемент’, *natrī* – натрий – правильно: *nätriy* ‘химический элемент’, *hīmīa* – химия – правильно: *hiymīa* ‘наука о веществах, их составе, строении и свойствах’, *qoıan* – коян – правильно: *qoıan* ‘заяц’, *ıaǵnı* – яғни – правильно: *yaǵniy* ‘то есть’, *Altai* – Алтай – правильно: *Altau* ‘название горной страны’;

б) в то же время буква *i* помимо соответствия краткому гласному /i/ встречается в роли символа для дифтонгов /ıy/, /iy/ и полугласного /y/: *bir* – бiр – *bir* ‘один’, *kisi* – kici – *kisi* ‘человек’, *Qazaqstan tarihy* – Қазақстан тарихы – правильно: *Qazaqstan tariyhi* ‘история Казахстана’, *niet* – ниет – правильно: *niyet* ‘намерение; замысел’, *aıa ǵayı* – ауа райы – правильно: *awa ǵayı* ‘погода; климат’;

нежелательно употребление графемы *y*, традиционно используемой для обозначения согласной /y/, для передачи гласного /i/: “*Tañǵy habar*” – “Таңғы хабар” – правильно: “*Tañǵı habar*” (название телепрограммы “Утренние новости”), *Vaspasóz ortalyǵy* – Баспасөз орталығы – правильно: *Vaspasöz otralıǵı* ‘Пресс-центр’, *tynyshtyq* – тыныштық – правильно: *tinıştyq* ‘спокойствие’;

Андатпа. Бұл мақаланың мақсаты – Теодор Драйзердің “Дженни Герхардт” романында қолданылатын синтаксистік стилистикалық әдістерді сипаттау. Бұл зерттеу мазмұнды талдау әдісін қолдану арқылы жүргізілді. Деректер көзі ретінде Теодор Драйзердің “Дженни Герхардт” романы алынды. Деректерді талдауға сүйене отырып, Теодор Драйзердің романында инверсия, параллелизм, шарықтау шегі, қайталау, асиндетон, риторикалық сұрақ және баяндаудағы сұрақ сияқты синтаксистік стилистикалық құралдардың бірнеше түрі қолданылады. “Дженни Герхардт” романының авторы жиі қолданатын синтаксистік стилистикалық құрал – тізбектеп шығу, ал ең аз қолданылатын әдістер – шарықтау шегі. Шығармада тізбектеуді қолдану арқылы, жазушы әңгіменің мазмұнына оқырманның назарын аудара алады.

Мақалада зерттелетін мәселенің өзектілігі оның жеткіліксіз дамуымен және қазіргі тіл әлеміндегі стилистиканың рөлінің маңыздылығымен байланысты. Лингвистикалық әдебиеттің көптеген шолулары көрсеткендей, стилистика тәуелсіз зерттеулердің объектісіне өте сирек айналған, ал жеке автордың (атап айтқанда, Теодор Драйзердің “Дженни Герхардт”) шығармашылығына ешқашан назар аударылмаған. Бұл романның оның алғашқы шығармаларының бірі болғандығынан және оның басқа шығармасымен салыстырғанда (“Американдық трагедия”) оқырмандар арасында әлдеқайда аз танымал болғандығынан туындауы мүмкін.

Біздің зерттеуіміздің мақсаты – Теодор Драйзердің “Дженни Герхардт” романында кездесетін синтаксистік экспрессивті құралдар мен стилистикалық әдістерді, олардың автордың жазу стилін қалыптастырудағы рөлін зерттеу, анықтау және талдау.

Біздің зерттеуіміздің теориялық құндылығы автордың Теодор Драйзердің “Дженни Герхардт” шығармасының стилистикалық ерекшеліктеріне үндеуімен анықталады.

Зерттеудің практикалық мәні бар: оны лексикология, стилистика, ағылшын тілінің практикалық курсына білім беру және зерттеу бағдарламаларын әзірлеуде, жазу дағдыларын жетілдіруде, тілді практикалық үйренудің сөздіктерін құрастыруда сәтті қолдануға болады және бұл ағылшын тілін жақсы түсінуге әкеледі.

Тірек сөздер: стилистика, синтаксистік стилистикалық әдістер, талдау, қайталау, инверсия, сөз орамы, мәнерлілік, автор, кейіпкер

СТИЛИСТИКО-СИНТАКСИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ РОМАНА

Т. ДРАЙЗЕРА «ДЖЕННИ ГЕРХАРДТ»

Карабаева Л.К.¹, Байтенова А.А.², Белгибаева Г.А.³,

* Жусубалина Ж.М.⁴

¹ кандидат педагогических наук, старший преподаватель,
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,
Шымкент, Казахстан, e-mail: laura-010@mail.ru,

² старший преподаватель, Шымкентский университет, Шымкент,
Казахстан, e-mail: a.baitenova71@mail.ru,

³ магистр, старший преподаватель, Шымкентский университет,
Казахстан, Шымкент, e-mail: gulnurbelgibaeva@mail.ru,

⁴ магистр, старший преподаватель, Шымкентский университет,
Шымкент, Казахстан, e-mail: zhusubalinazh@gmail.com

Аннотация. Целью данной статьи является описание синтаксических стилистических приемов, используемых в романе

Теодора Драйзера “Дженни Герхардт”. Это исследование было проведено с использованием метода контент-анализа. В качестве источника данных был взят роман Теодора Драйзера “Дженни Герхардт”. Основываясь на анализе данных, можно сделать вывод, что в романе Теодора Драйзера используется несколько типов синтаксических стилистических приемов, таких как: инверсия, параллелизм, кульминация, повторение, асиндетон, риторический вопрос и вопрос в повествовании. Чаще всего используемый автором романа “Дженни Герхардт” синтаксический стилистический прием – это перечисление, а наименее часто используемые приемы – кульминация и хиазм. Используя перечисление в произведении, писатель может привлечь внимание читателя, чтобы сосредоточиться на содержании повествования.

Актуальность исследуемой проблемы в данном исследовании связана с ее недостаточной разработанностью и важностью роли стилистики в современном языковом мире. Как показывают многочисленные обзоры лингвистической литературы, стилистика значительно чаще становилась объектом независимых исследований, тогда как творчеству отдельно взятого автора (в частности, “Дженни Герхардт” Теодора Драйзера) почти никогда не уделялось внимания вообще. Это может быть вызвано тем фактом, что роман был одним из его ранних произведений и пользовался гораздо меньшей популярностью у читателей по сравнению с другим его произведением – “Американская трагедия”.

Цель нашего исследования – изучить, определить и проанализировать синтаксические выразительные средства и стилистические приемы, встречающиеся в романе Теодора Драйзера “Дженни Герхардт”, их роль в формировании стиля письма автора.

Практическая ценность исследования заключается в том, что результаты анализа могут быть успешно использованы при разработке образовательных и исследовательских программ по лексикологии, стилистике, в практическом курсе английского языка, для улучшения навыков письма, для составления словарей для практического изучения языка, и это приведет к лучшему пониманию английского языка.

Ключевые слова: стилистика, синтаксические стилистические приемы, анализ, повтор, инверсия, фигура речи, выразительность, автор, персонаж

Статья поступила 16.12.2022

ӘОЖ 81'27

XFTAP 16.21.27

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.70.3.009>

ШЫҒЫС АЙМАҚТАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ФАКТОРДЫҢ ТІЛДІК АХУАЛЫНА ӘСЕРІ

*Қапалбек Б.С.¹, Орынғазы Ә.М.²

¹Ф.ғ.к., доцент, Мемлекеттік тілді дамыту институты,
Алматы, Қазақстан, e-mail: zhomart_til@mail.ru¹,

²доцент, Алматы Менеджмент Университеті, Алматы, Қазақстан,
e-mail: abutalip65@mail.ru²

Аңдатпа. Көптілді мемлекетте тілдердің қолданылуының өзіндік ерекшеліктері бар. Мұндай мемлекеттердегі тілдік жағдай тілдерді қолдануға әртүрлі факторлардың әсер етуі нәтижесінде қалыптасады. Мәселен, Қазақстан Республикасында қазақ тілі мен орыс тілінің қалыптасуына тарихи, саяси, географиялық, экономикалық, демографиялық факторлар әсерін тигізді. Бұл экстралингвистикалық факторлардың барлығы бір-бірімен тығыз байланысты. Осы мақалада қарастырылып отырған демографиялық фактор республиканың тарихи дамуының әртүрлі кезеңдерінде тілдік жағдайдың қалыптасуына, мемлекеттік тілдің, орыс тілінің және басқа этностардың тілдерінің жұмыс істеуіне әсер етеді.

Мақаладағы зерттеу тақырыбымыздың ғылыми жаңалығы – Қазақстанның шығыс өңіріндегі тілдік ахуалдың дамуына елеулі әсер еткен маңызды факторлардың бірі демографиялық фактор жеке қарастырылады.

Тілдік жағдайды зерттеудің теориялық негіздерін шетелдік және қазақстандық әлеуметтік лингвистердің еңбектері, тіл саясаты бойынша заңнамалық және нормативтік құжаттар, халық санағының деректері, демографтардың жұмыстары және т. б. құрайды.

Зерттеудің ғылыми-практикалық маңыздылығы қазіргі Қазақстан аумағын әлеуметтік-лингвистикалық аймақтарға бөлу және әр өңірдің тілдік жағдайына қарай мемлекеттік және басқа тілдердің дамуына атсалысу.

Мақалада: талдау, синтез, салыстырмалы әдіс, статистикалық әдіс, бақылау және т. б. ғылыми әдістері қолданылады.

Зерттеу нәтижелері ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде, жоғары оқу орындарында дәріс оқуда және әлеуметтік лингвистика, я жалпы тіл білімі бойынша семинар сабақтарын өткізуде, дипломдық

жұмыстарды, магистрлік және докторлық диссертацияларды жазуда пайдаланылады.

Мақала авторлары көлемді статистикалық материалды пайдалана отырып, демографиялық деректерге сүйеніп, шығыс өңіріндегі тілдік ахуалдың сыртқы және ішкі көші-қон процестеріне байланысты ерекшеліктері бар екенін көрсетті. Этникалық топтардың қоныс аударуы қазақ тілінің титулды ұлт тілі ретіндегі әлеуметтік қызметтерінің дамуына кері әсерін тигізді. Халықтың құрамында орыстілді этностардың басым болуы орыс тілінің әлеуметтік қызметтерінің дамып, кеңеюіне ықпал етті. Посткеңестік кезең орыстар, немістер, украиндар, белорустар сияқты этностардың өңірден кетуі, қазақтардың шет елдерден келуімен сипатталады. Экономикалық тұрақсыздық ауыл тұрғындарын тұрақты табыс іздеп ірі елді мекендерге көшуге мәжбүр етеді. Демографиялық процестердің құрамдас бөліктерінің бірі халықтың табиғи өсімі: туу және өлім көрсеткіштері.

Тілдік жағдай қоғамдық өмір салаларындағы тілдер функцияларының көлемінің өзгеруіне алып келеді. Мәселен, аймақтағы білім беру саласында мемлекеттік және орыс тілдері басым тілдер ретінде көрсетілген.

Тірек сөздер: мемлекеттік тіл, тілдік жағдай, тіл саясаты, аймақтық аспект, демографиялық фактор, сыртқы көші-қон, ішкі көші-қон, тілдің әлеуметтік функциялары, тілдік қызмет

Негізгі ережелер

Тілдің аман сақталуы мен дамуының кепілі түрлі өмір салаларында қолданылуынан көрінеді. Аймақты зерттеудің негізгі мәселелерінің бірін тілдің қоғамдық қызметін қарастыру құрайды. Тілдердің қоғамда қызмет ету ахуалының объективті көрсеткіштеріне мынадай әлеуметтік лингвистикалық белгілер жатады: 1.Тілдердің қоғамдық қызмет көлемі (жүктемесі). 2.Қызмет ету аясы. 3.Тілдердің қолданылатын өмір салалары. Сондықтан аймақтағы тілдердің қызметтік жүктемелері жан-жақты талданып, мемлекеттік тіл – қазақ тілінің болашақтағы даму қарқынына жорамал берілуі керек. Осыған байланысты экстралингвистикалық факторларды, оның ішінде тілдік ахуалдың қалыптасуына, мемлекеттік тілдің және басқа да тілдердің өңірлік аспектіде қолданылуына ықпал ететін демографиялық факторды зерделеу маңыздылыққа ие болады.

Кіріспе

Көпұлтты мемлекеттердегі тілдік ахуал саяси, тарихи, экономикалық, географиялық, демографиялық сияқты түрлі факторларға

тікелей байланысты қалыптасады. Барлық аталған факторлар өзара тығыз байланысты, алайда жеке алынған әрбір фактор тілдік ахуалдың қалыптасуына, қоғамдағы тілдердің қолданылуына елеулі ықпал етуі мүмкін.

Қазақстан Республикасындағы тілдік ахуал барлық осы факторларға байланысты өзгерістерге ұшырады. Қазақстан өңірлерінде тілдік жағдай елде болған өзгерістерге сәйкес өзгерді. Бұл орайда өңірлердегі халық санына да, өңірлік аспектідегі тілдік жағдайға да әсер еткен демографиялық фактор да ерекше рөл атқарады.

Шығыс өңірдегі тілдік жағдайды қарастыра отырып, ең алдымен тарихи және саяси факторлар халық құрамының сандық және этникалық жағынан қалыптасуы мен дамуында белгілі рөл атқарғанын атап өткен жөн.

Социолінгвистикалық аспектіде Қазақстандағы тілдік ахуалды зерттеумен танымал социолінгвистер Б. Хасанұлы, Э.Д. Сүлейменова, М.М. Копыленко, З.К. Ахметжанова, С.Ж. Баяндина және т.б. айналысқан, өңірлік аспектіде ғалымдар: А. Абасилов, Қ. Текжанов, Б. Бияров, Б. Қапалбеков, С. Асанбаева және т.б.

Шығыс Қазақстанның демографиялық процестерін зерттеуді Г.Т. Аймағамбетова, А.Н. Алексеенко, М.Г. Ескендіров, О.В. Игнатьева, А.С. Жанбосынова, А.Т. Маутканова, А.С. Уалтаева жүргізген. Шығыс аймақ бойынша демографиялық проблемалардың қазіргі заманғы процестері социолінгвистикалық аспектіде Б.Н. Бияровтың жұмыстарында көрсетілген [1].

Нәтижелер мен талқылау

Этнотіл жағдайын және халық санының динамикасы бойынша статистикалық деректерді зерделеу мақсатында республикада өткізілген халық санағының деректеріне талдау жүргізілді. Төмендегі кестеге назар аударсақ, қазақтардың үш санақ аралығындағы өсімін байқауға болады. Айталық, Шығыс аймағында мемлекетқұрушы ұлт 1999 жылғы санақта аймақ халқының 48,5% құраса, одан кейінгі 2009 жылғы халық санағында барлық аймақ тұрғындарының 53,9% құраған. Басқаша айтқанда он жылда қазақтар 21229 адамға көбейгенін көруге болады [2]. Ал соңғы 2021 жылғы санақта қазақтардың саны тағы да 74899 адамға өсіп, аймақ халқының 61,5 пайызын құрап отыр .

1-ші кесте. Шығыс аймаққа жататын облыстардағы халықтың 1999 және 2021 жылдар аралығындағы демографиялық ахуалы

Басқалар	Украиндар	Тағарлар	Немістер	Орыстар	Қазақтар	Барлығы	Этностар	
							Саны	%
20878	15696	24506	32141	694705	743098	1531024	1999 ж	
1,4	1,0	1,6	2,1	45,4	48,5	100		
19391	12952	22981	22147	631957	745984	1455412	2004 ж	
1,4	0,9	1,6	1,5	43,4	51,2	100		
18974	11958	22407	20563	608853	748425	1431180	2006 ж	
1,3	0,9	1,6	1,4	42,5	52,3	100		
18947	11615	22256	20471	600073	751151	1424513	2007 ж	
1,3	0,9	1,6	1,4	42,1	52,7	100		
18765	10806	21967	20079	581820	764327	1417764	2009 ж	
1,4	0,8	1,5	1,4	41,0	53,9	100		
14031	3117	15653	12383	479327	839226	1363797	2021 ж	
1,0	0,2	1,1	0,9	35,1	61,5	100		

Кестеден көрініп тұрғандай, санақ кезеңінде қазақ халқының саны 743098 (48,5%) адамнан 839226 (61,5%) адамға дейін өсті, орыс этносының өкілдері 694705-тен (45,4%) 479327-ге (35,1%) дейін азайды. Неміс халқының 32141-ден (1,6%) 12383-ке (0,9%) дейін қысқаруы

жалғасуда. Украиндар саны 15696-дан (1,0%) 3117-ге (0,2) дейін күрт қысқаруда. Татар халқы өкілдерінің айтарлықтай азаюы: 24506-дан (1,6%) 15653-ке (1,1%) дейін. Басқа этностардың үлес салмағы 1,4% -дан 1,0% -ға дейін қысқарады.

Демографиялық процестердің тілдердің қолданылуы мен дамуына әсерін зерттеу соңғы онжылдықтарда шығыс өңірі бөлінісінде өзекті болып қалған проблемалармен алдын ала айқындалған: халық санының азаюы, облыстан басқа өңірлер мен мемлекеттерге кететіндердің көбеюі, халықтың жас сәйкессіздігі.

Сыртқы көші-қон. Көші-қон процестерін зерделеу Қазақстанның тарихи дамуында өткен ғасырдың 20-40 жылдары Қазақстанға көші-қон негізінен РКФСР-ден болғанын көрсетеді. Бұл, бір жағынан, экономикалық алғышарттарға байланысты, себебі ұжымдастыру мен индустрияландыру процестері қосымша еңбек ресурстарын талап етті, екінші жағынан, бұл саяси фактормен түсіндіріледі: этностардың Қазақстанға күштеп қоныс аударуы. Ұлттық статистика бюросының 1999 және 2021 жылдар аралығындағы халық санағының деректері бойынша. Егер 20-шы жылдары көші-қон қазақ халқына қатысты болса, қазақтар 1921-2022 жылдардағы ашаршылық салдарынан қоныс жерлерін тастап, кейін туған жерлеріне қайтып келсе, XX ғасырдың 30-шы жылдарында көші-қон басқа халықтарға да қатысты болды.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Семей облысында 1920 жылдан 1926 жылға дейін халық саны артып келеді: қазақтар 565,9 мың адам 714,6 мың адамға дейін, орыстар 380,4 мың адамнан 398 мың адамға дейін, украиндар 68,5 мың адамнан 140,2 мың адамға дейін, татарлар 14,4 мың адамнан 18,8 мың адамға дейін, немістер 7,8 мың адамнан 11,8 мың адамға дейін.

Халықтың Қазақстанға көшіп-қонуының белсенді процестері XX ғасырдың 30-жылдарында байқалады. 1935 жылы Ленинград облысынан (қазіргі Санкт-Петербург) 30 мың тұрғын жер аударылды. 1936 жылы Украинадан 25 мыңнан астам поляктар мен немістер Қазақстанның солтүстік және шығыс облыстарына көшірілді. Ал Амур өңірінен Қазақстанға және Орта Азияға 20141 корейлер отбасы қоныс аударды [3].

Осылайша, орыс тілінде сөйлейтін адамдардың есебінен халықтың көбеюі орын алып отырғанын көріп отырмыз, бұл, сәйкесінше, қазақ тілінің әлеуметтік функцияларының қысқаруына әкеліп соғады, керісінше, өмірдің барлық саласында пайдаланылатын орыс тілінің қоғамдық функцияларының кеңеюі болып отыр.

Қазақстанның шығыс өңірінен халықтың кетуі қайта құру жылдары мен құрылыстан кейінгі уақытқа келеді. 1989 және 2019 жылдардағы статистикалық деректерді салыстырмалы талдау шығыс өңірі бойынша осы кезеңде мынадай серпін байқалатынын көрсетеді: қазақ этносының 687879 адамнан (38,92%) ұлғаюы 834787 адамға дейін (60%), этностар санының қысқаруы: орыстар – 914424-тен (51,74%) 496557-ге (36%) дейін, немістер – 66924-тен (1,58) 12887-ге (0,93%) дейін, украиндар – 9085-тен 1084-ке (0,08%) дейін. Соңғы онжылдықтарда сыртқы көші-қон процестерінің төмендеуі байқалады. Осылайша, 2014 жылы өңірге келгендер мен одан кеткендердің сандық арақатынасы 79% -ға жуық және 74% -ды, орыстар – 18% -дан астам және 23% -ды құрайды. Шығыс өңірге алыс шетелдерден қазақтардың 84% -ы, орыстардың 7,9% -ы, немістердің 4,3% -ы келді. Бұрынғы КСРО мемлекеттерінен келгендердің төрттен үшін орыстар құрайды, ал қазақтардың үлесі бар болғаны 9% құрайды [4].

Осы жылы өңірден көшкендердің 91% -дан астамы орыстар, ал алыс шетелдерге орыстардың үлес салмағы 48,8% -ды, немістердің 31,7% -ын, қазақтардың 12,2% -ын құрады.

Ішкі көші-қон. Халықтың ішкі көші-қоны ең алдымен, әсіресе ауылдық жерлерде жұмыссыздықты туғызған тұрақсыз экономикалық жағдайға байланысты. Еңбекке қабілетті халық ірі елді мекендерге, қалалар мен аудан орталықтарына көшеді. Осылайша, Шығыс өңірінің демографиялық факторы үшін урбанизация процесі маңызды болып табылады, мысалы, жетпісінші жылдардың соңында қала халқының өсуі 16% -дан астам, сексенінші жылдардың аяғында – 20% -дан астам болды.


Облыстағы жұмыссыздардың негізгі бөлігін 20 мен 40 жас аралығындағы халық құрайды. Бұл көрсеткіштен олардың көші-қон деңгейінің жоғарлауына бірден бір ықпал етуші топ екенін көреміз. 2012 жылдың аяғында қалалық жерлердегі жұмыссыз халық санының 59,4%-ын 20 мен 40 жас аралығындағы жұмыссыздар құраса, ауылдық жерлерде ол 50%-ды көрсетеді. Қалалық жерлердегі жұмыссыздардың басым бөлігі облысаралық және республикаралық көші-қонға түссе, ауылдық елді-мекендердегі жұмыссыздар аймақтағы өндірісті орталықтарға тартылып, облыс ішіндегі көші-қонның күшеюіне жағдай жасайды. Бұл үрдіс қалалық жерлерге қоныс аударушылар қатарының алдағы уақытта да бәсеңдемейтінін айқындайды. Жалпы облыстың ауылдық жерлеріндегі халықтың 60 пайыздан астамын қазақ ұлтының құрайтынын ескерсек келер жылдары қалаларға бет алатын мигранттардың басым көпшілігінің титулды ұлт өкілдерінің болатынын болжауымызға болады.

Сондай-ақ, жұмыссыздық халықтың табиғи өсіміне де өз әсерін тигізеді. Жұмыспен қамтылмағандардың 71,3%-ы қала халқының үлесіне тисе, 28,7% ауылдық жерлердің үлесіне келеді. Халықтың жұмыспен қамтылмауы, жұмыссыздық деңгейінің жоғарлауы нуклеарды (1 балалы) жанұялардың өсуіне әкеп соғады. Қалалық жерлердегі жұмыссыздық көбінде жаңадан келіп қоныстанған тұрғындардың арасында жоғары болып отыр. Қоныс аударушылардың құрамында қазақтардың көп болуы олардың туу үрдісінің төмендеп кету қаупінің бар екенін жоққа шығармайды.

Туу және өлім-жітім процестері облыстағы халық санына да әсер етеді. Ұлттар бөлінісінде халықтың табиғи өсімі айтарлықтай дәрежеде титулдық ұлтқа тән. Мысалы, 1970 жылы 1959 жылмен салыстырғанда қазақтар көбейіп, қазақтардың үлес салмағы 32,2%, ал 1879 жылы 36,0% құрады.

Облыста 1 жасқа дейінгі сәбилер өлімі жоғары деңгейде қалып отыр. Жыл басындағы деректерге сүйенсек 1 жасқа дейінгі түрлі себептерден шетінеген сәбилер 15%-ні құрайды. Мұндай өлім көрсеткішінің деңгейіне ересек халық тек 45–49 жас мөлшерінде ғана жетеді. Аталмыш деректер 1 жасқа дейінгі сәбилердің өлімі аймақ тұрғындарының өлім көрсеткішінің 2 пайызын құрайды. Перинаталдық және туғаннан кейінгі уақытта көрсетілген сапасыз медициналық көмек бұл құбылыстың өсуіне жағдай жасап отыр.

Қорытындылай айтсақ, демографиялық жағдай қоғамдағы саяси-әлеуметтік және экономикалық ахуалға ғана әсер етіп қоймай, сонымен қатар этнотілдік қатынастарға да елеулі өзгерістер әкеледі.



1-сурет. - Қазақстанның шығыс өңіріндегі туу қарқыны

Облыстағы жұмыссыздардың негізгі бөлігін 20 мен 40 жас аралығындағы халық құрайды. Бұл көрсеткіштен олардың көші-қон деңгейінің жоғарлауына бірден бір ықпал етуші топ екенін көреміз.

2012 жылдың аяғында қалалық жерлердегі жұмыссыз халық санының 59,4%-ын 20 мен 40 жас аралығындағы жұмыссыздар құраса, ауылдық жерлерде ол 50%-ды көрсетеді. Қалалық жерлердегі жұмыссыздардың басым бөлігі облысаралық және республикаралық көші-қонға түссе, ауылдық елді-мекендердегі жұмыссыздар аймақтағы өндірісті орталықтарға тартылып, облыс ішіндегі көші-қонның күшеюіне жағдай жасайды. Бұл үрдіс қалалық жерлерге қоныс аударушылар қатарының алдағы уақытта да бәсеңдемейтінін айқындайды. Жалпы облыстың ауылдық жерлеріндегі халықтың 60 пайыздан астамын қазақ ұлтының құрайтынын ескерсек келер жылдары қалаларға бет алатын мигранттардың басым көпшілігінің титулды ұлт өкілдерінің болатынын болжауымызға болады.

Сондай-ақ, жұмыссыздық халықтың табиғи өсіміне де өз әсерін тигізеді. Жұмыспен қамтылмағандардың 71,3%-ы қала халқының үлесіне тисе, 28,7% ауылдық жерлердің үлесіне келеді. Халықтың жұмыспен қамтылмауы, жұмыссыздық деңгейінің жоғарлауы нуклеарды (1 балалы) жанұялардың өсуіне әкеп соғады. Қалалық жерлердегі жұмыссыздық көбінде жаңадан келіп қоныстанған тұрғындардың арасында жоғары болып отыр. Қоныс аударушылардың құрамында қазақтардың көп болуы олардың туу үрдісінің төмендеп кету қаупінің бар екенін жоққа шығармайды.

Шығыс өңірдің демография процестері облыстың экономикалық, әлеуметтік жағдайына, қоғамдық өмір салаларына, оның ішінде тілдік жұмыс істеуіне әсер етеді. Мұны білім беру саласындағы тілдердің қолданылуы мысалында қарастырайық. Республиканың әлеуметтік-коммуникативтік кеңістігінде негізінен екі тіл басым болғандықтан, талдау осы екі лингвонимдер бойынша жүргізіледі.

Білім беру саласында оқыту мен тәрбиелеу тілі маңызды болып отыр.

Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу саласы. 2011-2012 жылдары ШҚО-да балабақшалардың саны 143, оның ішінде 56 қазақ тілінде, 50 қазақ және орыс тілдерінде, 37 орыс тілінде бала тәрбиелеген, бұл ретте қазақ топтарында – 3 мыңнан астам, орыс топтарында – 5 мыңнан астам бала тәрбиеленген.

Орта білім беру саласы. Осы жылдары облыста 718 мектеп жұмыс істеді: қазақ тілінде оқытатын 366 мектеп, бұл 51%, 176 аралас мектеп және орыс тілінде оқытатын 176 мектеп; оқушылардың 54% -ы мемлекеттік тілде оқыды. Орта кәсіптік білім беру саласы. 1990-1991 оқу жылында шығыс өңірдегі колледждерде оқушылардың 90% -дан астамы орыс тілінде, ал 8,65% -ы қазақ тілінде білім алды. 2011-2012 оқу жылында 44 орта-кәсіптік білім беру мекемесінде студенттердің 48% орыс тілінде оқыды

Жоғары білім беру саласы. Шығыс өңірде жоғары оқу орындарында 2006-2007 оқу жылында студенттердің 60% -дан астамы орыс тілінде, студенттердің 33,2% -ы қазақ тілінде оқыды. 2009-2010 оқу жылында 2006-2007 оқу жылымен салыстырғанда қазақ тілінде білім алушылардың пайызы 39,6-ға дейін өседі.

Қазақстанда үш тілде білім беру жүзеге асырылуда. Шығыс өңірінде бұл маңызды мәселені шешу шаралары қолға алынуда. Өңірде үштілділіктің енгізілуін зерттеп, бүгінгі тілдік ахуалға шынайы баға берген элеуметтанушылар социологиялық сауалнама нәтижесінде тұрғындардың үштілді білім беру мәселесіне көзқарасы анықталғанын айтады.

Халықтың басым бөлігі көптілді білім беруді енгізуге оң көзқараспен қарайды, дегенмен осыған байланысты мәселелердің қатарында білікті педагог кадрлардың жетіспеушілігі, материалдық-техникалық базаның әлсіздігі, тиісті әдіснамалық тұжырымдаманың және әдістемелік қамтамасыз етудің жоқтығы атап өтіледі.

Қорытынды

Тіл үнемі жаңарып, дамып отыратын құбылыс болғандықтан қоғамда әр кезеңде әртүрлі проблеманы алға тартары заңдылық. Еліміздегі және оның шығыс аймағындағы қазіргі тілдік ахуалының сипатын негізге алатын болсақ, мемлекеттік тіл қоғамның бірқатар салаларында басымдыққа ие болып, өміршеңдігін сақтап қана қоймай дамып келе жатқаны байқалады. Ал кейбір салаларда әлі де нормативтік-құқықтық мәртебесіне лайық деңгейде өз мәртебесіне сай қолданылмай келеді. Сондай-ақ ғылым, сот ісі, ақпараттық технология, денсаулық, бизнес, қаржы секторында даму көрсеткіші әлі төмен деңгейде қалып отыр. Сондықтан аталған салалардағы мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Қоғамда мемлекеттік тіл төңірегінде қордаланған мәселелер азаматтық қоғам тарапынан белсенді түрде көтерілуде. Ең көп талқыланатын мәселелердің біріне арқау болған – халыққа қызмет көрсету орындарындағы (сауда, тамақтану, техникалық қызмет көрсету т.б.) мемлекеттік тіл проблемасы. Мәселеге мән беріп, шешу жолдарының жаңа тетіктерін қарастырық керек. Мысалы, қаржы секторындағы барлық базалар орыс тілінде жүргізілуде. Бұл елімізге экономикалық, заң, қауіпсіздік тұрғысынан да қауіп төндіреді. Сол себепті қаржы секторындағы барлық электрондық базалардың мемлекеттік тілдегі нұсқасын іске қосу мәселелері нақты шешуді қажет етеді.

Сондай-ақ мемлекеттік тілді дамытуға және тілдің тазалығын қорғауға, сондай-ақ әдеби тіл нормаларын сақтамаудың, қазақ тілінің

жарнамадағы, қоғамдық тамақтандыру объектілеріндегі лексикалық және грамматикалық ережелерін бұзудың алдын алуға жұртшылықтың қатысуын қамтамасыз ету және жедел шаралар қабылдау мақсатында жергілікті жердегі уәкілетті органдарды тарту қажет. Олар жергілікті тілші-ғалымдарды, белсенді азаматтарды осы мәселелерді оң бағытта шешуге қаржыландыру арқылы тартылуы керек.

** Мақала 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP09259988 гранты).*

ӘДЕБИЕТ

[1] Бияров Б.Н. Қазақстанның шығыс өңірінің тілдік ахуалы// Егеменді Қазақстанда мемлекеттік тілдің дамуы мен қолданылуы. – Алматы, 2016.

[2] Абасилов А. Мемлекеттік тіл: әлеуметтік лингвистикалық проблемалары, оларды аймақтық тұрғыдан шешу жолдары. Монография. / А.Абасилов. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2021. – 191 бет.

[3] Алексеенко А.Н. Население Казахстана в 1926-1939 гг // Компьютер и историческая демография <http://new.hist.asu.ru/biblio/histdem/1.html>

[4] Кайгородцев А.А. Анализ демографических проблем восточного Казахстана// Вестник Казахстанско-Американского свободного университета, 2016 <https://articlekz.com/article/31268>

REFERENCES

[1] Bıyarov B.N. Qazaqstannıń şıǵıs öñiriniń tildik axwalı//Egemendi Qazaqstanda memlekettik tildiń damwı men qoldanılwı (Linguistic situation of the eastern region of Kazakhstan//Development and use of the state language in independent Kazakhstan). Almatı, 2016. [In Kaz.].

[2] Abasılov A. Memlekettik til: älewmettik lıngvıstikalıq problemaları, olardı aymaqtıq tuǵıdan şeşw joldarı. Monografiya (State language: sociolinguistic problems, ways to solve them from the regional level. Monograph.). / A.Abasılov. Almatı: Memlekettik tildi damıtw instıtıwtı, 2021. – 191 b. [In Kaz.].

[3] Alekseenko A.N. 1926-1939 jıldardaǵı Qazaqstan xalqı//Kompyuter jáne tarixi demografiya (Population of Kazakhstan in 1926-1939//Computer and historical demography) <http://new.hist.asu.ru/biblio/histdem/1.html>. [In Rus.]

[4] Kaygorodcev A.A. Şığıs Qazaqstanniń demografıyalıq problemaların taldaw (Analysis of the demographic problems of East Kazakhstan).// Qazaqstan-Amerıka erkin wñiversitetiniń habarşısı, 2016 [https:// articlekz.com/ article/31268](https://articlekz.com/article/31268) <https://articlekz.com/article/31268> [In Rus.]

ВЛИЯНИЕ ДЕМОГРАФИЧЕСКОГО ФАКТОРА НА ЯЗЫКОВУЮ СИТУАЦИЮ В ВОСТОЧНОМ РЕГИОНЕ

*Капалбек Б.С.¹, Орынгазы А.М.²

*¹К.ф.н., доцент, Институт развития государственного языка,

Алматы, Казахстан, e-mail: zhomart_til@mail.ru,

²К.ф.н., доцент, Алматы Менеджмент Университет,

Алматы, Казахстан, e-mail: abutalip65@mail.ru

Аннотация. Функционирование языков в полиязычном государстве имеет свои особенности. Языковая ситуация в таком государстве формируется в результате влияния различных факторов на использование языков. В Республике Казахстан на функционирование казахского языка и русского языков оказывали влияние исторический, политический, географический, экономический, демографический факторы. Все эти экстралингвистические факторы тесно взаимосвязаны между собой. Демографический фактор, который рассматривается в данной статье, в различные периоды исторического развития республики оказывал влияние на формирование языковой ситуации, на функционирование государственного языка, русского языка и языков других этносов.

Научная новизна темы исследования статьи заключается в том, что отдельно рассматривается демографический фактор как один из значимых факторов, оказавший значительное влияние на развитие языковой ситуации в восточном регионе Казахстана.

Теоретические основы изучения языковой ситуации составляют труды зарубежных и казахстанских социолингвистов, законодательные и нормативные документы по языковой политике, данные переписи населения, работы демографов и т.д.

Научно-практическая значимость исследования заключается в социально-лингвистическом зонировании территории современного Казахстана и разработке механизма развития государственного языка и других языков в зависимости от языковых условий каждого региона.

В статье использованы научные методы исследования: анализ, синтез, сопоставительный метод, статистический метод, наблюдение и т.д.

Результаты исследования могут быть использованы при проведении научно-исследовательских работ, в вузовской аудитории при чтении лекций и проведении семинарских занятий по социолингвистике, общему языкознанию, при написании дипломных работ, магистерских и докторских диссертаций.

Авторы статьи на большом статистическом материале провели анализ демографических данных, который показал, что языковая ситуация в восточном регионе имеет особенности, обусловленные процессами внешней и внутренней миграции. Внешняя миграция этносов осуществлялась вследствие экономических и политических процессов, характерных для всей республики в советское и постсоветское время. Переселение этносов оказало негативное влияние на развитие социальных функций казахского языка как языка титульной нации. Преобладание в составе населения русскоязычных этносов способствовало развитию и расширению общественных функций русского языка. Для постсоветского времени характерны процессы выезда из региона таких этносов, как русские, немцы, украинцы, белорусы, въезда казахов из зарубежных стран. Внутренняя миграция происходила в силу экономического развития внутри региона. Экономическая нестабильность вынуждает представителей сельского населения переезжать в крупные населенные пункты в поисках постоянного заработка. Одной из составляющих демографических процессов является естественный прирост населения: рождаемость и смертность.

Изменение языковой ситуации приводит к изменению объема функций языков в сферах общественной жизни региона. На примере сферы образования показано функционирование государственного и русского языков как доминирующих языков в регионе.

Ключевые слова: государственный язык, языковая ситуация, языковая политика, региональный аспект, демографический фактор, внешняя миграция, внутренняя миграция, социальные функции языка, функционирование языков

INFLUENCE OF DEMOGRAPHIC FACTOR ON THE LANGUAGE SITUATION IN THE EASTERN REGION

*Kapalbek B.S.¹, Oryngazy A.M.²

¹ Candidate of Philological Sciences, Associate Professor,
Institute of State Language Development, Almaty, Kazakhstan,
e-mail: zhomart_til@mail.ru,

² Candidate of Philological Sciences, Associate Professor,
Almaty University of Management, Almaty, Kazakhstan,
e-mail: abutalip65@mail.ru

Abstract. The functioning of languages in a multilingual state has its own peculiarities. The language situation in such a state is formed as a result of the influence of various factors on the use of languages. In the Republic of Kazakhstan, the functioning of the Kazakh language and the Russian languages were influenced by historical, political, geographical, economic, demographic factors. All these extralinguistic factors are closely interrelated. The demographic factor, which is considered in this article, in various periods of the historical development of the republic influenced the formation of the linguistic situation, the functioning of the state language, the Russian language and the languages of other ethnic groups.

The scientific novelty of the research topic of the article lies in the fact that the demographic factor is considered separately as one of the significant factors that had a significant impact on the development of the language situation in the eastern region of Kazakhstan.

The theoretical foundations of the study of the language situation are the works of foreign and Kazakhstani sociolinguists, legislative and regulatory documents on language policy, census data, demographers, etc

The scientific and practical significance of the study lies in the socio-linguistic zoning of the territory of modern Kazakhstan and the development of a mechanism for the development of the state language and other languages, depending on the linguistic conditions of each region.

The article uses scientific research methods: analysis, synthesis, comparative method, statistical method, observation, etc.

The results of the research can be used in conducting research works, in the university audience when giving lectures and conducting seminars on sociolinguistics, general linguistics, when writing theses, master's and doctoral dissertations

The authors of the article analyzed demographic data on a large static material, which showed that the language situation in the eastern region has features due to the processes of external and internal migration. The external

migration of ethnic groups was carried out as a result of economic and political processes characteristic of the entire republic in Soviet and post-Soviet times. The resettlement of ethnic groups had a negative impact on the development of the social functions of the Kazakh language as the language of the titular nation. The predominance of Russian-speaking ethnic groups in the population contributed to the development and expansion of the social functions of the Russian language. The processes of departure from the region of such ethnic groups as Russians, Germans, Ukrainians, Belarusians, and the entry of Kazakhs from foreign countries are characteristic of the post-Soviet period. Internal migration occurred due to economic development within the region. Economic instability forces representatives of the rural population to move to large settlements in search of permanent earnings. One of the components of demographic processes is the natural growth of the population: fertility and mortality.

The change in the language situation leads to a change in the scope of the functions of languages in the spheres of public life of the region. The functioning of the state and Russian languages as the dominant languages in the region is shown by the example of the education sector.

Key words: state language, language situation, language policy, regional aspect, demographic factor, external migration, internal migration, social functions of language, functioning of linguistic

Статья поступила 27.03.2023

ӘОЖ 81Г373.49

ХҒТАР 16.21.51.

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.70.3.010>

ҚАЗІРГІ МЕДИАМӘТІНДЕГІ ЭВФЕМИЗМ МЕН ДИСФЕМИЗМНІҢ ЖҰМСАЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Кобландина К.С.¹, Есенова Қ.Ө.²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің PhD докторанты, Алматы, Қазақстан, e-mail: koblandina.karlygash@mail.ru,

² ф.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: kalbike_65@mail.ru

Аңдатпа. ХХІ ғасырда орын алған ақпараттық төңкеріс қоғам өміріне көптеген өзгерістер әкелді. Әсіресе саясат пен экономикада,

әлеуметтік салада болып жатқан алуан түрлі оқиғаларға назар аудармау мүмкін емес. Адамзаттың цифрлы ақпараттық медиа- кеңістікке көшуі сөйлеу тәжірибесі мен оны зерттеуге деген көзқарастардың да жылдам өзгеретінін көрсетті. Ал қаламгерлер қауымы, журналшылар өткен әрбір күннің сенімді, толық және өзекті ақпараттық бейнесін қалыптастыруда үнемі алдыңғы қатарда болатыны белгілі. Сондықтан күнделікті қарым-қатынаста тіл қаншалықты маңызды болса, ол арқылы жеткізілетін ақпараттың барынша шынайы және оқырманға, тыңдарманға түсінікті болуы да соншалықты өзекті.

Жалпы журналистердің әлеуметтік маңызы бар ақпаратты жедел жеткізіп қана қоймай, оны объективті түрде түсіндіру, саралау, өзіндік пікірін білдіру, барынша ауқымды шолу жасау міндетін нәтижелі орындауына көмектесу бүгінгі таңда ерекше маңызды болып отыр. Бұл жерде ақпараттық технология өте қажет. Дегенмен, бүгінде өзін қоғамның саналы, зиялы әрі белсенді мүшесімін деп санайтын әрбір адамның (блогерлер, әлеуметтік желілер мен интернет-ресурстарды белсенді пайдаланушылар) кез келген ақпаратты бұрмалаудан аулақ болғаны жөн.

Зерттеу материалын жинау барысында жаппай іріктеу әдісі, БАҚ-тан алынған мәтіндерді интерпретациялау, сөздік анықтамаларын талдау, тілдік құбылыстарды бақылауды қамтитын кешенді сипаттамалы-аналитикалық әдіс қолданылады.

Зерттеудің ғылыми және практикалық құндылығы оның нәтижесінде жасалған тұжырымдарды қолданбалы мақсатта, яғни медиалингвистика, лингвоязықтану бойынша өткізілетін дәрістерде, стилистика мен мәтін лингвистикасынан жүргізілетін практикалық сабақтарда, арнайы курстарда, сондай-ақ оқу құралдарын құрастыруда пайдалануға болады.

Сонымен мәтінде эвфемизм, дисфемизм қызметін атқаратын тілдік бірліктің семантикалық шеңберін қарастыру арқылы сөздің жағымды яки жағымсыз әсері эвфемизм, дисфемизм мен денотат арасындағы ассоциативті сабақтастыққа негізделетіні айқындалды. Эвфемизм мен дисфемизмге мәнмәтіндік талдау жасау арқылы олардың саяси мәтіндегі прагматикалық әлеуеті оқырманның көзқарасын, пікірін, тіпті іс-әрекеті мен сенімін өзгертуге бағытталатынын байқатты, осылайша эвфемизм мен дисфемизм қоғам өмірінің саясат саласына қатысты маңызды қызмет атқаратыны айқындалды.

Тірек сөздер: медиамәтін, перифраза, эвфемия, дисфемия, тілдік құбылыс, ақпаратты бұрмалау, оң, теріс мәнді, бағалау

Негізгі ережелер

Әлемдік ғылыми қауымдастық бүгінде қиын уақытты бастан кешуде. Бірақ кез келген дағдарыс ғылыми ойдың қозғаушы күшіне айнала алады. Бұл тұрғыдан алғанда ғылыми мақала тақырыбы өте өзекті сипатта, себебі қазір жеке тұлғалық, әлеуметтік және іскери қарым-қатынас жаппай желіге, яғни онлайнға ауысып жатыр. Ал қарым-қатынас ең алдымен тіл арқылы жасалады.

Дүние жүзіндегі халықтар әртүрлі мәдениетке жататын сан алуан тілде сөйлейді. Ұлттық тілдердің ғаламтор кеңістігіне өту барысында жаңа жағдайға бейімделуі лингвистикалық, мәдени, әдеби, психологиялық және бұқаралық ақпарат құралдарына арналған ғылыми зерттеулерге де елеулі өзгерістер енгізетіні даусыз. Демек, қарым-қатынасты тиімді өткізу қажеттілігі ойлар мен идеяларды тіл арқылы жеткізудің жаңа мүмкіндіктерін табу қажеттілігін туындатады.

Біздің міндетіміз – өзекті мәселелерді талқылап, тілдік және коммуникативтік өзара әрекеттестіктің келешегін жаңаша пайымдауға ұмтылу. Бұл мәселеге тіл мамандары, қаламгерлер, журналшылар, психологтар мен саясаттанушылар да өз деңгейінде атсалысуы қажет. Алайда негізгі идея – әрбір тілдік мәдениеттің өзіндік болмысын, ділі мен ерекшелігін, әлемнің ақпараттық бейнесін бұрмаламай, бастапқы ақпаратты, түпнұсқаны сақтай отырып, жалпыға ортақ, әмбебап коммуникацияны тиімді етіп қалыптастыруға саяды.

Кіріспе

Кейінгі кезде бұқаралық ақпарат құралдарында саяси тақырыптар талқыланғанда авторлардың ерекше әсірелеу, даттау, әсіре мақтау позициялары шектен шығып кететіні, қарсыласын немесе кейіпкерін кекетіп, көпшілік алдында беделін түсіру үшін түрлі бейнелі оралымдарды қолдануы, жалпы сөз мәдениеті нормаларынан ауытқуға жол беретіні байқалады. Бұл мәселеге қатысты ғалым Қ.Есенова БАҚ тілінде прагматикалық әсері күшті болғанымен, эстетикалық тұрғыдан орынсыз қолданылған саяси мәтіндердің жұмсалмауын қадағалау қажет екенін айтады [1, 3 б.].

Бұл зерттеу қазіргі БАҚ мәтіндегі *эвфемия* және *дисфемия* құбылыстарын, оларды жүзеге асырудың негізгі жолы саналатын *перифразаны* зерделеуге арналған. Тіл білімі дамуының қазіргі кезеңінде бұқаралық қатысым, қоғамдық санаға сөз арқылы әсер ету мәселелерін зерттеуге қызығушылықтың артып отырғаны мәлім. Осымен байланысты, газет, радио, теледидар, электронды БАҚ тілі ғылыми зерттеулердің өзекті мәселесіне айналды. Бұл бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіні

сияқты пәнаралық зерттеу нысанына назар аударғанда, лингвистиканың әдіснамалық бағдарының – тілді имманенттік жүйеде қарастырудан тілді қолданушы адаммен тығыз қарым-қатынаста, оның рухани-тәжірибелік қызметімен, күллі іс-әрекетімен сабақтастықта зерттеуге қарай ойысуын айқын көрсетеді, мұның өзі тіл білімі аясының да едәуір кеңейгендігінің бір дәлелі іспеттес [2, 5 б.].

Жалпы медиамәтін ерекше прагматикалық бағыттағы материал ретінде тіл мамандарының жіті назарында, өйткені онда ауызша және жазбаша сөзжұмсамның барлық дерлік – риторикалық, ғылыми, поэтикалық, ауызекі сөйлеу түрлерінің белгілері шоғырланған. Сонымен қатар лингвистикалық жаңалықтардың көрсеткіші және қазіргі кезеңде тілде болып жатқан үдерістерді зерттеуге мүмкіндік беретін материал болып табылады.

Медиамәтінді зерттеудегі негізгі бағыттардың бірі – жеке көркем сөз құралдарының қызмет ету ерекшеліктерін, олардың мәтін адресантының прагматикалық діттемін жүзеге асырудағы рөлін қарастыру. Мұндай құралдарға медиамәтінде кеңінен қолданылып, тұтас мәтінді мазмұн және бағалау тұрғысынан түсіндірудің ерекшеліктерін айқындайтын *эвфемизмдер* мен *дисфемизмдер* жатады. Сондай-ақ эвфемия мен дисфемия қоғамда орын алатын сан түрлі саяси, мәдени-әлеуметтік өзгерістерге байланысты жүйелі түрде зерттелуі тиіс. Бұл өзгерістерді, ең алдымен, бұқаралық ақпарат құралдарынан, яғни медиамәтіннен байқауға болады.

Біз тілді өзгелермен қарым-қатынас жасауда, төл мәдениетімізді дамытуда, түрлі ойындар барысында ойымызды жеткізудің тиімді құралы ретінде пайдалана отырып, үнемі өзгертеміз, яғни оны дамытушы рөлін де атқарамыз. Сонымен бірге тілдің табиғи таза қалпын сақтауын, мәнерлі болғанын қаласақ та, кейде оған теріс ықпал ететініміз жасырын емес, алайда мұны өзіміз байқай бермейміз. Осылайша филологиялық зерттеулерді басқа да қоғамдық және гуманитарлық ғылымдардың жетістіктерімен ұштастыру арқылы қазіргі әлемдегі рухани процестермен, аксиологиялық трансформациямен, адам, қоғам, мәдениет арасындағы өзара әрекеттестік мәселелерін қарым-қатынастың жаңа формаларына сүйене отырып зерттейтін әлеуметтік теориялардың жаңа парадигмаларын түсінуімен, өркениет дамуымен байланысты орын алып жатқан өзгерістерді зерттеудің ақпараттық әдістерін жасауға, әзірлеуге мүмкіндік аламыз.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу жұмысында жинақтау, саралау әдістерімен қатар

функционалды-семантикалық талдау, коммуникативті-прагматикалық талдау, этномәдени талдау әдістері, эвфемизм мен дисфемизмді когнитивтік талдау элементтері, сондай-ақ мәтінге контекстік талдау жасау әдістері қолданылды.

Ғылыми әдебиетте эвфемия мен дисфемия туралы Ә. Болғанбаев, Ә. Хасенов сынды көрнекті ғалымдардың пікірлері кеңінен қолданылады: қандай да бір сөз дөрекі естіліп, көңілге тиетін жағдайда басқа сөзбен алмастырылады, яғни мағынасы тұрпайы сөздің орнын сол ұғымды жұмсартып жеткізетін сыпайы сөз – *эвфемизм* басады (Ә. Болғанбаев). Оның табиғаты *табуға* жақын. Ол – бір затты, құбылысты, оқиғаны сыпайылап жеткізу; адамның көңіліне тимейтіндей, жұқалап айта білу тәсілі, мағына ауыстырудың сөз тапқырлыққа байланысты өнімді түрі. Табу – түбінде жойылады, ал эвфемизм тілдің бейнелеуіш құралы ретінде болашақта түрлене бермек (Ә. Хасенов) [3, 329-330 бб.].

Профессор Ә. Болғанбаев эвфемизм тәсілімен сөз алмастырудың мынадай жолдарын көрсеткен: *адамның физикалық кемістігіне қатысты, ауру атаулары (дімкәс, құлағының мүкісі бар, т.б.); мағынасы айтушыға да, тыңдаушыға да жағымсыз естілетін, дөрекі сөздер (суық жүріс, бала жататын жер, белі жоқ т.б.); үйлену, тұрмыс құруға байланысты сөздер (қызын құтты орнына қондыру; баласын аяқтандыру, келін түсіру; аяғы ауыр); адамдар арасындағы жағымсыз қарым-қатынасқа қатысты сөздер (көңіліне алу; жасы ұлғаю; сөзге келу, бет жыртысу; аузы жеңіл; қалтасы жұқару; қалтасы тесік).*

Ғалымның алдағы уақытта сан түрлі эвфемизмдер туып қалыптасатыны [3, 330 б.] туралы пікірі әлі күнге өзекті. Оны қазіргі медиакөністікте қолданылып жүрген сан алуан сөз өрнектерінен де көреміз.

Ғалым Б. Сағындықұлы эвфемизм сөздің ұғым-түсінігін сыпайылап әдемілейтінін, ал дисфемизм, керісінше, жағымды мағынаны дөрекілеп, қатайтатынын айтады [3, 332 б.]. Қазақ тіліндегі дисфемизмдерді А.Е. Мамаева диссертациялық деңгейде арнайы қарастырған [4].

Жалпы тіл білімінде эвфемизм стилистика, лексикология мен семантика аясында біршама зерттелген. Ал социолінгвистикалық, когнитивтік аспектіде зерттеле бастағанына көп бола қойған жоқ. Олардың прагматикалық қырына да жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбеген деуге болады. Жұмыстардың басым бөлігі сөздік материалдарына негізделгендіктен, нақты қолданыстан оқшау алынған, жалпылама сипатта болып келеді. Дегенмен соңғы ширек ғасыр көлемінде БАҚ тіліндегі эвфемизм мен дисфемизмдер қолданысын салғастырмалы аспектіде (негізінен, ағылшын тілімен салыстыру басым), прагматика

тұрғысынан қарастыруға қызығушылық танытқан ғалымдардың көбейгені байқалады: Л.В. Порохницкая [5], Т.В. Бойко [6], Н.А. Ванюшина [7], Е.С. Глиос [8], Ю.С. Баскова [9], Е.В. Кипрская [10] т.б.

Нәтижелер

Қазіргі ғылыми парадигма кез келген тілдік бірлікті функционалдық аспектіде қарастыруға бағыттайды. Сондай-ақ бұл терминдер стилистика мен лексикологияда ұзақ уақыт қолданылып келгендіктен, эвфемия, дисфемия құбылыстарымен байланысты барлық мәселе бірдей толық түсінікті бола бермейді, сондықтан эвфемизмнің көптеген мәселесі даулы күйінде қалып отыр, ал дисфемия мәселесі енді ғана қолға алына бастады, яғни дисфемизмдер жүйелі түрде қарастыруды қажет етеді.

Осымен байланысты, мақала тақырыбының өзектілігі тілдегі адам факторының көрінісін зерттеуге деген қызығушылықтың артуымен, кез келген тілдік құбылысты оның функционалдық жағына жүгінбей, яғни қолданысынан тыс алып зерттеудің толыққанды болмайтындығынан көрінеді, өйткені қандай да бір құбылыстың табиғатын ашу үшін оны өзі орындайтын міндеттер аясында қарастыру керек.

Қарқынды дамып келе жатқан когнитивтік-дискурстық парадигма эвфемия және дисфемия құбылыстарына жаңаша қарауға мүмкіндік береді, олардың көптеген ерекшеліктері алдыңғы теориялар аясында байқалмай қалған болуы мүмкін. Аталмыш құбылыстардың теориялық тұрғыдан жеткілікті дәрежеде қарастырылмауы, сөзжұмсамда кең таралуы, бұқаралық қатысымдағы маңызды рөлі де бұл зерттеудің маңыздылығын айғақтайды.

Сонымен қазіргі медиамәтіндегі эвфемизмдер мен дисфемизмдер зерттеу нысанына алынған бұл мақалада аталмыш тілдік құбылыстардың лингвостилистикалық және прагматикалық ерекшеліктерін талдауға талпыныс жасалады. Ол үшін алдымен мынадай мәселелерге назар аудару қажет: эвфемия және дисфемия құбылысын зерделеуде бұрынсоңды басшылыққа алынған негізгі ғылыми-зерттеу тәжірибесін жүйелеу; эвфемия, дисфемия ұғымдарының негізгі параметрлерін қазіргі лингвистикалық парадигма тұрғысынан бөліп көрсету; аталмыш тілдік құбылыстарды лингвистикалық дихотомия мүшелері ретінде сипаттау; эвфемизм мен дисфемизмнің стилистикалық әлеуетінің медиамәтінде жүзеге асу ерекшеліктерін анықтау; медиамәтіннің *ақпараттық, аналитикалық, публицистикалық және жарнамалық* түрлерінде қолданылатын эвфемизм мен дисфемизм қызметінің прагматикалық ерекшеліктерін талдау.

Талқылау

Медиакеңістікке жасалған шолу соңғы жылдары әлемдік деңгейдегі геосаяси ахуалдың нашарлауына байланысты БАҚ-та да қоғамдық сананы бұрмалаудың сан түрлі үлгісі пайдаланылып келе жатқанын көрсетеді. Әсіресе, пандемия кезінде таралған сан түрлі ақпараттың қарама-қайшылыққа толы болғаны мәлім. Елімізде орын алған қаңтар трагедиясына қатысты жарық көрген мәтіндердегі мәліметтердің де белгілі бір бөлігі шындыққа жанаспайды десек, қателеспейміз. Иешала дүниежүзілік қауымдастықтың назарын аударып, наразылығын тудырған Ресей мемлекетінің Украинаға жасаған *арнайы операциясы* халықаралық қатынастарды тіпті шиеленістіріп жіберді деуге негіз бар. Мұншалықты қиын-қыстау жағдайдың салдарынан қалыптасқан экономикалық дағдарыс, оның заңды жалғасы ретінде күрт нашарлаған әлеуметтік жағдай.

Әлем халқын алаңдатқан осындай келеңсіз оқиғалар, әлбетте, медиакеңістікте кеңінен талқыланып жатады. Әрбір оқиғаға қатысты өз пікірін білдіру, баға беру және келешекке болжам жасау мақсатымен көптеген авторлар БАҚ-та сан қилы материалдарын жариялады. Онда эмоционалды-экспрессивтік сипаттағы мәтіндер де жетерлік. Біз солардың кейбіріне тоқталамыз. Мысалы, bugin.kz сайтында жарияланған Қымбат Сламбектің шетел баспасөзіне жасалған шолуында осы мақаланың зерттеу нысанына алынған эвфемизм, дисфемизмге біршама мысал кездеседі. Украинаға қатысты *әскери шара* басталғалы бері әлем жұртшылығының Ресей басшысына деген пікірінің күрт өзгергенін, тіпті бұрын достық пейілде болған мемлекет басшыларының көзқарасы толығымен теріс сипатта екені материалдың тақырыпатынан-ақ көзге түседі:

«Путин ақыл-есінен айырылды – БАҚ»

РФ президенті В.Путиннің Украинаға әскери операция бастауын *ақымақтық, алжасу, ақыл-есі кем адамның ісі* деген сыңайдағы пікірлер көбейді.

Guardian басылымы «Путиннің дәл Еуропа түбінде соғыс бастауы – *ақымақ іс*. Батыс елдерінің басшылары мұны *психикасы нашарлаған адамның әрекеті* деп бағалауда» [11].

Мәтін үзіндісіндегі мемлекет басшылары келіссөзді *өте қатулы, шиеленісті күйде* өтті деп бағалауында негатив сипаттың басым екені анық байқалады.

Ал Еуропарламент мүшесі Б. Гетта ресми іскери сөзжұмсамға тән сыпайылық белгісін сақтап, сөз әдебінен озбайды:

«Ресей әскері арнайы операция бастаған тұста мен бұл адам шынымен шындықты жоғалтып алған кісі екен деп ойладым. Мұның өзін жұмсартып айтып отырмын», - деп пікір білдірген. «Путинді ақыл-есінен айырылды деуге келе ме?» деген сұраққа Гетта иә деп жауап берген.

«Чех президенті М.Земан – РФ президентінің басқыншылық бастағанын естігенде «ақылынан адасқан екен» деп таң қалған» деген үзіндідегі курсивпен берілген теріс мәнді бағалауды эвфемизмге де, дисфемизмге де жатқызуға болады.

Алмания саясаттанушысы Х. Шрёдер 2014 ж. Ресей Қырымды басып алған кезде «Путин шынайы өмірден қол үзіп қалған адам» деп бағалаған еді. Неміс ғалымының бұл сөзі эвфемизмге нақты мысал болады.

Мәтіннің келесі ақпараттық бөлігінде қойылған *Ресейде қанша ядролық қару бар?* деген сұрақ арқылы автор көпшілік көкейіндегі түйіткілді мәселені көтереді. Оған берілген жауап та көңіл құлазытарлық екені белгілі:

«Ресейде 5977 ядролық оқтұмсық бар екен. Америкада қару бұдан аз. Мамандардың болжауынша, ядролық қару арсеналының басым бөлігі Донбаста орналасқан сыңайлы.

Мұндай адамның *диспатикалық ауруға ұшырауы, ақыл-есінен айырылуы жақсы емес* деген бағалау мәнді тұжырым, әрине, дүниежүзілік қауымдастықтың алаңдаушылығын күшейтеді.

«Ядролық қаруды ешкім қолданбайды деуге келмейді. Жағдай әп-сәтте бақылаудан шығып кетуі гажап емес», - дейді АҒФ маманы Х.Кристенсен...» [12] деп аяқталған шолу оқырманды бей-жай қалдырмасы анық, тіпті көңілдегі қауіпті қоюлата түседі. Ақпараттық-аналитикалық мәтін авторы көздеген діттемі де осы болса керек.

өкілдері өзіне дейінгі дәстүрден аттап өтіп, жаңа арнаға бұрылды, жаңа жол дей алмаймыз. Десек те әдебиетті жаңа жанр, көркемдік ерекшелік тұрғысынан байыта түскен ерекше бір кезең болды. Тарих сахнасындағы келеңсіз жағдайлар мен түрлі тарихи оқиғалар, әлеуметтік теңсіздіктер, бостандық үшін күрес, оқу-білімге, өнерге ұмтылу әрқашан әдебиетте өзекті тақырыптардың бірі болды. Халық ауыз әдебиеті, жыраулық поэзия да осы тақырыптарды кеңінен қамтыған әдебиеттің бір дәуірі еді. ХХ ғасыр басындағы әдебиеттің ірі тұлғалары бұл бағытты жанр, стиль, түр, мазмұн тұрғысынан байытып, толықтырды. Дәстүр мен жалғастық тақырыбы ХХ ғасырдың бас кезіндегі әдебиетте де көрініс тапты.

Қарастырып отырған тақырып әдебиеттануда жиі қарастырылатын зерттеулердің бірі болса да, толыққанды зерттеулер ХХ ғасырдан басталды деуімізге осы кезеңде жазылған дүниелер мысал бола алады. Осы кезеңдегі зерттеулер «зар заман» ақындары мен Абай шығармаларының арасындағы үндестік, Абайдың ақын шәкірттері, Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы рухани үндестік, дәстүр мен жалғастық төңірегіне топтасып, үлкен-үлкен ғылыми зерттеулер дүниеге келіп жатты. Ақындық мектеп пен дәстүрге қатысты 1956 жылы жазылған Е.Ысмайыловтың «Ақындар» атты монографиясын [2], М.Базарбаевтың «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» еңбегі [3], Ә.Дербісәлиннің «Дәстүр мен жалғастық: ауыз әдебиетіндегі ақындық дәстүр және ХХ ғасыр басындағы қазақ поэзиясы» [4] ғылыми монографиясы жоғарыда айтылғандардың дәлелі дей аламыз. Қарастырылып отырған дәуір әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі болған Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармашылығынан да біз дәстүр жалғастығының көптеген үлгілерін таба аламыз. Халық ауыз әдебиетінің, жыраулық поэзияның, шығыс әдебиеттің барлық көркемдігін бойына сіңіре білген Мәшһүр Жүсіп өз шығармаларында дәстүр жалғастығының керемет өрнегін көрсете білді.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы.

Негізгі бөлімде Шал ақын мен Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармаларын талдау барысында дәстүр жалғастығын дәлелдеу үшін мәдени-тарихи әдіс қолданылды. «Автор ↔ Дәстүр» және «Оқырман ↔ Дәстүр» ұстанымы басшылыққа алынды. Әдебиеттегі «автор – туынды» ұстанымы қолданылды.

Зерттеу материалдарына Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің жиырма томдық шығармалар жинағынан 4,11-томдары және екі томдық «Жеті ғасыр жырлайды» еңбектері алынды. Бұл айтылғандардан басқа М.Әуезов, Б.Кенжебаев, З.Бисенғалиев, Ө.Әбдиманұлы, Қ.П.Жүсіп еңбектері де зерттеу материалына жатады.

Нәтижелер

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы қазақ даласына алуан түрлі өзгерістерін ала келді. Тарихта орын алған әрбір оқиғаға қаламгерлер өз шығармаларымен үн қосып отырды. Өздеріне дейінгі кезеңнің тақырыптарын жалғастырып қоймай, басқа тақырыптарға да қалам тербеді.

Себебі дәстүр сөзінің мағынасы өте кең. Дәстүр – әдебиетте ғана емес, адамзаттың өміріне, біліміне, өнеріне де тән құбылыс. Бұл айтылғандардың қайсысын зердеселек те дәстүр ұғымы дайын күйінде пайда болмағанын көреміз. Ол баладан балаға, ұрпақтан ұрпаққа ақыл-ой, сана арқылы, таным арқылы халықтың тұрмысымен етене байланып, өміршең сипатқа ие болды. Ал әдебиеттегі дәстүрдің үнемі дамып, өзгеріп, жаңарып отыратынын ескерсек халықтың өмірінде де өзгерістер болатынын ұмытпау керек. Яғни бұл үшін ең алдымен халықтың өмірінде, сана-сезімінде, танымында өзгерістер, бетбұрыстар болу қажет. Осы тұста дәстүрдің өнерге тән құбылыс әрі заманмен бірге ілесіп, өзгеріп отыратын күрделі құбылыс екені байқалады. Әдебиетке де осындай үрдіс тән деуге болады. Өмірдің айнасы делінетін әдебиет қоғаммен бірге дамиды, бірге жаңарады. Бірақ жаңадан қалыптаспай, үнемі дәстүрмен бірге дамып отырады.

Қоғамдағы жаңа өмірдің тың тақырыптары әдебиетке XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында келді. Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Сұлтанмахмұттарды тудырған замана әдебиетті жаңа, басқа қырынан дамытты. Екі ғасыр тоғысындағы әдебиетті алғаш болып зерттеушілердің бірі Мұхтар Әуезов те XIX ғасырдың екінші жартысындағы, яғни Абай кезінде болған жағдайларды, оқиғаларды білу үшін сол кездегі жалпы Қазақстанның тарихи халін еске алу керек деп жазды [5]. Бұл кез қазақ даласының Ресей империясының бодандығына кіріп, жерінен, өзіндік дәстүрлі билігінен айрылған уақыт болды. Рухани және материалдық құндылықтарынан айырыла бастап, күйзеліске ұшырап, тарыға бастаған халық біртіндеп кедейлене бастады. Қазақ халқының дәстүрлі құндылықтарының сынға ұшырауы біз қарастырып отырған кезеңде өмір сүрген ақын-жазушылардың шығармашылығынан анық көрініс тапты.

Талқылау

Мәшһүр Жүсіп шығармаларының тақырыбы алуан түрлі. Өзі өмір сүрген кезеңнің басты тақырыптарын шығармаларынан қалыс қалдырмады.

Ақын шығармашылығын зерттеуші ғалымдар да өз еңбектерінде XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін

карастырғанда, соның ішінде Мәшһүр Жүсіп өлеңдерін басқа тұлғалардан жеке дара бөлудің қажеті жоқтығын айтады. Яғни оны бұрыннан келе жатқан дәстүрге бай шығыс әдебиетінің жалғасы ретінде қарастыруымыз заңды деген түйінге келеді.

Мәшһүр-Жүсіп халық ауыз әдебиеті, жыраулық поэзияда қозғалған тақырыптардың бір қатарын өз туындыларында жалғастырып қана қоймай, өзі өмір сүрген заманның ағымына ілесіп отырды. Діни-ағартушылық бағыттағы өлеңдерімен халықты оқу-білімге, өнерге, ғылымға ғана үгіттеп қоймай, еңбекқорлыққа, еңбек етуге шақырды. Кедейлене бастаған халқының жағдайына күрсініп, онымен күресудің жолдарын ұсынды. Жалқаулықты, еріншектікті шенеді. Осы тақырыптағы туындыларынан ақын сөз қолданысының тамаша үлгілерін табуға болады. Кедейлік тақырыбы жыраулық поэзияда да қозғалды.

Мәселен, Мәшһүр Жүсіптің «Кедейліктің арқаны» өлеңі құрылысы бойынша 11 буынды қара өлең ұйқасына құрылған, барлығы 138 жолдан тұрады. Өлеңде адам бойындағы жаман қасиеттер соның ішінде жалқаулық пен еріншектікті сынайды, осы жаман қасиеттердің кемшіліктерін өткір тілмей шенейді.

Мысалы:

Балалар, жалқау болма, шабан тартып,

Ілгері ұмтыла бас, күн-күн артып.

Арқаны кедейліктің – еріншектік,

Желкеңнен жібермейді мықтап тартып [6, 94 б.].

Осы үзіндіден көрініп тұрғандай «ұйқы басу, отбасында тазалықты сақтамау, өсек айту, еңбек етуге құлықсыздық» сынды кедейлікке тән ерекшеліктерді ақын уытты тілімен шебер өрнектейді. Күнделікті күйбең тіршілікте бірде байқалып бірде байқалмай, көзге анық көрініп, адам жанын күйдіретін, бірде қасақана болмаса да байқамай қалатын келеңсіз қылықтарды ақын сол дәуірдің дерті, кеселі деп білген. Себебі бұл кеселдерден айықпаған адам басқаларға да зиянын тигізуі мүмкін. Осылардан айыққан адамның ғана көзі ашылып, ойы өзгеріп, дүниені, өмірді көре алатынына меңзейді. Бұл жерде ақын «көз» деп адамның көкірек көзін, жүректегі ақылдың көзін айтып отыр. Осы көкірек көзі оқу-білім арқылы ғана ашылатынын ашық жазады. «Ашылмас оқымасаң көз бен қабақ» деген насихатының да мәнісі осында жатыр.

Ақын айтып отырған кедейлікке тән ерекшеліктерді қазіргі заманның көзімен қарасақ та маңызын жоймағанын көре аламыз. Егер Абай, Шал ақын, Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім қозғаған кедейлік мәселесін адамның материалдық тұрғыдан кедейленуі және рухани кедейленуі тұрғысынан болды десек, қазіргі уақытта мұны рухани кедейлену деп

қарастыруға болады. Технология мен ғаламтордың, цифрлық дамудың, өркениеттің көшіне ілесіп бара жатқандардан рухани кедейленуді байқауға болады. Себебі қазір бай мен кедей ұғымы жоқ. Таптық бөлініс жоқ. Қазір оқу да, білім де, ақпарат та, бәрі де бар. Бірақ осы берілген мүмкіндікті дұрыс қолдана алмай жүрген қазіргі заманның адамына Мәшһүр Жүсіптің пікірін мысал ретінде келтіре аламыз. Осыған қарап ақынның сол дәуірде айтқан сөздері қазіргі күнде де өзекті екенін байқаймыз.

Әдебиетте еңбек, кедейлік тақырыбы халық ауыз әдебиетінде де бар. Мақал-мәтелдерде, ертегілерде, шешендік сөздерде бұл тақырып бірнеше рет көтерілген. Алайда олардың бәрінде үгіт-насихат түрінде беріліп, тәрбиелік қыры басым болса, Мәшһүр Жүсіпте жоғары деңгейде, діни бағытта әрі көркемдік ерекшеліктермен сөз етіледі. Мақал-мәтелдерді қарастырсақ, *«Еңбегіне қарай өнбегі», «Еңбек – адамның екінші анасы», «Еңбек бейнет емес, зейнет», «Жоқшылық жомарт ердің қолын байлар»* мысалдарынан бір-бірімен кереғар шендестіруі жоқ, қорытындысы тұспалды, қысқа да нұсқа нақыл сөздерді көреміз. Бұл мысалдардан біз қарастырып отырған еңбек құндылығы, кедейлік мәселелерінің тек Мәшһүр Жүсіп шығармаларында ғана емес, бастауын ауыз әдебиетінен алатынын байқаймыз.

Қаламгер адамның табысқа жетуі жолында желкесінен тартып жібермейтін рухани кесел, жағымсыз қасиет жалқаулық туралы сөз бастап, әрі қарай өлеңнің негізгі тақырыбы кедейлікті қозғайды. Мұқият зерделесек ХХ ғасырдың бас кезіндегі өзекті болған тақырыптардың бірі еңбек мәселесі де көрініс табады. Мәшһүр Жүсіп айтып кеткен әйгілі *«Кедейліктің ағайындары»* осы өлеңде сөз болады. Сонда Мәшһүр Жүсіп *«үш ағайындыға»* нені жатқызады екен деген сауалға жауап беріп көрейік. Оларды ғұлама өлеңінде былай тарқатады: үлкені – кежірлік, ортаншысы – еріншектік, кенжесі – ұйқы. Қазақтың таным түсінігінде адамды кедейлікке ұшырататын, берекесін қашыратын да осы кесел екен.

Ақын кежірлік деп нені айтып отыр? Енді осыларға жеке-жеке тоқталайық. Әдебиетте шешендік сөздерімен халыққа таныс әйгілі Мөңке би атамыз бір сөзінде осы кедейліктің болашақта адамзатқа жау болатынын айтып кеткенін көруге болады. Мәселен,

Ишегіне шынашақ айналмайтын,

Ежірей деген ұлың болады.

Ақыл айтсаң ауырып қалатын,

Кежірей деген қызың болады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *кежірей* 1.қыңыраю, қиястану.

2. Тұмсығын көкке көтеру, бәлдену, кекірею мағынасында берілген [7, 374 б.]. Яғни Мәшһүр Жүсіптің де те қолданысындағы *кежірей* ақылынды алмайтын, айтқан сөзінді құлағына ілмейтін, қырсық, қыңыр адам. Адамның жаман қасиеттерінің бірі надандық – осы кежірлікпен туыс ұғымдардың бірі. Наданға да, қыңыр адамға да айтқан сөзін қабырғаға айтқанмен тең. Өзгенің тілін алмайтын, өзі де өзгеруге тырыспайтын осы жаман қасиеттер адамды жақсылыққа апармайтыны белгілі. Кежірлікке, жалқаулыққа ұшыраған адамның бұл тығырықтан шығатын жолды табуы екіталай. Яғни үлкен дерт, оның дауасы жоқ. Сөзіміздің дәлелі ретінде Мәшһүр Жүсіптің екі нәрсеге дауа жоқ деген пікірін келтіргіміз келеді: «Соның бірі: «Өзің білме, білгеннің тілін алма!» – деген қарғысқа ұшыраған ақымақтардың ақымақтығына дауа жоқ». Міне, бұл дерттің бастауы кежірлікте жатыр.

Бірінші ағайын ешкімнің ақылын тыңдамайтын қыңырлық болса, екінші ағайынымыз бұдан да сорақы. Ол – еріншектік. Ештеңе жасамай ерініп отыра беру – кедейлікке ұшырататын дауасыз дерттің бірі, яғни кедейліктің органшысы. Бұл тұста ақын кедейлік деп материалдық тұрғыдағы кедейленуді ғана емес, рухани кедейленуді де айтып отырған сияқты. Өмірде болып жатқан түрлі өзгерістер мен айналамызда орын алған жаңалықтарды білуге құштарланбау адамды рухани тұрғыдан да аздырады. Адам рухани кедейленеді. Ал рухани кедейленген адам өзіне-өзі қиянат жасайды.

Сол себепті де Пайғамбарымыз (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Уа Аллаһым, дәрменсіздіктен, жалқаулықтан, қорқақтықтан, қаусаған қарттықтан, сараңдықтан саған сыйынамын!» деп дұға қылған. Үмбетіне де бұл дұғаны үйреткен. Себебі бұлар – адамды қор қылатын, теріс жолға түсіретін, жер қылатын дүниелер. Абай атамызда да осындай идея бар. Ұлы ақын: «Адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық» дейді.

Демек Мәшһүр Жүсіп көтеріп отырған кедейлік тақырыбының мазмұны тереңде жатыр. Материалдық жағынан кедейленіп, қу тақырға айналған кедей адам және рухани кедейленген сорлы адамның бейнесін жасап отыр.

Қарап отырсақ, екі ғұламаның өлеңдерінде бір үндестік, рухани ұқсастық бар. Абай мен Мәшһүр Жүсіптің әдебиеттегі кездесуі деуге болады. Бұл жерде екі ойшылдың бетпе бет жүздесуі емес, рухани жүздесуі, рухани тілдесулері, тақырып үндестігі бар мағынада айтылып отыр. Осыған қарап, екі ойшыл бірін-бірі қайталады деген ойдан аулақпыз. Өйткені екеуі өмір сүрген кездегі тақырып, заман ортақтығын ескеру керек, көтеріліп отырған мәселе де бір, ол – адамның рухани

жетілуі, халықтың өзге жұрттан қалмай замана көшіне ілесуі. Және осы жолдағы түрлі кедергілер мен соларды жою жолындағы күрес те екі ойшылдың шығармаларында да сөз болады.

Шынайы өмірде адамның ақ жолды іздеп, дұрыс жолға түсудегі, оқу оқып, сауатын ашудағы бір бөгет болатын нәрсе де осы жалқаулық. «Бойыңа жалқаулықты үйір қылсаң, жүрерсің көрінгенге көзің түсіп» деген өлең жолдарындағы идея: жалқаулықтың кесірінен өзгеге кіріштар, басыбайлы болу. Адамгершіліктің негізгі өзегінің бірі ретінде еңбектің бағалануы оның өмірдегі орнын, маңызын жоғары екенін аңғартады. Жалқаудың қолында ештеңе болмаған соң басқаларға жалтақтап телміруден басқа істейтін амалы болмайды. Мәшһүр Жүсіп осыған жетпеу үшін әр адам бойындағы жалқаулықпен күресіп еңбектену керек дейді. Әділ еңбек қана мақсатына жетеді деген ойға жетелейді.

Қарастырылып отырған кезең әдебиетіндегі еңбек құндылығының зерделенуін арнайы зерттеген О.Ж.Темірбеков әдебиетте еңбекті қадірлеу, оны культ деңгейіне дейін көтеру қазақ әдебиетінде бұрын соңды болмаған құбылыс деп баға берген еді. Яғни бұны қазақ әдебиеті тарихындағы ерекше кезең, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап пайда болған ерекше оқиға деуге болады [8]. Жыраулар поэзиясының өкілі Базар жыраудың да еңбек құндылығы, кедейлік тақырыбы көтерілген туындылары бар. Профессор Б.Кәрібозұлы жырау шығармашылығы туралы: «Жырау толғауларындағы негізгі тақырыптар: өткінші дүние, өзгермелі өмір, адам өмірінің қысқалығы, т.б. жырланғанда адамдық мінез құлықтың жақсы жақтарының айтылуымен бірге, жағымсыз тұстары да сыналып отырады» дейді [9]. Мәселен,

Ділмар боп жүр бұл күнде

Дым білместің талайы.

Жоқтықтан қолы байланып,

Кеңеске басы кірмей жүр,

Жігіттің не бір сығайы.

Жоқтық – өмірдің, адамзаттың, тіршіліктің дұшпаны. Қазақ дүниетанымында одан өткен жаман нәрсе жоқ. Бұл үзіндіде жоқтық яғни кедейлік мәселесі әлеуметтік тақырыптың бір кішкене бөлігі ретінде ғана қарастырылып отыр. Яғни Мәшһүр Жүсіп, Абай сияқты культ деңгейіне көтерілмесе де қазақ даласында бір кездері орын алған қиындықтың бір түрі ретінде айтылған.

Шынымен де бұған дейінгі кезеңдерде еріншектік, жалқаулық, ұйқы тақырыптары мәселен халық ауыз әдебиетінде, жыраулық поэзияда қозғалса да дәл Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп сияқты жоғары деңгейге жеткізіп жырлау болмады. Мысал жанрында, аудармаларда т.б. өлеңдерде

адамның жағымсыз қасиеттері ретінде айтылып, олардан аулақ болуға шақырған, үгіттеген туындылар болды. Себебі сол дәуірдің талабы басқа болды, көтерген тақырыптарының ауқымы да өзгеше болды. Бұған қарап еңбек мәселесі мүлдем болмады деген ойдан аулақпыз. Жоғарыда келтірілген дәстүр ұғымының анықтамасы сөзімізге дәлел бола алады. Халықтың өмірінде, санасында орын алған жаңа бетбұрыс, үрдіс әдебиетке еңбек ұғымын әкелді. Мәшһүр Жүсіп айтып отырған еңбек ұғымы Абай мен Шәкәрімде де бар. Қос ғұлама да адамның жағымсыз қасиеттерін санамалап келіп еңбекпен байланыстырып, өзіндік көзқарасын білдіреді.

Ал талдауға түсіп отырған жыраулық поэзияда еңбек мәселесі қалай көрінді, кедейлік қалай жырланды дегенге келсек Шал ақын кедейлік ер жігітке намыс емес деп жігерлендіруге, қайрауға тырысады. Кедейлік сенің туысың да, танысың да емес дейді. Кедейліктен алыс жүруге шақырады. Мысалы:

*Кедейлік ер жігітке намыс емес,
Жоқ болсаң – туысың да таныс емес.
Суық үй, арық соғым, жаман қатын
Үшеуі кедейліктен алыс емес [10, 90 б.].
Ал Бұқар жырау:
Жалғыз туған жігіттен,
Сырым тікен тал артық.
Жарлы болған жігіттен
Бесіктегі бала артық,
Есіктегі ит артық!
деп толғайды [10].*

Бұқар жырау жарлы жігітті адам санатына қоспайды, одан бесіктегі баланы, есіктегі итті артық дейді. Бұл жоғарыда айтқан жоқтық, кедейлік өмірдің дұшпаны деген пікірімізді растай түскендей. Бұқар жырау кедейлік, жоқтықтан құтылудың жолдарын іздеп, уытты, ащы сөздерімен халықтың намысына тиюге тырысады. Кедей адамның болмысын сипаттап алып, Мәшһүр Жүсіп, Шал ақын сияқты кедейліктен құтылудың жолын іздейді. Өзінің жауынгерлік, ерлік туындыларында халықтың намысын оятып, жаумен күресуге шақырған әрекеттері сияқты кедейліктен құтылудың жолын да намыстан бастайды.

Шал ақын кедейлікке ұрындырған адамның жағымсыз қасиеттерінің түрін түстеп айтып отырмай бірден кедей адамның болмысын сипаттайды. Ішерге тамағы, киерге киімі, жағарға отыны, дос-жаран, көрші-құрдаспен араласатын күйде бола алмайтынын «суық үй, арық соғым, жаман қатын» деп бейнелеу құралдарымен ашып береді.

Ақынның шығармашылығына тән үгіт-насихат түрінде айтатын ойлары осы өлеңінде де байқалады. Адамның жақсы, жаман қасиеттері мен алған жарына қатысты айтатын пікірлері оқырманды ойландырады.

Мәшһүр Жүсіпте де осындай бейнелі бояулар өте көп. Мәселен, «Кедейліктің арқаны», «жалқаулықтың жібі», «кедейліктің ордасы», сияқты метафоралық тіркестер, «қояншықтай бір ауру ұстамалы» теңеуі, «үш қара жол» метонимиясы арқылы адамның өміріне қауіп төндіретін еріншектік, жалқаулық, кежірлікті танытады. Сондай-ақ «бажылдап», «қаңғырып», «бұрқырап», «бырқырап», «семіртіп» бейнелі сөз өрнектерін жалқау адамның кескін-келбетін сипаттауға қолданады.

Шал ақын тағы бірде:

Кедейдің үш түрі бар ойлағанға,

Байлық жоқ қанағатсыз тоймағанға,

Бас белгі деген бір түрлі кедей бар,

Мойынын кедейлікке бұрмағанға [10].

Мәшһүр Жүсіп «кедейліктің ағайындары» деп үшеуін атап көрсетсе, Шал ақын кедейліктің үш түрі бар дейді. Оларға адамның қасиеттерінен қанағатсыздық, елгезектік және ұйқыны жатқызады. Тоңмойын, қыңырлық мінез бен еріншектік ағайындылардың үлкені мен ортаншысы болса, Шал ақында қанағатсыздық пен елгезектік. Бір қарасақ, екі ақын да кедейлікке ұшыратар қасиеттерді жіпке тізіп айтып береді. Барлық атаулар қисынды, қанағат ете білмеген адамның әрекеті неге апарып соғарын аңғару қиын емес. Мәшһүр Жүсіп кежірлікті бірінші қояды. Қайсын алсақ та кедейлікке ұшыратар дерттер екенін түсіне аламыз.

Шал ақын кедейліктің түрлерін айта келіп, олардың соңы неге апарып соғарын нақты айтады. Кедейліктің алдын ал, оған бой берме, алыс жүр деп үн қатып, үгіттейді. Мәшһүр Жүсіп кедейліктен құтылатын жолды былай көрсетеді: «Басқалардың тілін ал, яғни үлкендердің ақылын тыңда. Пысық, елгезек бол. Сол кезде ғана кежірліктен құтыласың. Жалқаулықпен күрес. Себебі бойындағы жалқаулық атаулыдан құтылуға тек өзің ғана көмектесе аласың. Жалқау адам қолындағы барынан, алдындағы малынан айырылады. Оған бой алдырсаң кедейге айналасың. Осыдан сақтан». Бұл айтылғандардан басқа қандай ем табуға болады?! Адам өзін өзі қайрап, қолына алып, бойындағы осы жаман кеселмен өзі күреспесе бұдан айығу мүмкін емес. Ақын көкірек көзі ояу азаматқа кедейліктің емін тайға таңба басқандай етіп, түсінікті тілмен сипаттап берген.

Бұдан басқа: «Бұл үшеуінен құтылсаң, қолың әр нәрсеге жетеді. Бұл үшеуі: бірі желкеңнен тартып, біреуі дүнбе құйрығыңмен жерге

қарай жабыстырып, бірі шыңтағыңнан қисайта құлатып жібермей, табандап жатқан соң, қолың қайда жетсін?!» деп кедейліктің салдарын тізіп береді [11].

Мәшһүр Жүсіппен бір заманда өсір сүрген Абай, Шәкәрімнің шығармаларында еңбек мәртебесі, кедейлік тақырыбы жоғары деңгейде көтеріліп «еңбек культі» жасалынды [8]. Шәкәрім мен Мәшһүр Жүсіптің бір ұқсастығы екеуі де көтеріліп отырған тақырыпты нәпсі тұрғысынан қарастырды. Нәпсінің жетегіне еріп, жалқауға айналған халқын сынның астына алады. Бірақ үшеуіне де ортақ тұс – бұл дерттің жолын табу. Ол жол нәпсімен күрес, еңбектену, мал табу болса, Абайда оқу, біліммен жалғасады.

Шәкәрім «Мал жимақ» өлеңінде малды мақтан үшін жинама, жаның үшін жи. Мақтан үшін жинасаң, ертең шіріп топыраққа айналатын тәнің үшін жисаң бүкіл еңбегіңнің зая кеткені дейді. «Арыңды сатпа, теріңді сат» деу арқылы адам баласы өзінің маңдай ақы адал еңбегімен нанын тапсын дегені. Ақын өз ойын былай қорытады:

*Ерінбесең еңбекке, дәулет дайын,
Жаратқан жоқ жатсын деп бір құдайың.
Ойласын деп ой берді, көруге көз.
Аяқ берді, тапсын деп басқан сайын.*

Абай бұл дертпен күресудің жолы «баянды еңбекте» жатыр деп, онымен күресудің бірнеше жолын көрсетеді. Олар – егін егу, оқу, білім, өнер, яғни еңбектену.

Бірінші түріне егіншілікті жатқызады. Өмірінің басты күнкөрісі болған малмен өмір сүрудің жаңа заман талаптарына сай көп қиындықтар әкелетінін түсінген ақын халқына жаңа кәсіптің түрін ұсынады. «Түбінде баянды еңбек егін салған» деп тұжырымдайды. Бұл ойын өзінің «Сегіз аяқ» өлеңінде де айтады. «Бұл артық кемі жоқ Абайдың қазаққа салып берген еңбек кодексі, ел болудың жолы, қазақтың ұлттық идеясы».

Осы кезең әдебиетіндегі басты нысана – кедейлікпен күрес және «ұйқыдан ояту». XX ғасыр басындағы әдебиетті халықтың көзін ашу, қараңғылықтан алып шығу, оқу-білімге, өнерге, ғылымға қарай бағытталған «ояту» әдебиеті болды дейміз [12]. Бұл жерде «ұйқыдан ояту» халықтың көзін ашу, болып жатқан оқиғаларды түсініп, өзінің бостандығы, азаттығы жолында күресіп, оқу оқып, оң мен солды тану керек делінсе, қос ақынның шығармаларындағы «ұйқы» кедейліктің дерті ретінде қаралған. Жалпы «ұйқы», «ұйқыдан ояту» сөз қолданыстарын қай қырынан алып зерделесек те XX ғасыр басындағы әдебиеттің зерттеу нысандарының біріне айналғанын көре аламыз. Десе де жыраулық поэзияда да, XIX ғасыр әдебиетінде де «ұйқының» көптеген

тақырыптарға арқау болғаны белгілі. Яғни өміршең тақырыптардың бірі десек те болады.

Кедейлікке ұрынбаудың бір жолы, емі мал табу дейді қос ақын. Қазақ мәдениетінің, өмірінің бір бөлшегіне айналған осы ұғымды қос ақын еңбектің негізі, бізді адастырмайтын жол деп қарайды. Қараңыз:

Мәшһүр Жүсіпте

Мал көзде, ертеңді-кеш ұйқыңды бөл,

Кім жұмсаса, ұшып жүр, қайтарма тіл.

Басы білгіш, елгезекке кедейлік жоқ,

Кежірлік – кедейліктің ордасы, біл [6, 94 б.].

Шал ақында:

Ант соқса, адам шіркін тосылады,

Кері кетсе, ұйқы кеп қосылады.

Құл-құтан, қарақалпақ болса дағы

Мал шіркін абыройыңды жасырады [10].

«Әрекет ет, еңбек ет, басқалардың тілін алып, қарсы келме, басқа нәрселерге алданбай жұмыс істеп, еңбектеніп мал тапсаң кедейлікке ұшырамайсың, ұйқыға жол берме» деп Мәшһүр Жүсіп кедейлікпен күрестің жолдарын талдайды. Шал ақын алдына қойған мақсатынан айнып, қалыс қадам жасаған жағдайда ұйқының жау болатынын мысалға келтіреді. Кедейлікпен күрес жолында талапты ашып айтпаса да соның жолдарын көрсетуге тырысады. Кедейліктің алдын алу үшін, жігіттік намысыңды жоғалтпауға мал көмектеседі деп ой түйеді. Азаматтығыңа сын болатын дүниелерді жасама, еңбектен, жаныңа азық тап, мал ұста деп үгіт-насихат та айтып өтеді. Мал, азық табу үшін еңбектену қажет деген ой жатқанын байқай аламыз.

Бұл жайт Абайдың да назарынан қалыс қалмады. «Адал бол – бай тап, // Адам бол – мал тап // Қуансаң – қуан сол кезде:// Біріңді, қазақ, бірің дос, // Көрмесең істің бәрі бос» деп адал жолмен мал тауып, күніңді көр деп ой тастайды.

Мәшһүр Жүсіп шығармашылығына тән ерекшеліктердің бірі жансызға жан бітіру, деректендіру тәсілін осы өлеңінде қолданып «кедейліктің» бейнесін жасайды.

Безерленер кедейлік белдеу ұстап,

Бас салар еріншекті ұйқы қостап.

«Құдай салды, мен көндім» дегеннен соң

Сенен қолын үзбейді, жайлап, қыстап.

*Күн бұрын бекітіп бақ келер жолын,
Үйіңнің белдеуінен ажырат қолын.
Үйіңе кедейлікті бір түнетсең,
Бермейді ел көшкенде жұрттың соңын [6, 95 б.].*

Ақын адамдарды кедейліктен сақтандыру, жалқаулық, еріншектік, кежірліктен жирендіріп, еңбек етуге ұмтылдыруға тырысады. Кедейліктің жоғарыда аталған кеселдерінен, кедейлікке ұшырататын түрлерінен аулақ болу керек деп ой түйеді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, екі ақынның шығармаларында тақырып ұқсастығын, дәстүр жалғастығын байқадық. Базар жырау мен Шал ақынның шығармаларында кедейлік тақырыбы үгіт, насихат түрінде айтылып, астарында еңбек, еңбектену мәселелері жатқанын аңғаруға болады. Бұқар жырау кедейлікті ер азаматқа намыс көрсе, Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінде еңбек мәселесін ашық түрде қозғайды. Шал ақын кедейліктің алдын алып, кедейлікке жасымай қарсы алуға үгіттеп, кедейлік жігітке намыс емес десе, Мәшһүр Жүсіп кедейліктен құтылудың жолын кәнігі шеберлер тәрізді тізбектеп айтып береді. Екі ақында да бейнелеу құралдары өте орынды, ұтымды, шебер қолданылған. Авторлық сөз қолданыстарын жұмысымыздың талқылау бөлімінде жазып көрсеттік. Оның қозғаған тақырыбы, өзіндік сөз қолданыстары қазіргі қазақ әдебиетінде де, қазақ қоғамында да өміршең, маңызы бар туындылар. Абайдың, Шәкәрімнің, Мәшһүр Жүсіптің үшеуінің де ортақ тұсы – еңбектену арқылы кедейліктен құтылу, жоқтықпен күресу. Шәкәрім ұстазының салған ізін жалғастырып, Мәшһүр Жүсіппен үндесіп кедейліктің басты соры нәпсінің жетегінде кету дейді. Мәшһүр Жүсіп жансызға жан бітіру, деректендіру тәсілімен әдебиетте «кедейлену» бейнесін жасады. Абай еңбек культін, іскерлік феноменін қалыптастырды.

Шал ақын мен Мәшһүр Жүсіптің өмір сүрген кезеңдері бір-бірінен қатты алыс болмаса да қос ақынның көтерген кедейлік, еңбек тақырыптары замана тудырған мәселелер. Шал ақын – жыраулық поэзия мен ақындық поэзияның бел ортасында ғұмыр кешіп, өлеңдерімен, шығармаларымен екі кезеңнің ортасындағы жаңашылдық пен дәстүр жалғастығын сақтай білген ақын. Әдебиеттегі осы дәстүр жалғастығын Мәшһүр Жүсіп те өз туындыларында сақтай білді. Өзі өмір сүрген кезеңге дейінгі әдебиеттерінде көтерілген тақырыптардың болмысын бұзбай, өз заманының үнімен үндестіре, үйлестіре отырып жоғары деңгейде көтере білді. Дәстүр жалғастығы Мәшһүр Жүсіп шығармаларында өз сабақтастығын сақтай білген деп түйіндегіміз келеді.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Поляков М. Вопросы поэтики и художественной семантики. – Москва: Советский писатель, 1986. – 470 б.
- [2] Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы: Жазушы, 1956. – 325 б.
- [3] Базарбаев М. Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973. – 256 б.
- [4] Дәрбісәлин Ә. Дәстүр мен жалғастық: ауыз әдебиетіндегі ақындық дәстүр және ХХ ғасыр басындағы қазақ поэзиясы. Монография. Ғылыми-әдеби зерттеулер. Үш томдық шығармалар жинағы: 2-том. – Алматы: «Дәуір-Кітап» баспасы, 2018. – 480 б.
- [5] Әуезов М. Абай Құнанбаев: монография. – Алматы: Санат, 1995. – 320 б.
- [6] Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. 4 том. Павлодар қ.: «ЭКО» ҒӨФ, 2004. – 535 б.
- [7] Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі [Мәтін] / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- [8] Темірбеков О.Ж. ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында қазақ әдебиетіндегі еңбек құндылығының зерделенуі (Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп шығармалары негізінде): Филол.ғыл. канд. дисс. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Астана, 2010. – 137 б.
- [9] Кәрібозұлы Б., Оралова Г.С. Базар жыраудың әдеби мұрасы. // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – Астана, 2021. – №4.
- [10] Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық. – Алматы: Жазушы, 2008. 1-том. – 400 б.
- [11] Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. 11 том. – Павлодар қ.: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. – 418 б.
- [12] Әбдиманұлы Ө. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің алғашқы кезеңі (1900-1940): оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 156 б.

REFERENCES

- [1] Poläkov M. Voprosy poetiki i hudojestvennoi semantiki (Questions of poetics and artistic semantics). Moskva: Sovetski pisatel, 1986. 470 b. [In Rus.]
- [2] Ysmaiyllov E. Aqyndar (Poets). Almaty: Jazuşy, 1956. 325 b. [In Kaz.]
- [3] Bazarbaev M. Öleñ sözdñ patşasy, söz sarasy (The aesthetic richness of our literature). Almaty: Jazuşy, 1973. 256 b. [In Kaz.]

[4] Därbisälin Ä. Dästür men jalğastyq: auyz ädebietindegi aqyndyq dästür jäne HH ğasyr basyndaғы qazaq poeziasy. Monografia. Ğylymi-ädebi zertteuler. Üş tomdyq şyğarmalar jinaғы: 2-tom (Tradition and continuity: Poetic Tradition in Oral Folk Art and Kazakh poetry of the early twentieth century. Monograph. Scientific and literary research. Collection of essays in three volumes: Vol. 2.). Almaty: «Däuir-Kitap» baspasy, 2018. 480 b. [In Kaz.]

[5] Äuezov M. Abai Qūnanbaev: monografia (Abay Kunanbayev: monograph). Almaty: Sanat, 1995. 320 b. [In Kaz.]

[6] Köpeiūly M.J. Şyğarmalary. 4 tom (Collection of works. Vol. 4). Pavlodar q.: «EKO» ĞÖF, 2004. 535 b. [In Kaz.]

[7] Qazaq tılıniñ tüsindirme sözdigi (Explanatory dictionary of the Kazakh language). / Jalpy redaksiasyñ basqarğan T. Janūzaqov. Almaty: Daik-Pres, 2008. 968 b. [In Kaz.]

[8] Temirbekov O.J. XIX ğasyrdyñ ekınşı jartysy men XX ğasyrdyñ basynda qazaq ädebietindegi eñbek qūndylyğynyñ zerdeleni (Abai, Şäkärim, Mäşhür Jūsıp şyğarmalary negızinde). Filol.ğyl.kand, diss. (The study of the values of labor in the Kazakh literature of the second half of the XIX-early XX century (based on the works of Abai, Shakarim, Mashhur Zhusup): Dissertation of the Candidate of Philology). L.N.Gumilev atyndaғы Eurazia ũlttyq universiteti. Astana, 2010. 137 b. [In Kaz.]

[9] Käribozūly B., Oralova G.S. Bazar jyraudyñ ädebi mūrasy (Literary heritage of Bazaar zhyrau). L.N. Gumilev atyndaғы EŪU Habarşysy. Filologia seriasy. Astana, 2021. № 4. [In Kaz.]

[10] Jeti ğasyr jyrlaidy: eki tomdyq (Poetry of the seven Centuries: in two volumes). Almaty: Jazuşy, 2008. 1-tom. 400 b. [In Kaz.]

[11] Köpeiūly M.J. Şyğarmalary. 11 tom (Collection of works. Vol. 11). Pavlodar q.: «EKO» ĞÖF, 2007. 418 b. [In Kaz.]

[12] Äbdimanūly Ö. XX ğasyr basyndaғы qazaq ädebietiniñ alğaşqy kezeñi (1900-1940): oqu qūraly (The first stages of Kazakh literature of the early twentieth century (1900-1940): Study guide). Almaty: Qazaq universiteti, 2010. 156 b. [In Kaz.]

**ПОЭЗИЯ МАШХУРА ЖУСУПА КОПЕЕВА:
ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ТРАДИЦИЙ (ПРОБЛЕМА БЕДНОСТИ)**

*¹ Ерланова А.Е.¹, Баратова М.Н.², Ташекова А.Т.³

¹ PhD докторант, НАО «Торайгыров университет», Павлодар,
Казахстан, e-mail: ayaulym_erlankyzy@mail.ru,

² кандидат филологических наук, профессор, НАО «Торайгыров
университет», Павлодар, Казахстан,
e-mail: baratova.muhabbat1970@mail.ru,

³ Магистр педагогических наук, преподаватель, НАО «Торайгыров
университет», Павлодар, Казахстан,
e-mail: aiko_tarbinovna@mail.ru

Аннотация. В статье рассматривается преемственность традиций в поэзии Машхура Жусупа Копеева. Цель статьи – проанализировать ранее не изученные произведения, рассмотреть роль поэта и его произведений, дифференцировать произведения с точки зрения современности. Ранее профессор К. П. Жусуп в своих исследованиях исследовал гармонию между великим поэтом Абаем и Машхур Жусупом, М.Н. Баратовой были изучены традиции в стихах поэта, стиль, образность, преемственность и сущность традиций, Е.К. Жусупов исследовал восточную литературную традицию. Кроме поднятых в этих работах вопросов, имеется много необсужденных, невысказанных идей, что свидетельствует об актуальности статьи. В частности, анализируются вопросы ценности труда, бедности, лени.

Идея научного исследования заключается во всестороннем раскрытии изучения проблемы бедности, ценности труда в произведениях Машхур Жусупа.

Интерпретация идей Машхур Жусупа Копеева о способности человека к труду, преодолении себя, самообразовании, тем самым избегании препятствий, ведущих к бедности, отражают практическое и воспитательное значение исследования.

В ходе анализа было доказано, что Машхур Жусуп Копеев, который развил в своем творчестве лучшие образцы народной литературы, является одним из поэтов, твердо придерживавшихся продолжения традиции и рационально применявших ее в своем творчестве, но сумевших оставить свой след, не повторяя традиций. В статье обсуждаются вопросы преемственности традиций и литературы начала XX века, жырауской поэзии, связи между народной устной литературой, гармонии. В частности, произведения поэта были сопоставлены с образцами устной литературы, произведениями Шал акына, Шакарима, Абая, выявлены

преемственность традиций (тема бедности) и своеобразие. Доказано, что Копееву удалось поднять ценность труда, проблему бедности на такой уровень культа, как Абай, Шакарим. Ценность исследования заключается в том, что Машхур Жусуп, будучи религиозно-просветительским поэтом, рассматривает проблемы ценности труда, бедности с точки зрения потребностей человека и привносит в литературу свои слова. Слова, встречающиеся в произведениях поэта, еще не утратили своей ценности как пословицы. Научные результаты и выводы исследования также могут быть использованы в курсах «Машхуртану», на уроках «Краеведения», на дисциплинах «Литература начала XX века» и «Общая теория литературы».

Проведена работа по сопоставлению, опросу, систематизации произведений Машхур Жусупа и жырау, Абая, Шакарима, народной устной литературы.

Ключевые слова: казахская литература начала XX века, преемственность традиций, созвучие, поэзия жырау, устное народное творчество, художественные особенности, изобразительные средства, национальное выражение, трудовая ценность, бедность, лень, леность

POETRY OF MASHKHUR ZHUSSIP KOPEYEV: CONTINUITY OF TRADITIONS (THE PROBLEM OF POVERTY)

* Yerlanova A.Y.¹, Baratova M.N.², Tashekova A.T.³

^{*1} PhD student, Toraighyrov university, Pavlodar, Kazakhstan,
e-mail: ayaulym_erlankyzy@mail.ru,

² Candidate of Philology, professor, Toraighyrov University,
Pavlodar, Kazakhstan,

e-mail: baratova.muhabbat1970@mail.ru

³ Master of Pedagogical Sciences, teacher, Toraighyrov University, Pavlodar,
Kazakhstan, e-mail: aiko_tarbinovna@mail.ru

Abstract. The article examines the continuity of traditions in the poetry of Mashkhur Zhussip Kopeev. The purpose of the article is to analyze previously unexplored works, to consider the role of the poet and his works, to differentiate the works from the point of view of modernity. Earlier, Professor K. P. Zhusup in his research investigated the harmony between the great poet Abai and Mashkhur Zhussip, M. N. Baratova-traditions in the poet's poems, style, imagery, continuity and essence of traditions, E. K. Zhusupov-Eastern literary tradition. Without repeating the issues raised in these works, the differentiation of abstained, unspoken testifies to the relevance of the article. In particular, the issues of the value of labor, poverty, laziness are analyzed.

The idea of scientific research is to comprehensively disclose the study of the problem of poverty, the value of labor in the works of Mashkhur Zhussip.

A person's ability to work, overcoming oneself, self-education, thereby avoiding obstacles leading to poverty, reflect the practical and educational significance of the study.

During the analysis, it was proved that Mashkhur Zhussip Kopeev, who developed the best examples of folk literature in his work, is one of the poets who firmly adhered to the continuation of tradition and rationally applied it in his work, but managed to leave his mark without repeating prehistoric traditions. The article discusses the issues of continuity of traditions and literature of the early twentieth century, Zhyrau poetry, the connection between folk oral literature, harmony. In particular, the poet's works were compared with samples of oral literature, the works of Shal Akin, Shakarim, Abai, the continuity of traditions (the theme of poverty) and originality were revealed. As a result, it was proved that it was possible to raise the value of labor, the problem of poverty to such a cult level as Abai, Shakarim. The value of the research lies in the fact that Mashkhur Zhussip, being a religious and educational poet, examines the problems of labor value, poverty from the point of view of lust and brings his words to literature. The words found in the poet's works have not yet lost their value as proverbs. The scientific results and conclusions of the study can also be used in the courses «Mashkhurtanu», in the lessons of «local history», in the discipline «literature of the early twentieth century» and «general theory of literature».

The work on the comparison, survey, systematization of the works of Mashkhur Zhussip and zhyrau, Abai, Shakarim, folk oral literature was carried out.

Key words: Kazakh literature of the early twentieth century, continuity of traditions, consonance, poetry of zhyrau, oral folk art, artistic features, visual means, national expression, labor value, poverty, laziness, idleness

Статья поступила 26.08.2022

ӘОЖ 82.0:82-1

XFTAP 17.82.10

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.70.3.029>

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ДИСКУРС

*Жұматаева А.Н.¹

¹әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының PhD
докторанты, Алматы, Қазақстан,
e-mail: aidanaz@mail.ru, ORCID iD: 0000-0003-2236-9549

Аңдатпа. Мақалада гендер категориясы әдебиеттану ғылымы тұрғысынан сараланады. Дербес теориялық пән сөзіне айналған, ғылыми метатілі қалыптасқан гендер ұғымына тән басты тұжырымдамалардың көркемдік парадигмасы ұлы ақын Абай шығармалары аясында қарастырылады. Сонымен бірге гендерлік зерттеулерде жиі қайталанатын жыныс пен гендер арасындағы терминологиялық айырмашылық ғылыми түрде айқындалып, феминистік және маскулиндік көзқарастарды құрайтын факторлар әдеби тұрғыда зерделенеді. Абайдың көркем мәтініндегі әйел мен еркектің гендерлік бейнесін ашатын әдеби-мәдени құбылыстардың лингвистикалық, поэтикалық сипаты талданады. Автор интерпретациясы Абай поэзиясындағы ер мен әйелдің әлеуметтік мәртебесін, мінез-құлық нормаларындағы гендерлектілік атаулардың мәнін ашады.

Өзге салаларда біршама жүйелі зерттелген гендерлік мәселелер ұлттық әдебиеттану ғылымында мүлде қалам ұшына ілікпеген деуге болады. Сол сияқты қазақ халқының асқан кемеңгері Абай шығармашылығы да осыған дейін әр қырынан қарастырылғанымен, ақынның әдеби мұралары көркем гендерологиялық қырынан зерттелмеген. Сондықтан да гендерлік поэтиканы Абай лирикасы негізінде қарастыра отырып, гендерология ғылымының көркемдік жүйесін айқындау, ойшыл ақынның шығармашылық концепциясын заманауи жаңаша көзқарасқа сай интерпретациялау аталмыш мақаланың негізгі мақсатының бірі болып табылады. Абай шығармаларындағы ер мен әйел бейнелерін гендерлік ұстаным тұрғысынан зерделеу және олардың стереотиптік қасиеттерінің әдеби сипаттарын ашу мақаланың өзектілігін айғақтайды.

Мақаланың ғылыми-практикалық маңыздылығы мұндағы айтылған ғылыми ойлар мен анықтамалар, алынған қорытындылар арқылы әдеби санада гендерлік поэтика туралы түсініктің қалыптасуына

айрықша ықпал етуімен айқындалады. Сондай-ақ, іргелі абайтану ғылымында мүлде сөз болмаған Абайдың көркемдік әлеміндегі гендерлік ерекшеліктердің алғаш рет әйел бейнесі мен еркек болмысы негізінде жан-жақты зерттелуі ақын дүниетанымын және заман шындығын терең түсінуге мүмкіндік береді. Мақала белгілі деңгейде әдебиеттанушы, абайтанушы ғалымдардың ғылыми қажеттілігін қанағаттандырады.

Хакім Абай поэзиясындағы гендерлік дискурсты түсіндіруде әдеби интерпретациялық, контекстік, гендерлектілік лексемалардың мағыналық құрылымын айқындайтын концептуалды талдаулар қолданылды.

Зерттеу құндылығы Абай шығармашылығындағы әйелдер мен ер адамдардың гендерлік мәртебесін мейлінше терең қарастыруымен және әдеби кеңістіктегі гендерлік поэтика туралы теориялық білімді жетілдіруге ықпал етуімен түсіндіріледі.

Зерттеу қорытындысының интеграциялық білімге сәйкес қоғамдық ғылымдар арасында гендерлік мәселелерді талдауда және бірқатар курстар мен семинарларда көркем мәтінді гендерологиялық тұрғыда түсіндіруде практикалық маңызы айрықша болып саналады.

Тірек сөздер: Абай, поэзия, гендер, дискурс, феминистік теория, маскулиндік сипат, жыныс, концепт

Негізгі ережелер

Алғашында ағылшын тілді зерттеулерде *жыныс* сөзінің баламасы ретінде түсіндірілген *гендер* пән сөзі постмодернистік идеялар етек жайған 1960 жылдардан бастап дербес ғылыми пән тұрғысынан қарастырыла бастады. Дегенмен бүгінгі күнге дейін гендер терминін интерпретациялауда гуманитарлық ғылым салаларында бірізділік байқалмайды. Әсіресе, гендерлік теорияны әдебиеттанулық қырынан ашып талдаған толымды еңбек жоқ деуге болады. Сондықтан да әдебиеттану ғылымының қазіргі әлеуеттік векторына сай гендерлік поэтиканы әдеби-ғылыми аспектіде зерделеудің маңызы зор. Сонымен бірге қазіргі әдебиеттану ғылымының өрісті бағыттарының бірі саналатын көркем гендерологияны ұлы ақын Абайдың шығармашылық концепциясы негізінде зерттеу ақынның көркемдік әлемін жаңаша пайымдауға, мағыналық-идеялық, көркемдік-стильдік нюанстарын ашуға, сонымен қатар гендер атауының көркемдік концепциясын тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Кіріспе

Бүгінде бірқатар қоғамдық салаларға ортақ термин ретінде қолданылып жүрген гендер пән сөзі ғылымдағы күрделі бағыттардың бірі болып табылады. Себебі гендер ұғымының көпқырлылығы оның физиологиялық, яғни жыныстық белгілерімен ғана шектелмейді, гендер сонымен қоса әлеуметтік, мәдени, психологиялық, лингвистикалық бірліктерді де қамтиды.

Шындығында, бұған дейінгі қоғамдық-мәдени көзқарастарға сәйкес гендер термині әйел концептісімен байланыстырыла қарастырылды. Әдебиеттану ғылымында да «әйел авторлардың шығармашылығы» дегенге саятын үстірт түсінік айтылып жүрді. Ақиқатында, гендерлік поэтика нәзікжанды көркемсөз шеберлерінің әдебиеттегі үлесі ғана емес, феминистік және маскулиндік танымның көркемдік-эстетикалық, тілдік, психологиялық, мәдени-әлеуметтік ерекшеліктері болып табылады.

Негізінен гендер категориясы туралы алғаш американдық психолог Мэдисон Бентлидің зерттеулерінде сөз болады. Ғалым 1945 жылы жазған мақаласында гендерді *биологиялық жыныстың әлеуметтендірілген белгісі* деп түсіндіреді [1, 213 б.]. Сондай-ақ, француздық феминистік белсенді әрі философ Симон де Бовуардың 1949 жылы жазған «Екінші жыныс» трактаты жыныс пен гендер арасындағы айырмашылық талданатын феминистік теориядағы алғашқы еңбектердің қатарында қарастырылады. Экзистенциалист ғалым бұл зерттеуінде әйел жазушы ретінде нәзікжандылардың қоғамдағы орны мен оларға жасалынатын әр түрлі қысымдар жайлы егжей-тегжейлі жаза отырып, қазіргі феминистік көзқарастардың қалыптасуына жол ашады. Осыған қарамастан гендер туралы ой-пікірлер академиялық дискурстарда негізінен 1950 жылдан кейін ғана айтыла бастады.

Гендер туралы алғашқы көлемді теориялық зерттеулерді жариялаған ғалым Жаңа Зеландиялық сексолог, психолог Джон Монеи (John Money) болатын. Ғалым өзінің гендер және оның дамуы жайлы мақаласында тұңғыш рет ғылымға гендерлік рөл, гендерлік сәйкестік, сексуалдық сәйкестілік, жыныстық бағдар пән сөздерін енгізе отырып, *гендерлік рөл* мен биологиялық *жыныс* арасындағы терминологиялық ерекшелікті атап көрсетеді [2, 258 б.]. Джон Монеидің пікірінше, гендер әйел мен еркектің жыныстық өзгешелігімен сипатталады.

Монеидің зерттеулеріне дейін сирек қолданылған гендер сөзі 1970 жылдардан бастап әлеуметтанушылар мен биологтар, бихевиористтер арасында кең тарала бастады.

Ал ұлттық әдебиеттануда көркемдік тұрғыдан хакім Абайдың поэзиялық туындылары ер мен әйелдің гендерлік ерекшеліктері ашып

көрсетілетін, олардың әлеуметтік гендерлік мәртебесі айқын танылатын поэзиямыздағы әдеби тенденциялық құбылыс саналады. Осыған орай мақалада ұлы ақынның шығармашылық мұрасы гендерлік аспект тұрғысынан талданады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында абайтану ғылымының негізін салушы ғалым М.Әуезовтен бастап бірқатар отандық зерттеушілердің ғылыми көзқарастары басшылыққа алынды. М.О. Әуезов «Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ақыны» атты зерттеу мақаласында Абай поэзиясындағы қазақ әйелдері тағдырының суреттелуін, жалпы қазақ қызының болмысын қалыптастырудағы ақынның жаңашылдығын ашып береді [3]. Сонымен қатар гендер жөнінде алғаш ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазып, терминдік ерекшеліктерін айқындаған шетел ғалымдарының зерттеу еңбектері мейлінше кеңінен пайдаланылды. Әсіресе, американдық психоаналитик Роберт Столлер «Жыныс және гендер» (1968) еңбегінде гендер пән сөзін ғылыми айналымға енгізіп, термин ретінде тұрақтануына үлкен ықпал етті [4]. Сондай-ақ, ғалым бұл зерттеуінде гендер сөзінің биологиялық жыныс түсінігімен аражігін айқындап берді. Осы зерттеу мақаланың мақсатына қол жеткізуде «Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үштомдық. 1-том» [5] қолданылды.

Аталмыш зерттеуде отандық және шетелдік ғалымдардың гендер туралы айтқан ғылыми қағидаларына сәйкес компонентті семантикалық әдіс, әдеби интерпретациялық, контекстік талдаулар мен феминизм мен маскулиндік гендерлектілерді айқындайтын концептуалды зерттеу әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен олардың талқылануы

Жалпы, гендер ұғымы бастапқы кезеңдерде әйелдер мен ерлердің физио-анатомиялық айырмашылығына байланысты олардың феминистік немесе маскулиндік мәртебесін көрсететін биологиялық құрылым ретінде қарастырылды. Кейіннен гендер атауы ерлер мен әйелдер арасындағы жыныстық бөліну ғана емес, олардың киіну стилін, сөйлеу мәдениетін, қимыл-әрекет үлгілерін қоса білдіретін кең ауқымды категория ретінде танылды. Әсіресе, әлемдік әдебиеттануда ХХ ғасырда қалыптасқан эссенциализм және конструктивизм философиялық бағыттарының өкілдері арасында гендерлік концепция туралы екі түрлі тұжырым орын алды. Эссенциалистердің көзқарасы бойынша гендер биологиялық жыныс, яғни, ер мен әйелдің арасын бөліп тұратын табиғи

ерекшелік деп түсіндірілді. Сонымен бірге эссенциалистік ұстаным бойынша гендер дегеніміз ер адамдардың әйелдерге жасаған қысымын ақтауға тырысатын патриархалдық идеологияның көрінісі саналды. Кейінірек феминистік теорияның дамуына орай эссенциалистік пайымдаулар конструктивистік көзқарастармен алмастырылды. Конструктивистердің пікірінше, гендерлік айырмашылық адамзат дамуының жемісі саналатын әлеуметтік және мәдени аспект ретінде пайымдалды. Сондай-ақ, конструктивистер гендерлік рөлдердің тууына қоғам ықпал етеді деген тезисті алға тартты.

Сонымен ғылыми өрістілігі жағынан жаңа тенденциялық сипат алған гендерлік зерттеулер бүгінде қоғамдық гуманитарлық ғылымдар (философия, мәдениеттану, әлеуметтану, саясаттану, медиа, когнитивтік, дискурсивті психология, антропология, тіл білімі, тарих, әдебиеттану) арасында әр түрлі пікірталастар тудырып отырғаны жасырын емес. Феминистік, постфеминистік теорияның, гендерлік әлеуметтану, гендерлік саясаттану, гендерлік психология, лесбияндық, трансгендерлік философияның түрлі бағыттарында, гендерлік лингвистика мен гендерлік әдебиеттану салаларында гендерлік мәселелерді түсіндіруде өзара айырмашылықтар кездеседі. Тіпті кейбір ғылыми еңбектерде гендер мен жыныс сөздері синоним ретінде қатар қолданылып жүр. Бір қарағанда, екеуі де ер мен әйелдің жыныстық бағдарын көрсететін биологиялық, физиологиялық белгілердің спектрі ретінде ұғынылатыны рас. Шындығында, бұл қос ұғым бір-бірімен іштей семантикалық, логикалық байланыс заңдылығына сәйкес келмейтін мүлде екі түрлі мағыналық аспектілерді білдіреді. Дәлірек айтсақ, жыныс – бұл адамның нақты биологиялық жаратылуындағы физиологиялық-анатомиялық жалпы алғанда, табиғи айырмашылығы болса, бүгінгі заманауи зерттеулерге сәйкес, гендер осы айтылғандармен бірге олардың биологиялық емес (физикалық, психикалық, психо-эмационалдық, әлеуметтік, мәдени) ерекшеліктері болып табылады. Демек, «жыныс – аталық және аналық сорттарға мамандандырылған көптеген түрлердің биологиялық организмдерін, ал гендер – еркек немесе әйел ретіндегі әлеуметтік айырмашылықтар мен қатынастарды білдіреді» [6, 86 б.]. Яғни, қазіргі таңда кейбір қоғамдық саяси ұйымдарда айтылып жүргендей, гендердің түпкі семантикасы ер адамдарға «қысым жасау» арқылы әйел теңдігін, әйелдердің биліктегі үлесін арттыру дегенді білдірмейді.

Қалай десек те, бүгінгі ғылымдағы ықпалдастық (интеграциялық) теорияларға сәйкес пәнаралық зерттеулерге негіз болған гендерлік мәселелер отандық әдебиеттанушы-ғалымдардың да қызығушылығын тудыруда. Алайда аталған тақырып төңірегінде бірлі-жарым шағын

мақалалардан өзге жан-жақты толымды зерттеулер жоқ деуге болады. Осы орайда, ұлттық әдебиеттануда гендерлік поэтиканың енді ғана қалыптасып келе жатқан перспективалы бағыт екендігін атап өткен жөн. Ал әдіснамалық тұрғыдан алғанда, көркемдік гендерлік дискурс отандық әдебиетте ғана емес, әлемдік әдебиеттану ғылымында да аз зерттелген сала болып табылады. Өйткені гендерлік поэтиканың өзі әлемдік әдеби контексте феминистік ой-танымның қарқынды дамуы нәтижесінде бірте-бірте қалыптасты. Ал феминистік теорияның өзі әу баста әйелдердің саяси, әлеуметтік және экономикалық салаларда ерлермен тең жағдайға ие болу құқықтары үшін күресу құралы ретінде пайда болған. Осылайша феминистік әдеби ойлардан бастау алатын гендерлік әдебиеттану қоғамның үздіксіз динамикалық дамуы барысында ер адамдар мен әйелдердің әлеуметтік-құқықтық мәртебесін теңестіру идеясынан туындайтын және олардың өзара қарым-қатынасын реттейтін күрделі категория саналады. Бұл туралы еуропалық зерттеулерде феминизмнің таптық және нәсілдік қақтығыстармен, әсіресе, гендерлік қақтығыстармен тығыз байланысты екендігі айтылады [7, 509 б.]. Яғни, феминистік идеялар алғашында қоғамдағы ер адамдардың үстемдігіне қарсы әйел затының азаматтық құқығын қорғауға ұмтылған әлеуметтік қозғалыс ретінде пайда болды. Бастапқыда қозғалыс сипатында әйелдер мен ерлер арасында әлеуметтік теңдік орнату мақсатында қалыптасқан феминизм қарқынды дами отырып, бірте-бірте жаңа бағыттардың тууына ықпал етті. Ғылым мен мәдениетте, әдебиет пен өнерде, білім беру, өндіріс, т.б. салалардың бәрінде әйел тұлғасы маңызды рөлге ие бола бастады. Гендер ұғымы әйел мәселесі, феминизм теориясы аясында қалыптасқанымен, бүгінгі күні пәнаралық зерттеулерге ортақ, дамушы категорияға айналды. Осылайша гуманитарлық ғылымдар тарихнамасында гендерлік теорияның даму векторы туып қалыптасты. Ал әдебиеттануда гендерлік поэтика көркем мәтінді құру, қабылдау, түсіндіру, талдау аспектілерін негізге ала отырып, әдеби шығарманы көп деңгейлі өлшеммен қарастырады. Демек, гендерлік талдаулар әдебиеттегі қалыптасқан интерпретациялар мен стереотиптерден, дәстүрлі шаблондардан ерікті-еріксіз түрде бас тартуға жол ашады, көркем мәтінді креативті қабылдауға мүмкіндік береді.

Негізінен ғылыми-әдеби дискурстарда гендерлік әдебиетті әйелдер шығармашылығы ретінде бағалайтын көзқарастар баршылық. Біздіңше, көркем әдебиеттегі мұндай құбылысқа гендер деп жалпылама анықтама беруге болмайды. Өйткені көркем мәтінді гендерлік өлшем тұрғысынан түсіну үшін, алдымен оның қоғамдық-әлеуметтік, философиялық және рухани-мәдени әлеуетін бағамдауымыз керек. Сонымен бірге,

әдеби көркем шығарманы гендерлік аспектіде талдағанда, ер мен әйел кейіпкерлердің ойлау жүйесі, дүниетанымы, сондай-ақ, олардың махаббат туралы таным-түсініктері мен мінез-құлық нормалары да назарға алынады. Сондықтан да қазіргі әдебиеттанудағы гендерлік зерттеулерді әйел авторлардың шығармашылығы және көркем мәтіндегі әйел кейіпкерлердің типологиясы деген екі түрлі парадигма тұрғысынан қарастыруға болады. Себебі әйел авторлардың әйелдік қасиеттерді, атап айтқанда, нәзікжандылардың эмоционалды палитрасын, сөйлеу мәнерін, жыныстық-рөлдік стереотиптерін актуализациялауы табиғи факторларға сай өзгешеленетіні рас. Ал ер авторлардың шығармаларында бұл процесс өзіндік маскулиндік сипатымен ерекшеленеді. Осы ретте, әдебиеттанушы-ғалымдарды Абай лирикасында қазақ әйелдерінің көркем тұлғасы мен гендерлік мәртебесі қалай көрініс тапты? Ақын әйел затының антропологиялық, тұлғалық-психологиялық ерекшеліктерін өлеңмен өрнектей отырып, олардың гендерлік теңдігін маскулиндік көзқараспен жырлады ма, әлде әйел эмансипациясын, қазақ әйелінің рухани болмысын символдық, концептілік бейнеде көрсетті ме деген маңызды ойлар мазалауы заңдылық.

Қалай десек те, Абай – ұлттық поэзиядағы қазақ әйелінің көркем образын шыңға шығарған ақын. Сөз жоқ, Абайға дейін де фолклордан бастап, жыраулар мұрасында да, әнші-ақындар (сал-серілер) шығармаларында да әйел бейнесі әр қырынан суреттелді. Бірақ Абайға дейінгі поэзияда әйелдер көбінесе бинарлы антонимдік сипатта (жақсы/жаман, періште/мыстан) кейіптелді. «...қазақ әйелінің болмыс-бітіміне баға беріп, тәлімгерлік, даналық дәрістерімен, кеңесшілдік хәлімен ерекше көзге түсетін алып шоғыр – жыраулар поэзиясы дер едік. Жыраулар поэзиясы қазақ хандығы дәуіріндегі өз-әже, абзал ана, сұлу әйел, саналы жар болмысын толықтай оқырман қауымға ашып береді» [8, 55 б.], – деп зерттеулерде жазылғандай, әйел тақырыбы біршама талқылауға түскен жыраулар поэзиясында олардың абзал әжеден – саналы жарға дейінгі адами болмысы мен адамгершілік ұстанымдары дидактикалық бағытта өрілді. Сонымен бірге фольклорлық мұраларда, әсіресе, батырлар жырында қысылтаяң шақта азаматтарына ақыл берген Гүлбаршын, Құртқа, Ақжүніс сынды арулар даналығымен қоса сұлулықтың символы ретінде бағаланды. Ал Абай сомдаған кейіпкерлер сыртқы сұлулығымен қатар өз бетінше, тәуелсіз әрекет етуге қабілетті, махаббат мәселесінде өзінің тәндік-сезімдік қажеттілігін жасырмайтын, қоғамның төменетекті ретінде құқықтарын шектеуге бағытталған физикалық, моральдық қысымына қарсылық көрсете алатын жігерлі, қайсар болмысымен айрықшаланды. «В своей поэзии Абай раскрывает

самую душу женщины, о которой так мало было рассказано в прежних поэмах и песнях, отражавших главным образом внешнюю сторону женской судьбы» [3, 106 б.], – деп М.Әуезов жазғандай, Абай әйел затының ішкі жан дүниесіне, олардың рухани-мәдени әлеміне мейлінше терең бойлады. Осы мақсатта ақын әйел қаһармандардың психологиялық, эмоционалдық, характерологиялық болмысын ашатын гендерлік, статикалық, мінездеме портреттерге жүгінді. Бұл тұрғыда Абай әдебиеттегі әйел образының дәстүрлі моделінен индивидуалды, стихиялы мінез-құлыққа ие *жаңа қазақ әйелінің* көркем бейнесін тудыра отырып, әдеби портреттің де түрлі формаларын дамытты. Жоғарыда айтқанымыздай, фольклор мен Абайға дейінгі авторлар мұрасында мінсіз сұлу әйелдің портреттік сипаттамасы немесе әйелдердің жағымды-жағымсыз қайшылыққа толы болмысы абстрактілі формада бейнеленді. Ал Абай поэтикалық, лингвистикалық бірліктер мен динамикалық портреттік суреттеулер арқылы әйелдердің әдебиеттегі нәзіктік пен әсемдіктің өлшемі ретіндегі идентификациялық қалыптан тыс өзіндік органикалық болмыс иесі екендігін көрсетті.

Әрине, Абай да әйелдің көркем тұлғасын танытуда оның гендерлік портретін басты атрибут ретінде пайдаланды. Мысалы, ақынның шығыстық ғазал үлгісінде жазылған өлеңіндегі «Йүзі – раушан, көзі – гәуһар», «бет үчі әхмәр», «Тамағи қардан һәм бейтәр», «Қашың қудрәт, коли шикә» метафоралық тіркестері әйелдің вербалды портретін сипаттайды. Сол сияқты Абайдың әйел табиғаты суреттелетін өзге туындыларындағы «әйел – сұлулық символы» гендерлектісінің мәнін ашатын *ақ тамақ, қара қас, аласы аз қара көз, үлбіреген ақ етті, ашық жүзді, бұраң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ, кең маңдай, қолаң шаш, ақ тамақ, қызыл жүз, қара көз, имек қас, қыр мұрын, қыпша бел* т.б. лингвистикалық қолданыстар әйелге тән ментальді гендерлік параметрлерді көрсетеді. Бұл Абайдың қазақы арудың көз сүйсінерлік сұлулығын суреттеуімен қоса, өзіндік жігіттік талғамы деуге болады.

Сондай-ақ, әдеби мәтіннің гендерлік сипатын айқындайтын айрықша аспектілердің бірі – махаббат концепциясы. Абай да адамзат баласын адамдықтың биігіне жетелейтін осы бір ұлы сезімді жасанды ой-пайымдаулармен идеалдандырмай, өзіндік ойшылдық көзқараспен философиялық, эстетикалық тұрғыда тұжырымдайды. Осы орайда, айта кетер жайт – Абай танымындағы махаббат, ең әуелі, Жаратушы Аллаға деген сүйіспеншілік, ал ер мен әйел арасындағы сезімді ақын ғашықтық деп түсіндіреді. Кемеңгер ақынның махаббат категориясы туралы пікір-пайымдарынан ислам дініндегі сопылық ілімнің, экзистенциялық философияның іздері аңғарылады. *Махаббатпен*

жаратқан адамзатты, Махаббатсыз – дүниедос деп жырлаған ақын ойының түпкі мәні қара сөздеріндегі *махаббат Құдайға лайықты* деген тұжырыммен дәйектеледі. Ал, *Ғашықтық – құмарлықпен ол екі жол, Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым, Ғашықтық келсе, жеңер бойыңды алып, Жүдетер безгек ауру сықылданып, Бітпейді іштегі, Ғашықтық жарасы* дегенде, Абайдың махаббат лирикасындағы ғашықтық ер мен әйел арасындағы өткінші сезіммен өлшенетін жәй құмарлықтан жоғары, шынайы сүюдің көрінісі ретінде бағаланады. Ақынның ғашықтық туралы өлеңдеріндегі ер мен әйелдің махаббаты олардың өздеріне тән табиғи түйсігімен, кейбір жырларда, мәселен, *Жігіт сөзі, Қыз сөзі* өлеңдерінде, тіпті, алабөтен көркемдік шешімдермен өріледі. Абайдың махаббат концепциясын берудегі гендерлік поэтикасы ер адамның тәуекелшілдігін, ерік-жігері мен ғашығына қол жеткізудегі табандылығын суреттеуге негізделеді. Абай *Ер емес қымсынар* деп жігіт адамның батылдығын, өзінің сүйіспеншілік сезімін жеткізуде ішкі эмоцияларын бүркемелемей, керісінше қайсарлық танытатын маскулиндік болмысын көрсетеді. Сонымен бірге Абай поэзиясында адами танымдағы *ер адам – суық ақылдың иесі, ол жыламайды, махаббат үшін жылау – еркектің әлсіздігінің көрінісі* деген қалыптасқан гендерлік стереотиптер соны ақындық шеберлікпен, айшықты тілдік-стильдік, түрлік ерекшеліктермен жаңаша бағамдалады. Шынайы сүю сезімін өз басынан өткерген ақын:

Сағынғаннан сені ойлап,
Келер көзге ыстық жас, –
деп жігіт атынан баяндай отырып, құлай сүйген ер адамның бейнесін суреттейді. Еркек затының сүйіспеншілік сезімі жайлы санаға сіңген жалған ой, алдамшы түсінікті ақындық қуатпен тізгіндеп, *еркек те – ет пен сүйектен жаратылған пенде. Ол да қамығып, жабырқайды, махаббат дертінен күйіп-жананып, өртенеді, жылайды* деген ақиқатты алға шығарады.

Абайдың авторлық ұстанымы әйел затын да, ер адамды да табиғи жаратылысына сай қабылданған гендерлік схемадан тыс әлеуметтік гендерлік бейнеде өрнектеуге ұмтылды. Абайдың әйелдің сексуалдық эмоцияларын ашық суреттеуі өзіне дейінгі әдеби фоннан ерекшелендіре түсетін іргелі артықшылығының бірі болып табылады. Негізінде, ашық айтуға ауырлау эротикалық бағыттағы жырлар XVIII ғасырда өмір сүрген Шал (Тілеуке Құлекеұлы) ақынның шығармашылығында айрықша орын алатыны рас. Шал ақын күнделікті тұрмыстағы қарапайым махаббат жайлы философиялық ойлардың шегінен асып, ақиқатқа сай әйел тәнінің анатомиялық ерекшелігін нәзік құмарлықпен жырлады. Ақын

К.Салықов «Әзіл сөздің атасы» мақаласында: «Шал ақынның поэзиясы Абайға апарар XVIII ғасырдағы ең құтты қадамдардың бірегейі деп білемін. Уытты әзіл іздегендер Шал ақынды оқысын» [9], – дейді. Расында да, ақын эротикалық дискурсты ойнақы әзілмен соншалықты ашық әрі айқын мотивтік тұжырыммен көрсетеді. Ал Абайдағы махаббат культі, әсіресе әйел затының махаббаты адамзат өміріндегі ең жоғары құндылықтың бірі ретінде тұжырымдалады. Абайдағы махаббат мотиві әйелдің жыныстық-сезімдік құмарлығын интеллектуалдық деңгейге шығарды. Абайға дейінгі көркем мәтіндерде әйелдер қандай да бір шектен, белгілі бір формадан аса алмайтын, ешқандай әйелдік іңкәр сезімге бой алдырмайтын, отбасы, ошақ қасындағы *әйел – отанасы* деген гендерлектілік тезиске сай таптаурын кейіпте көбірек суреттелді. Абай поэзиясында, керісінше, аномалиялық формада – өзінің сексуалдық ынтызарлығын бүкпесіз айта алатын, өз сезімі үшін азап шексе де, күресуден тайсалмайтын әйел қаһармандар бейнесі модернистік тұрғыда бейнеленді. Абай сомдаған әйелдер ер адамға тәуелді болған әлсіз күйден жеке тұлға ретінде өзі қалағандай өмір сүруге талпынған, гендерлік күреске ұмтылушы бейнеге ие болды. Айталық, ақынның төмендегі «Қыз сөзі» өлеңінде:

«...Көңілің тұрса бізді алып,
Шыныменен қозғалып.
Біз – қырғауыл, сіз – түйғын,
Тояттай бер, кел де алып.

Тал жібектей оралып,
Гүл шыбықтай бұралып.
Салмағыңнан жаншылып,
Қалсын құмар бір қанып...» [5, 145 б.], –

дейтін жолдар ер мен әйелдің интимдік қарым-қатынасын романтикалық суреттеу ғана емес, табиғат заңына сәйкес нәзік жүректі әйел затының ынтызар сезімнің иесі екендігін бейнелеу болып табылады. Абай әйел тақырыбын түрлі көркемдік-стильдік, идеялық-мазмұндық тұрғыда өрбіте отырып, *махаббат сезіміне адамзаттың бәрі де бағынады* деген жалшыға ортақ маңызды пайымдаманы жеткізеді.

Әлбетте, ұлы ақынның әйел мәселесін қозғаған жырларында шығыстық менталитетті бойына мықтап сіңірген қазақ әйелдерінің бойындағы ұяндық, жанашырлық, нәзіктік пен биязылық, отбасындағы атқаратын функциясына сай әлеуметтік мәртебесі елеусіз қалған жоқ. Бұл тұрғыда Абай гендерлік мәселелерді ұлттық болмысымызбен ұштастыра отырып, ақындық ұстанымы арқылы мейлінше қазақы

нұсқадағы этногендерологияны дамытты деуге болады. Абайдағы *Ер ұялар іс қылмас қатын зерек, Салақ, олақ, ойнасы, керім-кербез, Жар көңіліне бір жанын пида қылып, Білместігің бар болса, қылар сабыр, Сазданбасын қабақпен имендіріп* деген әйелдің отбасындағы әлеуметтік рөлін білдіретін жолдар ер мен әйел қарым-қатынасының ұлттық дәлге негізделгенін айғақтайды.

Абайдың гендерлік тұжырымдамасы әйел кейіпкерлердің жеке басының жайын ғана емес, сонымен бірге сол дәуірдегі әлеуметтік ортаның жай-күйін, қадір-қасиеті мен тарихи өмір құбылыстарынан хабар береді. Абай сол кезеңдердегі әйел адамдарға көрсетілетін әр түрлі моральдық озбырлықтарға, оларды күштеп тұрмысқа беру, қазақ қоғамындағы полигамия заңы сияқты әйелдердің жеке басының бостандығын шектейтін консервативті идеяларға қарсы шығып, эмансипациялық көзқарастарды жақтайды. *Біреуі – көк балдырған, бірі – құрай* деп қалыңмал беріп, өзінен бірнеше мүшел кіші қыздарды тоқал еткен жұптарды қуарған құрай мен жаңа өскін балаусаға теңейді. «Страстно отрицая позорный институт калыма, многоженство и порабощение, Абай в своих стихах борется за равноправие женщины в обществе» [3, 106 б.], – дегенде, М.Әуезов Абайдың әйел мен ер адамның арасындағы әлеуметтік гендерлік теңдік мәселесіне ерекше мән бергенін айтады. Ескі салт-дәстүрдің қыспағына ұшырап, құрбан болған қыздардың трагедиялы тағдырына араша түскен ақын олардың бойында жалындаған ыстық махаббат емес, тек мәңгілік мұң мен бақытсыздық қана орнайтынын ашық айтады. Мәселен, гендерлік теңдіктің моральдық-этикалық, гуманистік-психологиялық қыры анық байқалатын «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» өлеңінде:

«Есерлер жас қатынды тұтады екен,
Жас қайғысын білдірмей жұтады екен.

Ортасында бұлардың махаббат жоқ,

Тұсап қойып қашырар бұқа ма екен?» [5, 291 б.], –

деп егде жастағы «сүйіктісімен» арада ешбір жұбайлық үйлесім жоқ ерлі-зайыптылық қарым-қатынас призмасын баяндау арқылы әйелдің өмірлік қасіретін, оның түпкі арманының мәнін түсіндіреді. Шығарманың гендерлік белгісі автордың әйелдің толыққанды әлеуметтік тұлға ретіндегі субъективті ой-танымын қалпына келтіруге ұмтылған суреткерлік ұстанымынан көрінеді. Жартастан құзға құлаған сұлу қыздың бақытсыз тағдыры баяндалатын бұл өлеңнің мәтіні Абайдың әйелдерді қоғамда белсенді позицияда көргісі келетінін көрсетеді. Ақын дәстүрлі әлсіз, құнсыз әйел профиліне кейіпкері арқылы қарсы тұрып, әйел затын бастамамашылдыққа, белсенділікке итермелейді.

Сондай-ақ, лингвистикалық тұрғыдан алғанда, гендер концепциясын тек әйелдік гендер лектілермен байланысты интерпретациялау ұшқары саналады. Өйткені жаһандық ғылыми кеңістікте гендер атауы тікелей әйел образымен сабақтастырыла қарастырылғанымен, түптеп келгенде, гендер ұғымы әйелге де, ер адамға да қатысты екі жақты мәдени-әлеуметтік фонмен айқындалады. Тілші-ғалымдардың пікірінше, қазақ тіл біліміндегі ментальді *еркек* бейнесін танытатын сөздер мен ұғым-атаулардың барлығы дерлік гендерлік бірліктерді құрайды. Қазақ лингвистикасының гендерлік бағытын зерттеуші-ғалымдар: «Еркек пен әйел бейнесі тілде бір ғана лексемамен берілетін қарапайым фреймдер емес, тақырыпқа қарай күрделеніп фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, сөз тіркестері, сөйлем құрылымдас типтермен танылады» [10, 105 б.], – дейді де, жігіт, азамат, күйеу, аға, әке, ата сияқты ер адамға қатысты атаулар мен батырлық, ерлік, қамқорлық, ағалық, т.б. концептілерді ер жыныстылардың гендерлік концептосферасына жатқызады. Осыған сәйкес, Абай поэзиясындағы ұлттық санада орныққан және автордың эстетикалық көзқарасын білдірудегі семантикалық окказионалды оралымдар еркектің жеке субъект ретіндегі гендерлік стереотиптерін көрсетеді. Мысалы, ақынның «Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдеріндегі *бала, жасөспірім, көкөрім, бозбала, жігіт, ер, ақсақал* лексемалары ер адамның жас ерекшелігіне орайғы гендерлік бейнесін, гендерлік мәртебесін білдіреді. Сонымен қатар «Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе, Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе» немесе «Күйлеме жігітпін деп үнемі ойнас», «Керек іс бозбалаға талаптылық», «Кейбір жігіт жүреді мақтан күйлеп», «Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас», «Салынсаң, салдуарлық қадір қоймас», «Біреуді көркі бар деп жақсы көрме, Лапылдақ көрсеқызар нәпсіге ерме» деп Абайдың ер азаматтарға қарата айтқан өлеңіндегі тұрақтылық, талапшылдық, сыр шашпайтын беріктік пен мақтаншақтық, нәпсіқұмарлық, салдуарлық сынды ұнамды-ұнамсыз маскулиндік қасиеттерді айшықтайтын сөздер олардың гендерлік ерекшелігін көрсетеді.

Қалай десекте, гендер ерлер мен әйелдердің табиғи жаратылысына, өмір сүру жағдайларына, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, психикалық дамуына сәйкес қалыптасады. Яғни, гендер ерлер мен әйелдердің бірін үстем, бірін әлсіз, қорғансыз табиғи импульстары тұрғысынан емес, нағыз индивидті контексте бағалайды. Бұл әдебиетте олардың аталған факторлардың әсерінен түрлі мінез-құлық үлгілеріне, әдеби тұлғаға айналуы арқылы көрінеді. Әсіресе, Абай шығармаларында

әйел тұлғасын оның сыртқы бейнесі яки дәстүрлі функциясына сай жыныстық нысан ретінде манекендеуден гөрі, әйел мінез-құлқының, әйел рухының астарында жатқан терең әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктер ашылады. Сонымен бірге Абай әйел мен ер адамды жыныстық тұрғыда шектемей, тұтас адам ретінде қарастырады. Демек, Абай шығармаларындағы гендерлік көзқарасты әйел мен еркектің арасындағы теңдік қарым-қатынасы емес, екеуіне ортақ заңдылық, гендерлік жауапкершілік, әділеттілік, махаббат, татулық мәселесі деп тұжырымдауға болады.

Қорытынды

Сонымен лингвистикалық және әдебиеттанулық тұрғыдан қарастырғанда, гендерлік теория ерлер мен әйелдердің сөйлеу дағдысындағы тілдік айырмашылықтарымен, яғни сөйлесім әрекеттерімен де айқындалады. Мәселен, әйел адамдардың сөйлеу тіліне эмоционалды-экспрессивті сөздер мен абстрактілі сөйлеу тән болса, ер адамдар нақты, қысқа, байсалды коммуникацияға бейімделген. Абай да:

«Орынды іске жүріп, ой таппаған,

Не болмаса жұмыс қып, мал таппаған» [5, 43 б.] –

дегенде, ер адамның өзінің маскулиндік жаратылысына сай гендерлік міндетін лайықты атқармағанын ишарат етеді. Ал «Сөйлесе, сөзі әдепті әм мағыналы, Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды» деген Абай мәтінінен әйелдің гендерлік тұлғасы бірден танылады.

Негізінде *еркек*, *әйел* концептілері кез келген мәдениетке, жалпыадамзатқа ортақ ұғымдар болғанымен, әр ұлттың дүниетанымына орай ерекшеліктері болады. Абай поэзиясында осы аталған әмбебап атаулардың халқымызға тән қазақы табиғаты айқындалады. Абай әйел мен ер адамның гендерлік бейнесін жасау арқылы қазақ этносының тұтас болмысын, таным-таразысын, өмірлік көзқарастарын көрсетеді. Ақын адам деген жалпы атқа ие екі түрлі жаратылыстың гендерлік тұлғасын сипаттай отырып, көзге көрінбейтін, тек адам баласының ішкі түйсігі мен сезім күйлері арқылы танып-білетін терең психологиялық иірімдерді түсіндіреді.

Түйіндеп айтқанда, Абай поэзиясындағы гендерлік дискурс мынадай көркемдік парадигмалармен айқындалады:

1) әйел тұлғасының сыртқы сұлулығын (гендерлік портретін) вербализациялайтын гендерлік таңбалардың: теңеу, эпитет, метафоралық көркемдегіш құралдар мен лексика-семантикалық атаулардың қолданысы;

2) ер адамдардың маскулиндік қасиеттерін ассоциациялайтын халық танымындағы бейнелі сөздер мен тілдік-рәміздік мәдени

кодтардың (мыс.: ер, бозбала, жігіт; ауыспалы мағынада қолданылатын жігіттің гендерлік бейнесін көрсететін: сұңқар, түйғын, қорған, т.с.с.) жұмсалуы;

3) Абайдың көркем мәтіндегі көркем гендерологияның белгілерін ашатын контекстік конструкциялардың стильдік, идеялық функциясы.

Мақала диссертация тақырыбына сәйкес «AP09259694 «Қазіргі әдебиеттану және когнитивтік парадигма» атты гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Bentley Madison. Sanity and Hazard in Childhood // The American Journal of Psychology, April 1945, 58 (2). 212–246.

[2] Money J. Hermaphroditism, gender and precocity in hyperadrenocorticism: psychologic findings. Bull Johns Hopkins Hosp. 1955 Jun; 96(6). 253-264.

[3] Әуезов М. Елу томдық шығармалар жинағы. Т. 31: Мақалалар, либретто, пьеса. – Алматы: Дәуір, 2008. – 402 б. ISBN 9965-759-76-6.

[4] Столлер Роберт Дж. Пол и гендер: о развитии маскулинности и феминности. – Москва: Пресс, 2005. – 247 с.

[5] Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 1-том. – Алматы: «Жазушы», 2020. – 640 б. ISBN 978-601-200-724-4

[6] Xiuhua Wang & Shuming Lin // On the Interdisciplinary Poetics of Gender, Comparative Literature: East & West, (2015). ISSN: (Print) 2572-3618 (Online) Journal homepage: <https://www.tandfonline.com/loi/rcle19> (қаралған күні: 29.10.2022)

[7] Mila Arizah. Feminism: equality gender in literature // Conference: International seminar and annual meeting // BKS-PTN Wilayah BaratAt: Palembang. Indonesia, September, 2020. https://www.researchgate.net/publication/344186149_FEMINISM_EQUALITY_GENDER_IN_LITERATURE (қаралған күні: 29.10.2022)

[8] Ысқақұлы Д., Жакенбаева М.К. Қазақ қоғамындағы әйел болмысының ұлттық әдебиетіміздегі көрінісі// «Керуен» ғылыми журналы. – No1 (74). – 2022. <https://keruenjournal.kz/index.php/main/article/view/299/129> (қаралған күні: 01.11.2022)

[9] Салықов К. Әзіл сөздің атасы // <https://martebe.kz/shal-a-yn-tileuke-leke-ly/> (қаралған күні: 01.11.2022)

[10] Шоқым Г. Гендерлік лингвистика негіздері. – Алматы: Экономика, 2012. – 198 б.. <http://rmebrk.kz/bilim/shokym-genderlik-lingvistika.pdf>

REFERENCES

- [1] Bentley Madison. Sanity and Hazard in Childhood. // *The American Journal of Psychology*, April 1945, 58 (2). 212–246.
- [2] Money J. Hermaphroditism, gender and precocity in hyperadrenocorticism: psychologic findings. *Bull Johns Hopkins Hosp.* 1955 Jun; 96(6). 253-264.
- [3] Auezov M. Elu tomdik shygarmalar zhinagy (Collection of works in fifty volumes). T. 31: Makalalar, libretto, pesa. Almaty: Daur, 2008. 402 b. ISBN 9965-759-76-6. [In Rus].
- [4] Stoller Robert J. Gender and sex: On the Development of Masculinity and Femininity. Moscow: Press, 2005. 247p.
- [5] Abai. Shygarmalarynyn akademialyk tolyk zhinagy (Abay. Complete academic collection of his works). Ush tomdyk. 1-tom. Almaty: «Zhazushy», 2020. 640 b. ISBN 978-601-200-724-4. [In Kaz].
- [6] Xiuhua Wang & Shuming Lin // On the Interdisciplinary Poetics of Gender, Comparative Literature: East & West, (2015). ISSN: (Print) 2572-3618 (Online) Journal homepage: <https://www.tandfonline.com/loi/rcle19> (date of review: 29.10.2022).
- [7] Mila Arizah. Feminism: equality gender in literature // Conference: International seminar and annual meeting // BKS-PTN Wilayah BaratAt: Palembang. Indonesia, September, 2020. https://www.researchgate.net/publication/344186149_FEMINISM_EQUALITY_GENDER_IN_LITERATURE (date of review: 29.10.2022).
- [8] Yskakuly D., Jakenbaeva M.K. Kazak kogamyndagy aiel bolmisiyin ulttyk adebietimizdegi korinisi (The expression of a woman's identity in kazakh society in our national literature)// «Keruen» gilimi zhurnaly. No 1 (74). 2022. <https://keruenjournal.kz/index.php/main/article/view/299/129> (date of review: 01.11.2022). [In Kaz].
- [9] Salykov K. Azil sozdin atasy (The father of the word humor) // <https://martebe.kz/shal-a-yn-tileuke-leke-ly/> (date of review: 01.11.2022). [In Kaz].
- [10] Shokim G. Genderlik lingvistika negizderi (Basics of gender linguistics). Almaty: Ekonomika, 2012. 198 b. <http://rmebrk.kz/bilim/shokym-genderlik-lingvistika.pdf> [In Kaz].

ГЕНДЕРНЫЙ ДИСКУРС В ПОЭЗИИ АБАЯ

*Жуматаева А.Н.¹

*¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Докторант Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова
Алматы, Казахстан,
e-mail: aidanaz@mail.ru,
ORCID iD: 0000-0003-2236-9549

Аннотация. В статье категория «гендер» дифференцируется с точки зрения литературоведения. Рассматривается художественная парадигма основных понятий, характерных для концепта гендера, ставшего самостоятельным теоретическим предметом, имеющим научный метаязык в рамках творчества великого поэта Абая. Определяется терминологическое различие между «полом» и «гендером», часто повторяющееся в гендерных исследованиях, и изучаются факторы, составляющие феминистские и маскулинные взгляды в литературном контексте. Анализируется лингвопоэтическая природа литературно-культурных явлений, раскрывающих гендерный образ мужчины и женщины в художественном тексте Абая. Авторская интерпретация раскрывает значение гендерно-специфических имен в поведенческих нормах и социальный статус мужчины и женщины в поэзии Абая.

Достаточно системно изученные в других гуманитарных областях гендерные проблемы, можно сказать, вообще не разработаны в национальной литературоведческой науке. Точно так же, хотя творчество величайшего гения казахского народа Абая не осталось вне внимания исследователей, литературное наследие поэта не изучено с точки зрения художественной гендерологии. Поэтому определение художественной системы гендерологической науки, интерпретация с современной точки зрения творческой концепции поэта-мыслителя, а также его гендерной поэтики на основе лирики Абая, является одной из основных целей данной статьи.

Научно-практическая значимость статьи определяется особым влиянием на формирование в литературном сознании понимания гендерной поэтики посредством изложенных здесь научных соображений и определений, полученных выводов.

Кроме того, гендерные особенности, не отмеченные в фундаментальной абаеведческой науке, впервые всесторонне изученные в художественном мире Абая, на основе образа женщины и мужчины, позволяет глубже понять мировосприятие поэта и реалии времени. Статья может представлять интерес для литературоведов и абаеведов.

При объяснении гендерного дискурса в поэзии хакима Абая использовались литературно-интерпретационный, контекстный, концептуальный анализы, которые определяют семантическую структуру гендерных лексем.

Ценность исследования объясняется более глубоким рассмотрением гендерного статуса женщин и мужчин в творчестве Абая и вкладом в совершенствование теоретических знаний о гендерной поэтике в литературном пространстве.

Результаты исследования имеют особое значение при анализе гендерной проблематики в социальных науках в соответствии с интеграционным знанием и при интерпретации художественных текстов с гендерной точки зрения в ряде курсов и семинаров.

Ключевые слова: Абай, поэзия, гендер, дискурс, феминистская теория, маскулинность, пол, концепт

GENDER DISCOURSE IN ABAI'S POETRY

*Zhumatayeva A.N.¹

*¹Kazakh National University named after al-Farabi,
PhD doctoral student Institute of Literature and
Art named after M.O. Auezov,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: aidanaz@mail.ru,
ORCID ID: 0000-0003-2236-9549

Abstract. In the article, the gender category is differentiated from the point of view of literary criticism. The artistic paradigm of the main concepts characteristic of the concept of gender, which has become an independent theoretical subject with a scientific metalanguage within the framework of the work of the great poet Abai, is considered. At the same time, the terminological difference between “sex” and “gender” is determined, which is often repeated in gender studies, and the factors that make up feminist and masculine views in a literary context are studied. The linguo-poetic nature of literary and cultural phenomena that reveal the gender image of men and women in the literary Abay's text. The author's interpretation reveals the meaning of gender-specific names in behavioral norms and the social status of men and women in Abai's poetry.

In other areas of the humanities, gender problems that have been sufficiently systematically studied, one might say, have not been developed at all in the national literary science. In the same way, although the work of the greatest genius of the Kazakh people Abai did not remain outside the attention of researchers, the literary heritage of the poet has not been studied

from the point of view of artistic genderology. Therefore, the definition of the artistic system of gender science, the interpretation of the creative concept of a thinking poet with a modern approach, considering gender poetics based on the lyrics of Abai, is one of the main goals of this article.

The scientific and practical significance of the article is determined by the special influence on the formation of an understanding of gender poetics in the literary mind through the scientific considerations and definitions presented here, and the conclusions drawn.

In addition, gender features that are not noted in the fundamental Abai studies, for the first time comprehensively studying Abai in the artistic world, based on the image of a woman and male nature, allows a deeper understanding of the poet's worldview and the realities of the time. An article of a certain level is suitable for the needs of literary and Abai scholars.

When explaining the gender discourse in the poetry of khakim Abai, literary-interpretative, contextual, conceptual analyzes were used that determine the semantic structure of gender lexemes.

The value of the study is explained by a deeper consideration of the gender status of women and men in the works of Abai and the promotion of the improvement of theoretical knowledge about gender poetics in the literary space.

The results of the study are of particular importance in the analysis of gender issues in the social sciences in accordance with integration knowledge and in the interpretation of artistic texts from a gender perspective in a number of courses and seminars.

Key words: Abai, poetry, gender, discourse, feminist theory, masculinity, sex, concept

Статья поступила 05.11.2022

ӘОЖ 82. 6

XҒТАР 17.82.60

[HTTPS://DOI.ORG/10.48371/PHILS.2023.70.3.030](https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.70.3.030)

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ ПРОЗАСЫНЫҢ ДАМУЫ

*Қалижарова Ж.Т.¹

*¹докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты,
Алматы, Қазақстан, e-mail: kalizharovazhadyra@mail.ru

Аңдатпа. Аталған мақалада XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының жеке өмір деректеріне және ұлт тағдырына, қазақ тілі мәселесіне байланысты жазған ашық хаттары, өз замандастарымен, қаламгерлермен, оқырмандарымен, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерімен жазысқан және басқалардан алған хаттары мен жазба-деректері қарастырылған.

Мақаланың негізгі мақсаты – XX ғасыр басында өмір сүріп, қоғамдық қызмет атқарған қазақ қаламгерлерінің хаттарын қарастырып, олардың мазмұнын, көркемдік құрылымын, қоғам мен заман шындығын қалай шынайы бейнелегенін анықтау. Сол арқылы қазақ зиялыларының эпистолярлық жанрда шынайылық пен ашықтық танытқандығын дәйектеу. Алдыға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі эпистолярлық шығармаларды жинақтау, тақырыбына қарай сұрыптау жұмыстары жүргізілді. Ә.Бөкейханның, А.Байтұрсынұлының, М.Шоқайдың, С.Сейфуллиннің, С.Мұқановтың түрлі тақырыптағы хаттарының мазмұны ашылып, талдау жасалды. Бұған қоса эпистолярлық жанрдың қазақ көркем әдебиетіндегі көрінісі де назарға алынды. XX ғасыр басындағы эпистолярлық шығармалар әдебиеттанушылар тарапынан назарға алынбаған. Мақала авторлары осы олқылықтың орнын толтырып, XX ғасыр әдебиетіндегі қазақ эпистолярлық жанрын тақырыптық жағынан жіктейді.

Мақаланы жазу барысында зерттеудің бағытына байланысты қажетінше ғылыми талдау мен жинақтау, хронологиялық, кешенді талдау әдістері негізге алынды.

XX ғасыр басындағы қаламгерлер арасында жазылған хат-хабарларда көбінесе әдебиеттің, көркем шығарманың тағдыры, ұлт мұрасы, халықтың жағдайы, туған жер мәселесі кеңінен сөз болатындығы анықталды. Автор XX ғасыр басындағы қазақ эпистолярлық прозасын былайша жіктеуді ұсынады: елдің әлеуметтік мәселелеріне қатысты

жазылған хаттар; ғылым-білім саласына, тіл мәселесіне байланысты жазылған хаттар; достық қарым-қатынас үлгілерін көрсететін хаттар; көркем шығармаларда кездесетін эпистолярлық жанр үлгілері.

Мақала жоғары оқу орындарындағы «Әдеби сын», «Әдебиет сыны тарихы», «Әдебиет теориясы» пәндерін оқытуда пайдалы болады деп саналады. Зерттеу нәтижелерін қаламгерлерді танытуға арналған дәрістер мен практикалық сабақтарға дайындық кезінде қосымша оқу материалы ретінде пайдалануға болады.

Тірек сөздер: эпистолярлық мұра, эпистолярлық жанр, мұрағат, қолжазба, әдебиет мәселесі, әдебиет сыны, әдеби мұра, мәдени мұра

Негізгі ережелер

Эпистолярлық жанр өз бастауын көне дәуірден алады. Бұған ерте замандарда өмір сүрген Цицеронның, Горацийдің жазған хаттары дәлел бола алады. Әлемдік деңгейдегі әдебиеттану мәселесінде қарасақ, олардың жазған хаттары эпистолярлық жанрдың негізін қалады. Кейіннен хат түрінде жазылған прозалық шығармалар дамыды. «Әдебиеттану терминдерінің сөздігінде» эпистоляр шығармалардың хат сияқты жазылатын шығармалар екенін айта келе, хат сияқты өлеңдермен бірге, қара сөзбен жазылған шығармалар да негізінен эпистоляр шығармалардай жазылатынына назар аударған. Әдеби туындыда әдеби персонаждардың бір-біріне жолдаған хаттарына үлкен орын берілетіні де баса көрсетіледі [1, 269 б.]. Хаттарды қолдану арқылы кейіпкер болмысын тереңірек ашуға мүмкіндік болатыны да сөздікте нақтылы көрсетілген. Көрсетілген терминде эпистолярлық жанрдың дискурстық ерекшелігі толық сипатталады. Оның қазіргі уақытта дамыған түрлері туралы да мәлімет беріледі.

Қазақ әдебиетіндегі эпистолярлық жанрдың маңызы туралы жазушы, әдебиеттанушы А.Кемелбаева жазушылардың арасында эпистолярлық прозаны пайдалану көркем сөздің құдіретін түсініп қана қоймай, бұл бағытта сөзге өте ұқыпты қарау керек екенін айтады. Әдебиеттанушы эпистолярлық проза жазушының неше есе еңбектенуін қажет екеніне де назар аудартады. Эпистолярлық жанрға тән ерекшелік ретінде қарапайым ғана уақытта өткен тарихи сәтті барлық психологиялық сипатымен беретін құдіретіне де ерекше қарау керек екенін айтады [2, 22 б.]. Әдебиеттанушының осы ойын құптай отырып, зерттеу мақаламызда ХХ ғасыр басындағы қазақ эпистолярлық прозасын нысана етуіміз де осыдан. Яғни, қазақ зиялыларының жазған хаттары арқылы сол кезеңнің тарихына тереңірек үңілуді мақсат еттік.

Кіріспе

XX ғасырдың алғашқы ширегінде орын алған Алаш қозғалысы мен сол кездегі қазақ қауымының оқуға бет бұруы қазақ халқының жазу тіліндегі іс-қағаз, құжаттар тілін де бір арнаға түсірді. Мәселен, елдегі жалпықазақ съездерінің хаттама мен қаулылары, «Алаш» партиясының бағдарламасы, қатынас хаттары құжат тілінің жаңа бағыттағы лексикасының дамуына айтарлықтай үлес қосты. Бұған қоса, осы XX ғасыр басында қазақ эпистолярлық жанрының күрт дамығанын байқаймыз. Алаш зиялылары Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Шоқай, М. Тынышбаев, Х. Досмұхамедұлы, М. Дулатов, т.б. эпистоляр жазбалары осы бағыттағы тамаша үлгілер болып саналады. Қазақ жазба әдебиеті тарихындағы алаш уақытына байланысты зерттеулерде қазақ сөз қолданысының ерекшеліктерін байқататын мысалдар жеткілікті. Бір ғана А. Байтұрсынұлының тіл білімі мен әдебиеттанудан жасаған қазақ тіліндегі теміндері бұған куә. Сөздерді дұрыс пайдалану, бір ұғымды беру, жаңа сөз тіркестерін қолдану – алаш қаламгерлерінің ұлттық ділі мен қазақша ойлау жүйесін аңғартады. Сонымен қатар, олардың Батыс және Шығыс ғылымы мен білімін зерделеп, қазақ ұғымына сай қолданысқа келтіргенін көреміз. Әлемдік деңгейдегі ғылымдардың дамуын жақсы зерделеген алаш зиялыларының қазақ тілінде қолданған лексикалық сөз қоры бүгінгі қазақ тілінің жаңа деңгейі болып саналған. Олардың қазақ эпистолярлық прозасының әлемдік өркениет сатысында жаңа бағытта дамуына зор үлес қосқанын байқаймыз. Алаш зиялыларының еңбегі бүгінгі күні еліміздің қарқынды дамуына өз үлесін қосатын қазыналы шығармалар ретінде пайдаланылып отыр.

Материалдар және әдіс-тәсілдер

Зерттеу жұмысын жазу барысында қалыптасқан ғылыми талдау мен жинақтау, хронологиялық, кешенді талдау әдістері қажетінше пайдаланылды.

Талқылау

Жанр – даму үстіндегі ұғым. Оның күрделілігі мен әр дәуірдің тудырған қоғамдық және әлеуметтік ерекшелігіне байланысты жаңа түр тауып, жаңа арнада жаңа жанрдағы туындыларда көрініп жатуы заңдылық. Академик Зейнолла Қабдоловтың белгілі бір тарихи дәуірлердегі түрлі жанрлардың өз негізін сақтап, даму барысында жанрдың ерекшелігіне өз үлесін қосатыны туралы айтқаны еске оралады. Жанрдың даму кезеңдері – тірі үрдіс. Олай болса, жанр жаңадан пайда болады, өркендейді, жаңғырады, мүлдем жоғалады... [3, 311 б.] деген

тұжырымы орынды деп айтуға болады. Эпистолярлық жанр ғалымның жанрға берген анықтамасына сай пайда болып, формасын өзгертіп бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. Әр заманның өз ерекшелігіне байланысты бұл жанрдың шарықтау кезеңі ХХ ғасырдың басы мен 80-90 жылдарға дейінгі кезең деуге болады. Мақсатымыз ХХ ғасыр басындағы хат-хабар мәселесіне арналғандықтан тарихи арна бойынша қазақ зиялы қауымынан мұра болып қалған жазбаларға назар аударамыз.

Қазақ зиялылары қазақ елінің әлеуметтік жағдайына, тіл мәселесіне, ұлттың тағдырына қатысты ойларын ашық түрде жазып, хат түрінде тиісті орындарға жіберуді дәстүрге айналдырды. Соның бір мысалы А. Байтұрсынұлының В.Ленинге жазған хаттары. Бұл құжаттар қазақ ұлтының ғана емес, бүкіл түркі жұртының ортақ мақсат-мүдделерін жан-жақты, кең әрі терең жеткізген аса маңызды тарихи құжат [4]. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ ұлтының біртұтастығын сақтау барысында барлық жан дүниесімен берген асыл ойлары бүкіл Алаш азаматтарының лениншілдердің ұстанған таптық көзқарасына жалпыадамзаттық құндылықтарды қарсы қойғанын байқаймыз. Қазақ елінің ұлттық тамырына балта шабуға бағытталған солақай саясаттың лебін ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының барынша ашық айтқанын көреміз.

Түркі дүниесіне жарық жұлдыз болып келген ұлтымыздың көсемдерінің бірі Мұстафа Шоқайдың да эпистолярлық бай мұрасы тек тарих сабақтарын алып қою үшін ғана емес, болашақ ұрпаққа елінің ертеңі үшін өмір сүрген Алаш зиялыларының ғұмырнамалық дастаны сияқты болмақ. Себебі, оның хаттарының басым бөлігі қазақ елінің азаттығы, тәуелсіздігі туралы болатын. Алаш азаматтарының арасына жік сызығын салғысы келген кей зерттеушілер кезінде М. Шоқай мен Ә. Бөкейхан арасындағы келіспеушіліктің болғаны туралы да айтқан. Алайда олардың жазған хаттары, арттарында қалдырған мол жазулары керісінше екі алаштықтың бірлесе қимылдағанын көрсетеді.

Бүгінгі күні қазақ әдебиеті зерттеушілерінің шетелдік басылымдар мен кітаптарды, журналдарды, архивтерді аралап жүріп тапқан мол мұраларымыз аздап болса да елге оралып отыр. Оған дәлел ретінде Мұстафа Шоқайға қатысты барлық мол қазынаның елге келе бастауы.

Мысалы, түркі халықтарына ортақ мұраларды зерттеп жүрген «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымы таяуда Түркиядағы бір мұрағаттан Шоқайұлының өз қолынан шыққан қолжазбаларын Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатына табыстады.

Түркиядан алынған қағаз-құжаттардың саны шамамен жүзден асады, барлығы 340 бетті құрайды. Олардың көбі Мұстафа Шоқайдың

шетелде жүрген грузин, әзірбайжан, осетин, украин, т.б. елдердің саяси тұлғаларымен жазысқан хаттары. 84 хат табылған, олар 188 беттен тұрады.

Жеке тұлғалардың хаттарын зерттеу, саралау: хат жазылған қоғамның ерекшелігін, өзгеріс динамикасын, стратегиялық ұстанымы мен көзқарасын анықтауға, түсінуге мүмкіндік береді. Хаттарда қазақ елінің экономикалық мүмкіндіктерін еселеуден бастап, басқа елдермен байланысқа түсу амалдары да толық баяндалады. Қазіргі көзқараспен қарасақ, хаттар ой бөлісу, алыста жатып ортақ жоспар құрудың да құралы қызметін атқарғанын байқаймыз.

Қазақ баспасөзінде хат түріндегі жазбаларды жариялау дәстүрлі болып саналады. Бұл эпистолярлық жазбалар, алдымен шежіре ретінде болса, содан соң, оқырманын ізгілікке тәрбиелейтін, бағыт беретін сара жол болды. Сонымен қатар, хаттар тарихи деректерді барынша дәл беретін проза түрі екенін де ескергеніміз жөн. Себебі хат жазушы жалпы көпшілікке емес, нақтылы адресатқа арнағандықтан, оның барынша шынайы болуы заңдылық.

Сәкен Сейфуллин 1924 жылы Қазақ елінің губерниялық һәм уездік совет комитеттерінің төрағаларына «Тіл жұмған ауыздың ішінде» деген тақырыптағы ашық хатын жариялады. Бұл хатта «Қазақ тілін кеңселерде жүргізуге көп бөгет бар... Кей жерлерде қазақ тілін кеңсеге кіргізбек түгілі қазақ азаматы аузын ашатын емес...» деп жазылған. Байқағанымыздай, ашық хатта Сәкен Сейфуллин ойын ашық жазған. Хатта ХХ ғасыр басындағы лексика мен стильдік сипаты анық көрінеді. Қарап отырсақ, сол замандағы хаттардың көбі қарапайым сөйлеу стилінің сөздерін мол қолданғанымен ерекшеленеді. Сонымен бірге, фразалық оралымдардың да көбіне қарапайым сөйлеу дискурсында пайдаланылатындары жиі қолданысқа түскен. Осыдан-ақ, эпистолярлық прозаның басты ерекшеліктері айқындалады. Ол – эпистолярлық прозаның халықтық сипаты.

«Социалды Қазақстан» газеті 1932 жылы (8 ақпан күнгі №32 санында) Сәбит Мұқановтың «Менің қатем қандай?» атты хатын шығарды. Онда ол өзінің үлкен екі қатесі туралы айтты. Алғашқысы «Қызыл Қазақстан» газетінде 1924 жылы шыққан «Жайлау үстінде» деген өлеңінде пролетариатқа дұшпан Мағжан, Жүсіпбек, Мұхтар әсеріне түскені, екіншісі «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылғы басылымда «Қызыл әйнек» деген әңгімесінің алашордашылар: Сәдуақасов пен Қожановтарға еріп, Троцкийдің пікірі сияқты ой айтқаны туралы болатын [5, 212 б.]. Хаттың мазмұнынан сол тұстағы замана сипаты анық байқалады. Себебі, осы хаттардан кейін Алаш зиялыларының соңынан шырақ алып түсушілер көбейгені белгілі. Қазақ халқының

басындағы зор нәубет жылдар, тек қарапайым халықты ғана емес, зиялы деген азаматтардың да өмірін қиындатып, құлға айналдырғаны белгілі. Олардың кейбірінің кеше ғана бірге жүрген жолдастарынан барынша қашқақтағаны да айқын. Бұл тек қазақ халқының ғана міні десек, қателесеміз. Басына қауіп төнгенде жанын арашалау үшін кез келген адам солай жасауы мүмкін. Бірақ, қазақтың өзегі мықты нағыз азаматтарының өздерінің алған беттерінен қайтпағанын да білеміз. Алайда, бұл басқа зерттеу болмақ. Дегенмен, хаттар арқылы адам болмысы мен азаматтық рухты тану мүмкіндігі туары айқын. Сәбит Мұқановтың жоғарыда аталған хаты қазіргі зерттеушілер үшін алаштанудағы жаңа парақтарды ашқаны анық.

Сол кездері газет беттерінде ақындарға оқырмандарынан келген хаттар да жарияланып тұрды. Мысалы, «Социалды Қазақстан» газетінің 1934 жылғы 12 мамыр күнгі санында екі оқырманнан Сәбит Мұқанов пен Сәкен Сейфуллинге ашық хаттар келді. Хатта Сәбит Мұқановқа: «Сұлушаш» шығармасындай өлең неге бермейсіз? Сіздің қара сөзіңіз әлі үлгіге түскен жоқ. Өлеңде неге көркемдей алмай келесіз? Соңғы жылдарда өлеңдеріңіздің көлемі ұлғайып, поэмаларыңыздың саны көбейгенімен, сапасына не себепті аз көңіл бөлдіңіз деген сауалдар қойылған.

Осы «Социалды Қазақстан» газетінің 30 мамырдағы санында тағы да екі оқырманның «Ардақты Сәкен ағай» деп басталатын хаты басылған. Онда Сәкен Сейфуллинге оның соңғы уақытта шығармашылықпен аз айналысып жүргенін айтып, себебін сұрайды. Бұдан байқағанымыз – екі ақынның шығармашылығына деген халықтың тілегі, халықтың қалауы көрінеді. Қазақ халқында «халық айтса, қалып айтпайды» деген сөз бар. Халықтың өздерінің сүйікті қаламгерлерінің шығармашылығын жіті бақылап, бағытын саралап отыратыны осы хаттардан айқын аңғарылады.

XX ғасыр тарихында халық жазушысы Сәбит Мұқановтың қаламгерлерге, замандастарына жазған хаттары – эпистолярлық бағалы мұра болып есептеледі. Сәбит Мұқановтың эпистолярлық мұрасының тақырыптары өте ауқымды. Қаламгердің хаттары – әдебиет тарихшысының өмірбаянын зерттеу үшін, қазақ әдебиеті тарихы, ұлттық әдебиеттану үшін аса құнды мәліметтер. Жазушының сырға толы жазылған хаттарының барлығы – эпистолярлық әдеби шығарма. Қаламгер үшін эпистолярлық жанр өте елеулі. Сәбиттанушы Құлбек Ергөбекұлы жазушының тағдыры жайлы жазылған «Келбет» деген еңбегінде қаламгердің эпистолярлық мұрасында қамтылған мәселелерді жинақтап көрсетеді: а) жазушы азаматтығы, дүниетанымы; ә) жалпы сөз өнері, шығармашылық іс жөнінде көзқарасы, толғаныстары; б)

жазбақ шығармасына материал жинау құралы; в) жазушының жеке бір шығармасының шеберханасы хақында; г) көңіл-күй әуендері, психологиясы, қаламгерлік дағды машығы турасында болып келеді [6]. Байқағанымыздай, жазушы шеберханасын, оның психологиялық әлемін ашуда эпистолярлық жазбалардың рөлі зор. Жазушы шығармашылығы ғана емес, жалпы қазақ әдебиеті мәселелерін қарастыруда С. Мұқановтың хат-мұрасы көп пайдалы қызмет атқара алады. Оларда қаламгер өмір сүрген заманның шынайы бейнесі көрінеді.

С. Мұқановтың хат мәдениетін меңгеруі туралы зерттеушілер Б. Әлімжанов пен Қ. Ергөбековің зерттеуінде қаламгердің өз аузынан айтылған мынадай дәлел келтіріледі. Қаламгердің сөздерінен жазушылық мәдениетіне орыс, шетел әдебиеті классикасына сырға толы хаттардың әсер еткендігі көрінеді [7, 177 б.]. Башқұрстанның халық ақыны Сәйфи Құдашқа 1965 жылы 30 сәуірдегі жазған хатында өзінің «Хаттар мен хаттасулар» деген қалың кітап жасау ниеті бар екенін және Сәйфи Құдашпен жазысқан хаттардың біразын соған кіргізбек екенін хабарлайды [5, 265 б.]. Жазушының хат жанрына назар аударуы тегін емес. Себебі хаттар арқылы тек тарихи деректер емес, сол кездегі қоғамның әлеуметтік жағдайын да білуге болады. С. Мұқановтың эпистолярлық проза жанрында біршама еңбек еткені және өзінің көркем шығармаларында хат арқылы тартыс тудырып, шығарма сюжетін ширататынын да білеміз. Мәселен, «Мөлдір махаббат» романындағы кейіпкерлердің хат жазысуы арқылы берілетін сюжетті желі бұған дәлел.

XX ғасырда жазылған көптеген көркем шығармалар эпистолярлық проза түрінде келді. Бұл қазақ әдебиетіндегі проза жанрының бір ізденісі деуге болады. М. Сералиннің «Гүлқашима», С. Торайғыровтың «Қамар сұлу», Ж. Аймауытовтың «Ақбілек», т.б. шығармаларда кейіпкерлер арасындағы хаттар жалпы шығарма оқиғасының дамуына әсер етеді.

Қазақ даласындағы күрделі кезеңнің қоғамдық-әлеуметтік сипатын танытатын С. Мұқановтың «Мөлдір махаббат» шығармасы – XX ғасырдағы қазақ прозасының ең алғашқы көлемді әрі романтикалық сипаттағы романы. Шығарманың «Сүйген жар» атты екінші бөлімі Бүркіт пен Бәтестің ғашықтық хаттарынан тұрады. Ол хаттар Бүркіттің қалаға оқуға кеткен кезінен басталады. Ғашықтар арасында жазылған нақты хаттар саны белгісіз. Екі жақтан жолданатын хаттар «Бәтесім», «Бөкенжан», «Ақботан», «Кіршіксіз көңілден Бөкенің», т.б. деп басталып, аяқталып отырады. Автор бұл жерде хаттардың адресаты мен адресанттарын осылай көрсетіп отырады. Хаттардың негізгі мазмұнында бір-бірінен жырақта жүрген қыз бен жігіттің өзара сезім-күйлері, сырлары, хабар алмасулары, кеңесулері баяндалады. Романда ғашықтардың махаббатқа

толы хаттары қара сөзбен берілгенімен, олардың поэтикалық тілі эмоционалды, экспрессивтік баяндау стилімен ерекшеленеді: «Менің махаббатық сезімім бесікте емес, Сарықопаның үстінде, қыраулы қыста тұтанып кеткен сияқты... содан бері ол ай сайын, күн сайын, сағат сайын емес, минут сайын қызына түсіп келе жатқан сияқты... бұған дейін іште ғана өшіріп келе жатқан бұл ыстық сезім, сені енді көрсем лап ете түсетін сияқты...» [8, 174 б.]. Сонымен бірге шығармада кейіпкерлердің бір-біріне сүйіспеншілікпен жазылған хаттары олардың ойлары мен портретін берудің бір тәсілі ретінде де қолданылған. Хат адамның «ішкі монологы» болып табылатындықтан, ол шығарма кейіпкерлерінің ойларын тікелей әрі шынайы түрде жеткізуіне мүмкіндік береді. Хат-монолог арқылы берілген сезім күйі кейіпкерлердің психологиялық жағдайын, сезім ерекшелігін аңғартады. Берілген үзіндіде бейнелі түрде махаббат сезімін оттың символдық сипатында алуы да қазақ халқының ұлттық діліне сай алынған. Хаттағы «тұтанып», «қызына түсіп», «өшіріп келе жатқан», «лап ете түсетін» деген тіркестер арқылы автор кейіпкердің махаббат сезімінің оттың жануын сипаттайтын сөздермен беріп, оның махаббатының шынайылығын білдіреді. Яғни, пайда болып, өршіп жанған от сияқты деп бір ауыз сөзбен беруге болатын қимыл-әрекетті бейнелі түрде жеткізеді.

С. Мұқановтың «Мөлдір махаббат» романының басты арқалаған тақырыбы – махаббат туралы болғанымен, қазақ қоғамындағы ең өзекті тақырыптардың бірі болған – әйел теңсіздігі мәселесін де қозғайды. Сол тұстағы қазақ қоғамының әйел адамға деген көзқарасы Бүркіттің әкесі Әбеудің жағымсыз образы арқылы сипатталады. Анасын әменгерлікпен алып қашып келуі, ұлы Текебайға жарты пұт тарыға он жастағы қызды сатып алып беруі, Меруерт пен Жібек есімді қыздарын да қалың малға сатып ұзатып жіберуі, бар малынан айырылып үйіне келгенде бар ашуын әйелінен алып, Бүркіттің анасын өлімші етіп сабап тастауынан сол тұстағы қазақ қоғамындағы әйел адамның қадірінің әбден төмендегенін анық аңғаруға болады. Романдағы қазақ әйелінің жағдайын суреттей отырып, С. Мұқанов бір отбасылық оқиғалар арқылы жалпы елдің де әлеуметтік сипатын береді.

Түйіндей келе, қазақ әдебиетіндегі прозалық шығармалардың ХХ ғасыр басында жаңа түр тауып, оқиғалардың шешімін шығаруда, кейіпкерлердің байланысын орнатуда хат дискурсының өзіндік зор үлесі болды деуге болады.

Нәтижелер

XX ғасырдағы қазақ зиялыларының хаттарынан XX ғасырдың басындағы Қазақстан мен Орта Азия елдеріндегі тарихи оқиғалар мен сол кезеңдегі саяси және қоғам қайраткерлері туралы толық мәлімет алуға болады. Мәселен Алаш автономиясы Қоқан автономиясының құрылуы мен құлауы, большевиктердің билікке келуі, Кеңес үкіметінің аз ұлттарға қатысты ұстанымы, А. Байтұрсынұлының, М. Шоқайдың хаттарынан көрінеді. Осы кезеңде жазылған хаттарында қазақ зиялылары өздерінің саяси-идеологиялық қарсыластары туралы, ұлттың тіліне, әлеуметтік мәселелеріне қатысты ойларын өткір жазады.

Қорытынды

XX ғасыр әдебиетіндегі қазақ эпистолярлық жанрын тақырыптық жағынан төмендегідей жіктеуге болады (1-кесте).

№	Тақырыбы	Үлгілері
1	Елдің әлеуметтік мәселелеріне қатысты жазылған хаттар	А.Байтұрсынұлының «Ленинге хаты», С.Сәдуақасовтың, М.Әуезовтің, Ә.Ермековтың, Ы.Мұстамбаевтың және басқа да ұлт зиялыларының орталық комитетке, өлкелік комитетке жолдаған хаттары
2	Ғылым-білім саласына, тіл мәселесіне байланысты жазылған хаттар	С.Сейфуллиннің «Қазақстанның губерниялық һәм уездік совет комитеттерінің төрағаларына «Тіл жұмған ауыздың ішінде» деген ашық хаты
3	Достық қарым-қатынас үлгілерін көрсететін хаттар	А.Байтұрсынұлының замандас інісі М.Дулатовқа жазған хаттары
4	Көркем шығармаларда кездесетін эпистолярлық жанр үлгілері	М.Сералиннің «Гүлқашима», С.Торайғыровтың «Қамар сұлу», Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», т.б. шығармалар

Кесте – 1. XX ғасыр қазақ әдебиетіндегі эпистолярлық жанр түрлері

Қорыта айтқанда, XX ғасырдағы қазақ зиялыларының тарихы мен тағдырына қатысты ақтандақтарды ашуда олардың арттарында қалған мол мұрасының бір парасы болып табылатын эпистолярлық прозаның маңызы ерекше. Сондықтан да эпистолярлық мұраның мол көзі болып табылатын: ресми, іскери, тұрмыстық, достық және тағы басқа да түрлерін жинау, зерттеу, ғылыми айналымға енгізу бүгінгі күні маңызды болып отыр. Хат түрлерінің әр замандағы ерекшеліктері туралы

жазылған еңбектерді зерделей отырып, олардың әдебиет тарихының кейбір ақтандақ беттерін қалпына келтіруде маңызды екенін байқаймыз.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Әдебиет терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 384 б.
- [2] Кемелбаева А. Эпистолярлық жанрдың жасампаздығы // «Қазақ әдебиеті» газеті. – №1. – 2022. – 22 б.
- [3] Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1984. – 380 б.
- [4] Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Мақалалар, хаттар, А. Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. – Алматы: «Елшежіре», 2013. – 384 б.
- [5] Қайырбеков Ә. Мұқановтың хатханасы – Письмотека Муканова. – Алматы: «Полиграфкомбинат», 2018. – 392 б.
- [6] Ергөбек Қ. Келбет (Сәбит Мұқановтың тағдыры). – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 624 б.
- [7] Әлімжанов Б., Ергөбеков Қ. Хаттар және хаттасулар // Жұлдыз әдеби-көркем, қоғамдық-саяси журнал, 1978. – 221 б.
- [8] Мұқанов С. Мөлдiр махаббат. Роман. – Алматы: Атамұра, 2006. – 520 б.

REFERENCES

- [1] Ädebiet terminderriniñ sözdıgı (Dictionary of literary terms). Almaty: Ana tılı, 1996. 384 p. [In Kaz.]
- [2] Kemelbaeva A. Epistolärlyq janrdyñ jasampazdyğy (Creation of the epistolary genre) // «Qazaq ädebieti» gazetı. №1. 2022. 22 b. [In Kaz.]
- [3] Qabdolov Z. Ädebiet teoriasynyñ negızderı (Fundamentals of literary theory). Almaty: Mektep, 1984. 380 p. [In Kaz.]
- [4] Baitürsynüly A. Alty tomdyq şyğarmalar jınağy. Maqalalar, hattar, A. Baitürsynüly turaly qıjattar men materialdar (Collection of works in six volumes. Articles, letters, documents and materials about A. Baitursynov). Almaty: «Elşejire», 2013. 384 b. [In Kaz.]
- [5] Qaiyrbekov Ä. Mūqanovtyñ hathanasy – Pismoteka Mukanova (Letter library Mukanova). Almaty: «Poligrafkombinat», 2018. 392 b. [In Kaz.]
- [6] Ergöbek Q. Kelbet (Säbit Mūqanovtyñ tağdyry) (Image (the fate of Sabit Mukanov)). Nūr-Sūltan: Foliant, 2020. 624 b. [In Kaz.]
- [7] Älımjanov B., Ergöbekov Q. Hattar jäne hattasular (Letters and correspondence) // Jūldyz ädebi-körkem, qoğamdyq-saiasi jurnal, 1978. 221 b. [In Kaz.]
- [8] Mūqanov S. Möldır mahabbat. Roman. Almaty: Atamūra, 2006. 520 b. [In Kaz.]

РАЗВИТИЕ КАЗАХСКОЙ ЭПИСТОЛЯРНОЙ ПРОЗЫ НАЧАЛА XX ВЕКА

*Калижарова Ж.Т.¹

*¹Докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан,
e-mail: kalizharovazhadyra@mail.ru

Аннотация. В статье рассматриваются открытые письма и письменные данные казахской интеллигенции начала XX века, связанные с судьбой нации, языковыми проблемами, а также их частные письма из переписки с видными государственными и общественными деятелями, писателями, рядовыми читателями.

Цель статьи – рассмотреть письма казахских писателей начала XX века, определить содержание их писем, художественную структуру, представление об обществе и реалиях времени. Можно констатировать, что казахская интеллигенция проявила большую основательность в эпистолярном жанре. Для достижения поставленных целей была проведена работа по отбору и тематической классификации эпистолярных произведений начала XX века. Раскрыто и проанализировано содержание писем А. Бокейхана, А. Байтурсынова, М. Шокая, С. Сейфуллина, С. Муканова на различные темы. Кроме того, авторы приняли во внимание использование элементов эпистолярного жанра в произведениях художественной литературы. Эпистолярные произведения начала XX века ранее не являлись объектом изучения отечественными литературоведами. Авторы статьи восполняют этот пробел и тематически классифицируют эпистолярный жанр в литературе XX века.

В ходе написания статьи были взяты за основу традиционные методы научного анализа и синтеза, хронологический, комплексный анализы.

Благодаря анализу переписки между писателями в начале XX века, было установлено, что чаще всего в них речь идет о судьбе литературы, художественного произведения, наследии нации, положении народа, проблемах родного края. Эпистолярную прозу начала XX века автор классифицирует следующим образом: письма, написанные по социальным вопросам страны; письма, написанные по вопросам науки и образования, проблемам языка; письма, показывающие образцы дружеского общения; эпистолярные жанровые образцы, встречающиеся в художественных произведениях.

Статья вносит вклад в изучение дисциплины «Литературная критика», преподаваемой в высших учебных заведениях. Результаты исследования могут быть использованы в качестве дополнительного учебного материала при подготовке к лекциям и практическим занятиям, предназначенным для ознакомления с жизнью и творчеством писателей.

Ключевые слова: эпистолярное наследие, эпистолярный жанр, архив, рукопись, проблема литературы, литературная критика, литературное наследие, культурное наследие

THE DEVELOPMENT OF KAZAKH EPISTOLARY PROSE OF THE EARLY TWENTIETH CENTURY

*Kalizharova Zh.T.¹

*¹ Doctoral student of Al-Farabi Kazakh National University, M.O. Auezov
Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan,
e-mail: kalizharovazhadyra@mail.ru

Abstract. The article examines open letters and written data of the Kazakh intelligentsia of the early twentieth century related to the fate of the nation, language problems, as well as their private letters from correspondence with prominent state and public figures, writers, ordinary readers.

The purpose of the article is to examine the letters of Kazakh writers of the early twentieth century, to determine the content of their letters, the artistic structure, the idea of society and the realities of time. Thus, it can be stated that the Kazakh intelligentsia showed great thoroughness to the epistolary genre. To achieve this goal, work was carried out on the selection and thematic classification of epistolary works of the early twentieth century. The content of letters of A.Bukeikhanov, A.Baitursynov, M.Shokay, S.Seifullin, S.Mukanov on various topics was disclosed and analyzed. In addition, the expression of the epistolary genre in fiction was taken into account. In addition, the authors took into account the use of elements of the epistolary genre in works of fiction. Epistolary works of the early twentieth century were not previously the object of study by Russian literary critics. The authors of the article fill this gap and thematically classify the epistolary genre in the literature of the twentieth century.

In the course of writing the article, traditional methods of scientific analysis and synthesis, chronological, complex analysis were taken as a basis.

Thanks to the analysis of correspondence between writers at the beginning of the twentieth century, it was found that most often they deal with the fate of literature, a work of art, the heritage of the nation, the situation of the people, the problem of the native land. The author classifies the epistolary

prose of the early twentieth century as follows: letters written on social issues of the country; letters written on science and education, language problems; letters showing samples of friendly communication; epistolary genre samples found in works of fiction.

The article contributes to the study of the discipline «Literary Criticism» taught in higher educational institutions. The results of the research can be used as additional educational material in preparation for lectures and practical classes designed to familiarize with the life and work of writers.

Key words: epistolary heritage, epistolary genre, archive, manuscript, problem of literature, literary criticism, literary heritage, cultural heritage

Статья поступила 25.11.2022

ӘОЖ 82-2

XҒТАР 17.82.20

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.70.3.031>

ҚАЗАҚ ДРАМАТУРГИЯСЫНДАҒЫ ЭПИКАЛЫҚ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

Обаева Г.С.¹, *Балтымова М.Р.²

¹ PhD докторант, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: gso72@mail.ru,

*²ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан,
e-mail: mbr76@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада екі көркемдік жүйе (фольклор мен әдебиет) байланысының тарихнамасы теориялық аспектіде жүйеленіп, қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсірепов драматургиясының көркемдік әлемінде фольклор тақырыбының алатын орны, бастау негіздері талданды. Фольклор үлгілерінің трансформациялану болмысы әдебиеттану ғылымы заңдылықтары аясында қарастырылды. Фольклор мен жазба әдебиеттің, фольклор мен жеке ақын-жазушылардың шығармашылық дәстүрі мәселесінің негізінде жазушы Ғабит Мүсірепов шығармаларының фольклорлық негізі, жазушы шеберлігінің бастауын анықтау мақсаты көзделді. Алдымен көркемдік даму процесіндегі фольклор мен әдебиет байланысының маңызына арналған теоретик-ғалымдардың ғылыми жетістіктері мен тәжірибесіне сүйене отырып,

қозғаған мәселеміздің теориялық принциптерінің негізгі маңызды шарттары анықталды.

Қазақ драматургиясындағы эпикалық дәстүрдің М. Әуезов шығармашылығынан бастау алғаны және оны әрі қарай жалғастырған Ғ. Мүсірепов шеберлігі, осы жанрдың оның классик ретінде қалыптасуындағы бірден-бір бастау, алғышарт болғаны дәлелденеді. Жазушының фольклорлық эпосты жазба әдебиеттің күрделі жанры драматургияға айналдыруда жанр заңдылығын сақтай отырып, сан ғасырлар бойы қазақ ұғымында бекіген образдар мен сол шығармалардың идеялық қазығына мүлдем өзгеше рең беріп, жазба әдебиеттің өшпес мұрасына айналдырудағы шеберлік сыры анықталады. Суреткердің драматургиядағы алғашқы тәжірибесінің классикалық лиро-эпостық жырларды жазба әдебиеттің туындысына айналдырудан басталуы ол үшін шеберлік мектебі болғандығы зерттеледі. Драматург классикалық эпосты классикалық драмаға айналдыруда драмаға қажет болатын барлық тәсілдерді шебер пайдаланады. Драматургтің қоғамның тұрмыс-тіршілік деректерін сахнаға толықтай, не бөлшектеп тура көшіріп қана қоймай, ұлттың мәдени құбылысының парадигмасын жаңғыртудағы шеберлігінің сыры айқындалады. Осының барлығы мақаланың ғылыми маңыздылығын айқындайды.

Тақырыпты зерттеу барысында жинақтау, жүйелеу, талдау, салыстыру әдістері қолданылды. Мақала қорытындысын зерттеу жұмыстарын жүргізуде, әдебиет пен фольклортанудан элективті курстар жүргізуде пайдалануға болады.

Тірек сөздер: фольклор, архетип, фольклорлық кірігу, эпикалық драматургия, дәстүр, драмалық тартыс, эпос, қазақ драматургиясы

Негізгі ережелер

Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ әдебиеттану ғылымында фольклорлық мотивтер мен дәстүрлердің жазба әдебиеттің көркемдік сапасына ерекше әр беріп, жаңаша өрнек, өзгеше сапа дарыта түскенін зерттеу бағыты өз алдына ғылым саласы боп қалыптасты деуге болады. Түркологтар фольклор мен жазба әдебиет арасының сан қилы аспектілерін айқындай түсуді тегеурінді түрде көтеріп келеді. Фольклортану ғылымында фольклорды стадиялық, генезистік, көркемдік тәсіл, типологиялық, этнографиялық, дәстүрлілік тұрғысынан зерттеудің арналары бір жолға қойылғанын да атап өтеміз. Дәл осы заңдылықтарды білу, талдап-тану жазба әдебиеттің де табиғатын түсінуге жағдай жасайды. Әсіресе, фольклордың дәстүрлілігі, яғни фольклорлық сарындар мәселесі бүгінгі әдебиеттің ұлттық негізін зерделеуде өте қажет.

Кіріспе

Еліміз егемендік алғаннан бері фольклорға жаңаша көзқарас нық орын алды. Осының аясында халқымыздың ауызша тараған рухани мұрасының, фольклорлық дәстүрлердің көркем әдебиетте қолданылу ерекшелігін зерделейтін бірқатар зерттеулер қосылды. Әсіресе, соңғы жылдары рухани-мәдени құндылықтарымызды қайта саралап жатқан тұста мұндай зерттеулердің құндылығы арта түскендей. Жазушылардың фольклорлық мұраларды пайдаланудағы қол жеткізген нәтижелерінің де әдеби үрдістің кейбір өзіндік типологиялық сипаттарын айқындаудағы, көркемдік шеберлігінің деңгейін анықтаудағы маңызы ерекше. Жазба әдебиетте шығарманың көркемдік тініне тұрмыстық сипат беру үшін фольклорлық мотивтер жиі пайдаланылады. Көркем әдебиеттің кез келген түрі ұлттық тіл байлығы аясында пайда болып, қалыптасады. Қозғайтын мәселелері де халықтың қоғамдық-әлеуметтік өмірімен, тарихымен, тұрмыс-тіршілігімен, еңбек қатынастарымен тығыз байланысты.

Ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиетте де халқымыздың сөз өнері саласындағы шығармашылық таланты қайта жаңғыра түсті. Екеуінде де өзара ұқсас жанрлар жиі пайда болып, дамыды. Сол себепті де ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің өзара идеялық-көркемдік ықпалы – табиғи құбылыс. Дегенмен, халық әдеби мұрасының дәстүрлерін, оның көркемдік үлгілері мен образдарын пайдалану әрқашан саналы процесс бола бермейтінін ескеру қажет. Осы орайда, ғалым А.Ісмақованың архетиптер туралы пікірі ойымызға қазық бола алады. Ол архетиптердің ертегілерде, мифтер мен аңыз-хикаяларда белгілі бір моральдық-адамгершілік белгіні білдіретін тұрақты мотивтер түрінде кездесетінін және қазақ фольклоры ұлттық мәдени архетиптің негізгі бөлігі бола отырып, қазіргі қазақ прозасының жанрлық жадының белсенді факторы екенін айтады [1, 240 б.]. Көбінесе қаламгер қанындағы генетикалық түйсіктің арқасында өз шығармасында қандай да бір фольклорлық үлгіні әдейі емес, еркінен тыс пайдаланады. С. Қасқабасов екі көркемдік жүйенің өзара байланысын зерттеу барысында генетикалық, оппозициялық, өзара үйлесімді және кері байланыс деген төрт түрін айқындайды. Әдебиет пен фольклор арасындағы генетикалық байланыс жазба әдебиеттің туу кезеңіне тән, ол халық ауыз әдебиетінен тікелей өсіп, оның жанрларын, сюжеттерін, образдарын, тілін молынан пайдаланады. Бұл байланыс түрінің қазақ әдебиетіндегі драматургия мен поэзия жанрында айқын аңғарылатынын ғалым жақсы атап өтеді. Ал проза әуел бастан, қалыптасу кезеңінен бастап-ақ фольклорды сюжетке қажетті қандай да бір реңк беретін фон ретінде ғана пайдаланады. «Проза, за исключением

отдельных рассказов, никогда не основывается на фольклорных сюжетах, а лишь вкрапливает эти сюжеты в повествование» [2, 344-346 бб.]. Жоғарыда айтылған пікірге сүйене отырып, 20-ғасырдың басында енді дами бастаған қазақтың жазба әдебиетінде дәл осы байланыс типінің ерекше орын алғанын байқаймыз. Он тоғызыншы ғасырдағы жазба әдебиеттің бастауында тұрған Абай поэмаларының өзі фольклорлық сюжеттерді арқау еткен болатын.

Материалдар мен әдістерді сипаттау

Жалпы, сөз жасаудың негізгі заңдары әдебиетке фольклордан келді. Көркем шығармада кездесетін фольклорлық кірігу мен фольклоризм екеуі екі түрлі құбылыс. Фольклоризм фольклорлық кірігу арқылы жүзеге асады. Ал фольклорлық кірігу әрдайым фольклоризм бола бермейді, ол тек тілдің фактісі бола отырып, сыртқы стилизацияның құрамдас бөлігі бола алады немесе шығарманың көркемдік жүйесіне органикалықпен кіріге алады. Фольклордың әдебиеттегі табиғи көрінісі шығармашылықтың екі жүйесінің (ауызша және жазба) өзара байланысу фактісін үнемі бере бермейді. Фольклоризм фольклорда да, әдебиетте де жеке дара өмір сүре алмайтын, тек олардың өзара қиылысында, байланысында ғана жаңа мағынаның пайда болуымен қатысты ұғым. Әдебиет нығайып, түрлене келе фольклорлық дәстүрлерге бет бұрды, оларды шығармашылықпен игеріп, сол арқылы көркем туындының идеялық-көркемдік, эстетикалық деңгейін көтерді. Осылайша, суреткер шығармашылығындағы дербестіктің басталуына жол ашылды. Фольклорлық дәстүрлерді көркемдік тұрғыдан қайта игеру әрекетінің барған сайын нығайып, байи түсуі фольклор мен әдебиеттің өзара байланысын туғызды [3].

Сөз өнеріндегі фольклорлық сарындарды қандай да бір қаламгер шығармашылығының біртұтас көркемдік жүйесі ретінде ғана емес, жалпы философиялық, этикалық, дүниетанымдық категорияда қарастырған дұрыс. Фольклорлық дәстүр бұрыннан қалыптасқан шығармашылық әдістің заңды жалғасы болса, әдеби дәстүр бұрынғы тәжірибені қайта жаңғырту. Яғни, фольклордағы дәстүр қалыптасқан шығармашылық әдістің заңды жалғасы болса, әдебиеттегі дәстүр ескіні сол күйінде, алғашқы формасында пайдалану емес, қайта оны дамытып, жалғастыру, түрлендіру. Сондықтан да көркем әдебиетте автор өзіне дейінгіні қайталамайды, онда даралық, дербес ерекшелік басым [4, 11 б.]. Яғни, жазушы ескі дәстүрді бойына сіңіре отырып, оны өз түйсігімен қорытып, қайта жаңарған түрде халыққа өзі қабылдаған шындықты ұсынады. Ендеше дәстүр жаңаша жалғасын табады, суреткердің қанымен

келген бұл құбылыс нағыз халықтық рухпен сусындағандықтан да көркем шығармада көрінбей қоймайды. Міне, осы фольклорлық дәстүр ұғымының қазақ әдебиеттану ғылымының негізгі арналарының біріне айналуының өзіндік даму жолы бар.

Нәтижелер

Жалпы, осы ғасыр басындағы жаңа әдебиетті жасаушылардың қай-қайсысы да халық ауыз әдебиетінің мұраларына иек артқанын байқаймыз. Мысалы, С. Мұқанов, М. Әуезов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров т.б. Осы әдеби құбылыстың себебі неде деген заңды сұрақ туады. Осынау ғасырлар тоғысында әр түрлі жанрда, әр түрлі бағытта жазып жүрген ақын-жазушылар неліктен фольклорға сүйенді? Бұл жерде, ең алдымен, екі басты факторды есепке алу керек сияқты: ішкі әдеби заңдылықтар және қоғамдық-тарихи жағдайлар. Сөз жоқ, ең маңызды орынды дәстүр алады, себебі халық ауыз әдебиеті мұраларына жазушылар әдебиет дамуының барлық кезеңдерінің өн бойында сүйенеді. Ал екінші маңызды себептердің бірі ретінде мынаны айтар едік: жаңа қоғамдық формация орнап, қоғам дамуында маңызды өзгерістер болып жатқан тұстарда жазба әдебиет өздерінің сұрақтарына ұлттық құндылықтарға, мәдени қайнар көздерге арқа сүйей отырып, солардан жауап табуға тырысты. Ал бай фольклорлық мұра – бұл халықтың көркем тарихы. Кейбір жазба мәдениеті ерте дамыған халықтар үшін фольклор өте ертеде өтіп кеткен шығармашылық ойлаудың бір белесі сияқты болуы мүмкін. Ал қазақ халқы үшін фольклор биік көркемдік талғамы көлемімен ұштасқан, халқымыздың өткен тарихының, рухани өмірінің, дүниетанымы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрінің, өмір құбылысына берілген бағалардың, өмір, табиғат туралы білімдері шоғырланған энциклопедиясы іспетті. Ендеше, осы өзгеше рухани дүниеден нәр алмаған, шығармаларының алтын арқауына айналдырмаған жазушы кемде-кем. Осы бай фольклорлық дәстүр тек әр қаламгердің шығармашылығында әр түрлі көрініс табатыны сөзсіз. Ал жалпы жазба әдебиет туындыларында фольклорға тән бейнелі сөздер, ұғымдар араласа, өзгеше ажар бере қатысады. Мұндай шығармалар өзінің көркемдік тәсілі жағынан ауыз әдебиеті мұрасынан қара үзіп кетпейді. Жазушы Ғабит Мүсірепов те осы белестен көріне білді. Оның шығармашылығы қазақтың көркем сөз әлеміне ғажайып құбылыс боп енді.

Ғ. Мүсірепов халық шығармашылығына ұқыптылықпен назар аударып, соны әдебиетке алғашқылардың бірі болып енгізген жазушылардың бірі. Ол халық жырларын өзінің жарқын талантымен одан

сайын жарқыратты. Оның барлық шығармашылығы ұлттық әдебиеттің халық тудырған поэтикалық құндылықтардан тыс дамымайтынына куә болды. Мүсіреповтік осы дәстүр, яғни халық мұрасына деген терең құрмет, одан кейінгі әдебиеттің дамуына игі ықпалын тигізді. Суреткер дарыны оның әдебиеттегі дара жолы арқылы анықталады. Бірегей және қайталанбас өнер туындысы мәңгілік болады. Әдебиет қайталауды қаламайды, таптаурынды сүймейді. Жазушы өзгенің шындық туралы ойымен санаспайды, ол өзі таныған шындық тұрғысынан шынайы өмірдің көркем бейнесін жасайды. Ол шындық неғұрлым шынайы болса, соғұрлым тереңірек болады. Сөйтіп, әдебиеттің халықтық сипаты тереңдей түседі. Сондықтан да жазушы шығармашылығының халық ауыз әдебиетімен байланысының сырын анықтамай тұрып, оның халықтық негізін талдау мүмкін емес. Қазіргі дәуір игі дәстүрлердің қайта жаңғыруымен қатар, жаңалықтардың да үздіксіз дүниеге келуімен, қайсыбір шешімі қиын мәселелерге де жаңаша көзқараспен қарап, оң баға беруге талпынысымен ерекшеленеді. Бүгінгі қазақ әдебиеті осындай жаңарумен, жаңаша ойлау жүйесімен бірлікте, тұтастықта қарастырылуы керек деген ғалым Р.Тұрысбек пікірінің жаны бар [5, 108 б.].

Жалпы, фольклордың жазба әдебиетке кірігу процесінің өзі белгілі бір көркемдік айналымнан өтеді. Әдебиетке ауысқаннан кейін фольклорлық сарын, образ т.б. фольклорлық элементтер жаңа көркемдік жүйенің құрамына ене отырып, бастапқы мазмұнын жоғалтады. Әрі қарай ендігі жаңа көркемдік жүйедегі жаңа мағына үшін бастапқы фольклорлық мазмұнды сол өзінің қызмет ету салаларына сәйкестендіруі қажет. Ол кейде тікелей ғана емес, әдеби дәстүр немесе жазушының фольклорды меңгерудегі шығармашылық әдісі арқылы да жүзеге асуы мүмкін. Түптеп келгенде, фольклорлық шығармашылықтың пайда болуы мен дамуының өзі, Б.Н. Путиловтың анықтауынша, өте күрделі процесс [6, 8 б.].

Филология ғылымының тарихындағы фольклоризмге берілген анықтамаларға шолу жасау барысында түйгеніміз, әдебиеттің фольклоризмі бұл фольклордың жекелеген элементтерінің қарапайым ықпалдасуы, сонымен қатар екі көркемдік (ауызша және жазбаша) жүйенің өзара күрделі әрекеттесуінің нәтижесі. Сондай-ақ, жазушының фольклорды жүйелік-құрылымдық, лексикалық, образдық және идеологиялық деңгейде түсініп, саналы түрде дамытып, түрлендіру процесі деп те айқындауға да болады. Және бір жағынан жазушының дүниетанымы, азаматтық ұстанымына сай халық мәдениеті және әлемдік бейнені қабылдау ерекшелігі арасындағы бейсаналы түрде жүзеге

асатын байланыс деп түсіну керек. Қалай болғанда да, фольклор мен әдебиет өздеріне ғана тән айрықша қасиеттері бола тұра, сөз өнерінің түрлері ретінде бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасайтын екі бөлек көркемдік жүйе.

Ғ. Мүсірепов көркем шығармаларындағы фольклорлық дәстүрлерді саралағанда, алдымен, оның шығармашылығындағы тақырыптық даралықты байқадық. Оның әдебиетке деген ынтасының ерте оянғанын ғалым Н. Ғабдуллин былай деп баяндайды: «Ғабит әдебиетке бала кезінен іңкәр болады, халықтың сан ғасырлар бойы сақталған асыл қазынасы – ауыз әдебиетін еліге тыңдап, көкейге ұялата береді. Егделерден естіген, қиял тербетер ғажайып ертегілерді, қызық оқиғалы қисса-жырларды жадына тоқып, жұртқа қызыға әңгімелеп беруді дағды етеді» [7, 5 б.]. Мінекей, Ғ. Мүсірепов туындыларында айрықша орын алатын фольклорлық дәстүрлерге алғашқы іргетас осылайша жасалған. Шығарма жазу – туа біткен қабілет, сондай-ақ тынымсыз ізденіс пен дағдыны дамыту нәтижесінде жүзеге асырылатын қиын жұмыс. Бұл тынымсыз дайындықты, жанкешті еңбекті қажет ететін процесс. Сол мақсатқа жету жолында авторлық көзқарас, дара дүниетаным қалыптасуы қажет. Кез келген көркем дүние автордың дүниетанымын басшылыққа ала отырып жазылады. «Автордың қоғамдық танымы, идеялық сезімі, моральдық қасиеті, объектив заттарға ұстаған ұстанымы өзінің туындысында бейнеленіп отырады» [8, 5 б.]. Мүсірепов сол шығармашылық арпалыстың, шығармашылық ізденістің ләззатын жанкешті еңбек нәтижесінде татқан жазушы. Оның жоғарыда шолып өткен жазушы боп қалыптасу тарихындағы ұзақ сапары талантқа қоса еңбектің арқасында жүзеге асып, нәтижесін берді.

Қазақ әдебиетінің іргетасын қалаған атақты жазушы Бейімбет Майлиннің Ғабиттің алғашқы әңгімесінен-ақ талантын байқап, жазуға деген талабын ұштап, ақыл-кеңесін айтып, жол көрсетуі оның кейінгі шығармашылық дара жолына ерекше шабыт сыйлады. Жазушының нағыз таланты драматургия саласындағы шығармаларында айқын аңғарыла түсті. Мүсіреповке дейін қазақ драматургиясының алғашқы шымылдығын Мұхтар Әуезов ашты. Оның «Еңлік-Кебек» пьесасы алғаш рет 1917 жылдың мамыр айында Абайдың сүйікті жары Әйгерімнің Ойқұдық жайлауындағы сегіз қанатты үйінде қойылды. Бұған дейін қазақ әдебиетінде драматургия жанры болмаған еді. Әлемдік драматургияны жетік меңгерген талантты жас жазушы М. Әуезов халық жадында сақталып, кең тараған ауызша әңгімені алғаш рет спектакльге айналдырады. Болашақ ұлы жазушы қазақ драматургиясының алтын қазығы халық әдебиеті екенін дөп тани, терең сезіне алды. Сөйтіп, осы

уақытқа дейін ел арасында кең тараған аңыз-әңгімелер мен дастандарға сүйене отырып, драматургияға қажетті фольклордың барлық мүмкіндігін шебер пайдаланады. Драматургияның жетістігі қоғамның күнделікті өміріндегі тұрмыстық деректерді театр сахнасына біртіндеп әкелуінде емес, белгілі бір халықтың мәдени феномені парадигмасын қайта жаңғыртуымен өлшенеді. М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясы – ұлттық драматургияның алғашқы шымылдығын ашқан, драмалық жанр дамуындағы қол жеткен шығармашылық табыстардың бастауында тұрған туынды. Жазушының көркемдік және әдеби-сыни мұрасы – ұлттық әдебиеттің өрлеуін сипаттайтын барлық ізденістердің, табыстар мен сәтсіздіктер қисынының қайталанбас құбылысы. Драматургтың ойынша, қаһарман өмірін тұтас, мәнді ететін деректерді іздестіру, зерделеу, түсіну өнер табысының ең қажетті шарты. М. Әуезов драматургиясы осы ерекшелігімен тарихты көркемдік-эстетикалық тұрғыдан түсінудегі жаңашылдықтардың жаршысы болды [9, 38 б.]. Осы трагедия арқылы М.Әуезов халық ауыз әдебиетінің үлгілеріндегі ойдың орасан зор байлығын, сөз құдіретін қалай пайдалану керектігінің жарқын үлгісін көрсетті. Өзіне дейін драматургиялық дәстүрдің жоқтығына қарамастан, басқа елдер әдебиетінен сабақ ала отырып, жанрдың шарттарына толық сәйкес келетін трагедия жасады. Оқиға желісінің сызбасы, композициялық құрылыстың архитектурникасы жазушының драма жанрының заңдылықтарын жақсы меңгергендігін айғақтайды [10, 29 б.]. Әуезов басқа да қаламдас достарын халық ауыз әдебиетінің жауһарларын, ертегілері мен жыр-дастандарын жазба әдебиеттің құнары ретінде пайдалануға шақырды. Жалпы алғанда, драматургияның қалыптасуы мен дамуында фольклордың маңызы зор болды. Халық ауыз әдебиеті туындылары – драмалық жанрдағы жаңашылдықтың көзі. Белгілі драматургтердің қай-қайсысы да түрлі биіктерге көтеріліп, осындай дәрежеге жетуіне фольклорлық дәстүр себеп болғаны белгілі. Драматургия жанрында халық жырлары мен эпостық шығармалар дәстүрін меңгеру, оларды жазба әдебиеттің игілігіне жарату, жаңаша түр беру оңай емес. Ауызша аудиторияға арналған фольклор жанрын сахна тіліне аудару үлкен тәжірибені қажет етеді. Эпостық шығарманың құрылымында драмалық элементтер болғанымен, ол табиғатында драмалық шығарма емес. Эпос пен драманың айырмашылығы – олардың көлемінде. Эпикалық жырдың көлемі ауқымды, сюжеттегі уақыт пен кейіпкерлер санына шектеу жоқ және бір оқиғадан екіншісіне жылдам ауыса береді. Өйткені драма – сахнаға арналған жанр, сол себепті бұл әдістердің ешқайсысын еркін пайдалана алмайды. Өйткені драмада уақыт пен кеңістік шектеулі. Уақыт пен кеңістік өнердің, оның

ішінде әдебиеттің маңызды философиялық, идеялық мазмұны мен композициялық сипатына ие. Оларды зерттеу шындықты көркем бейнелеу мүмкіндіктерін, көркем шығарманың ішкі дүниесінің ерекшеліктерін және шығарманың мазмұны мен формасының күрделі мәселелерін шешуде маңызды рөл атқарады. «Көркем уақыт пен кеңістік шығарма композициясын, оның ішінде баяндауды, сөз құрылымын, сюжеттің дамуын құрайтын мәтіннің күрделі құрылымдық бөлігі» [11, 40 б.]. Драманың бұл ерекшеліктері драматургтен оқиғаға материал таңдауға, талдауға дейін өте жауапты көзқарасты талап етеді. Осы жауапкершілік жүгін арқалаған М. Әуезовтің әдеби тәжірибесі әдебиетке келгеніне көп бола қоймаған қаламгер Ғабит Мүсіреповке үлгі болды. Адамның ішкі-сыртқы болмысын, мінез-құлқын, сөзін, іс-әрекетін, әр түрлі сезім халін терең көрсететін алғашқы туындыларындағы сюжеттік тартыстар болашақ драмалық шығармаларына тікелей әсер етті. «Автордың драмалық шығармаларындағы сөйлеу сипаты жаңа сапаға ие болады» [12, 13 б.].

Ғабит 1925 жылы жарық көрген алғашқы әңгімесінен бастап 1934 жылы «Қыз Жібек» атты алғашқы драмасын жазғанға дейінгі аралықта жазушы ретінде қалыптасып, күрделі драма жанрының теориялық мәселелерін жетік меңгереді. Оның жазушылық шеберлігі, шығармашылығының тақырыптық құндылығы осы фольклордың төл туындысына батыл бара алғандығымен арта түседі. Драматург халықтың ғасырлардан келе жатқан классикалық туындысын жазба әдебиеттің игілігіне, яғни классикалық драмаға айналдырды. Әрине, жазушы драматургияны қолға алмас бұрын проза жанрында шеберлігін шыңдап алды. Сол алғашқы прозалық туындыларындағы шиеленісті тартыстар, іс-әрекеттер, кейіпкерлердің әр түрлі диалогтары сияқты драматургияға тән құбылыстар оның болашақ драмаларына іргетас болғаны сөзсіз. 1934 жылы халық жырының негізінде әуелі музыкалық драма ретінде дүниеге келген «Қыз Жібек» пьесасы жазылды, кейін операның либреттосына айналды, 1939 жылы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» трагедиясы нағыз классикалық драмаға айналды.

Ғ. Мүсірепов Әуезовтің ізімен фольклордың төл туындыларына айрықша мән беріп, халық жадында ғасырлар бойы сақталып жеткен эпикалық туындыларды драмалық шығармаларында шебер пайдаланды. Солшыл саясат фольклорға сын көзбен қарап, ескінің бәрін түкке тұрғысыз етіп, бәрін құртуға ұмтылды, тіпті өткен ғасырдың орта шенінде бұл әрекет одан сайын қарқын ала бастағандай әсер қалдырады. Мұны сөз зергерінің алпысыншы жылдардағы әдебиет мәселесіне арналған бір жиында айтқан пікірлерінен аңғаруға болады. Онда суреткер сонау

отызыншы жылдар мен алпысыншы жылдар арасын салыстыра отырып, екі арадағы алшақтықтың қазір тым тереңдеп кеткенін баса айтады. Ескіліктің етегін жинап, тайып тұрғаны былай тұрсын, қайта тамыры тереңдеп, халықтың рухани қазынасын исі жаңаның бәріне қарсы жұмсай бастаған соң, «сол асыл қаруды жұлып алып, сүртіп, тазартып, жаңартып, халықтың өз қолына ұстатуға ұмтылды» деп биік мақсатын ашық білдіреді [13, 464 б.]. Суреткер өзінің бұл мақсатына толық жетті. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан ақыл-ой жемісі тудырған дүниесін жаңа дәуірдегі әдеби дәстүрге лайықтап жазба әдебиеттің өлмес туындысына айналдыруы Ғабит Мүсіреповтің мақсатты әрекеті болатын.

Жазушының фольклорға жүгіну себебін анықтай отырып, фольклорлық шығарманың әдеби айналымға енгенін айғақтайтын бұл драмаларды айтпай кетуге болмайды. Фольклорлық мұра әдебиеттің игілігіне айналған уақытта негізгі теориялық қазық ретінде жазба әдебиеттің шарттарын негіз етіп алады. Демек, драманың жазба әдебиет жанры екенін ескерсек, жазушы сол түп қазықтан алысқа кетпейді, осы жағдайда ол фольклорлық дәстүрлерге сүйенеді. Біз жазушының алғашқы әңгімелерінде байқалған тартысты оқиғалар, кейіпкерлердің дара болмысы, образдылық сияқты ерекшеліктердің драмаға әбден лайық болғанын айттық. Фольклор ескіліктің қалдығы саналып, шетқақпай көріп келе жатқан сол бір күрделі алмағайып заманда кемеңгер жазушы осы фольклордың нағыз классикалық туындысын шығармашылығына арқау етті.

Талқылау

Жазушы халық қалаулысына айналған, тіпті әлемдік әдебиетте классикалық эпос болып саналатын інжу-маржандарымызды талғаммен таңдап алып, эпикалық дәстүрін сақтай отырып, оған жаңаша түр берді, сөйтіп жазба әдебиет туындысына айналдырды. Кеңес дәуірінде жазушыларымыздың шығармаларынан фольклорға қатысты деректерді табу және оларды шығармашылық ерекшелік, шеберлік шыңы ретінде бағалау оңай болған жоқ. Осындай талпыныс жасағандарға классикалық шығармадан фольклор үлгісін іздеудің маңызы жоқ деген желеумен ондай зерттеулерге тосқауыл қоюға тырысты. Осының бәрі фольклортану ғылымының өрісінің тарлығынан, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің байланысын дұрыс түсінбеу ғана емес, ұлтты отарлау арқылы, рухани кодынан адастыру үшін жасалған қысастық болатын. Ел болашағын ойлаған, рухани қазынасын түгендеуге талпынғандардың жолына осы идеология ықпалы кедергі болды. Жасыратыны жоқ,

елуінші жылдардағы қазақ эпосына айтылған жала санада өшпес із қалдырды. Сол кезде Ғ. Мүсірепов ел қазынасын байытып, мазмұнын танытуға батылдық танытқан бірегей қаламгердің бірі болды. Ұлт мақтанышы болған ұлы шығармаларға дақ түсірген заманда М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, т.б. жазушылар батырлық, ғашықтық жырларды драмаға айналдырып, шеберліктің нағыз үлгісін жасады.

Шынында да, бұл шығармалар қалыптасып келе жатқан кәсіби мәдениетте маңызды рөл атқарды. Бұл ретте авторлар фольклордың сюжетіне ғана емес, оның идеясына, кейіпкерлерінің іс-әрекетіне, мінез-құлқына да көптеген өзгерістер енгізді. Бұл өзгерістердің дені кеңестік идеологияның, партияның жазушыларға қойған талабынан туған. Соның нәтижесінде әдебиеттегі фольклордың актуалданған үлгілерінде таптық-әлеуметтік мәселе алдыңғы орынға шығып, көне мұралар саясиландырылып, өзгеріске ұшырады. Осылайша, шығарманың тұтастай идеялық түсіндірмесі мен образдар жүйесі қазақ ұғымында сан ғасырлар бойы қалыптасқан интерпретациядан мүлде өзгеше, тіпті қарама-қайшы сипатта болып шықты. Халық мұрасын жаңаша көркемдік шеберлікпен суреттей білген жазушылар сол арқылы ғасырдың кәсіби мәдениетіне үлкен үлес қосты [14, 320 б.].

«Қыз Жібек» пьесасы – жазушының реалистік шығарма тудыру жолындағы алғашқы қадамы болатын. Бұл пьеса әуелі музыкалық драма ретінде пайда болса, кейін опералық либреттоға айналды. Бұл эпостың драмалық туындыға айналуына сол кездегі нарком боп қызмет атқарған алаш қайраткері Темірбек Жүргеновтің ықпалы зор болғанын жазушы «Би-аға» әңгімесінде арнайы тоқталады. Осылай туған либреттоға кіріспес бұрын жазушы лиро-эпостың ең танымал нұсқасын таңдап, одан әмеңгерлік туралы сюжеттік линияны алып тастап, асыл адамгершілікті асқақтату, махаббат еркіндігін насихаттау идеясын тереңдетеді. Жазушының драматургия жанрына келуіне осындай суреткерлік шеберлік тәжірибесінен өтуі көмек болғаны сөзсіз.

Ал «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» пьесасы драматургиямыздың тарихи дамуындағы тағы бір өріс болды. Ғашықтар туралы даңқы әлемге тараған бұл эпос хақында көп жазылған. Пушкиннің үйінен осы эпостың бір нұсқасы табылғаны туралы өз уақытында Шоқанның досы Григорий Потанин де жазған. Драматург эпикалық аңыз негізінде жазылған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» драмасында өткен және бүгінгі өмір шындығын нанымды суреттей білген. Өткеннің қойнауынан суырып, көркемдікпен қорыта отырып, қазақ қоғамының феодалдық-патриархалдық кезеңі туралы жазба әдебиетің күрделі жанрдағы жаңа туындысын жасады. Жазушының драматургия жанрындағы алғашқы

шығармасы фольклорлық тақырыптан басталуының өзі кейінгі шығармашылығында орын алған фольклорлық дәстүрлерге берік іргетас болды.

Қорытынды

Сонымен, драматург халықтық лиро-эпостық жырды негізге алып, оның тарихи-элеуметтік мәнін таптық тұрғыдан айшықтай отырып, жаңаша шешеді. Эпостың шыңынан классикалық драматургияның биігіне жол тартты. Зұлымдық пен махаббаттың бітіспес күресінің сырын ашқан бұл трагедия Ғ. Мүсіреповтің драматургия саласындағы талантының шыңын көрсетті. Халық эпосына жаңаша өмір беріп, жазба әдебиеттің игілігіне айналдырған драматург М. Әуезовтің ізімен рухани дүниемізге үлкен қазына әкеп қосты. Драмалық шығарманың қолжетімділігі мен әсерлі болуының бір сыры – оқиға көрерменнің көз алдында өтіп, оған қатысушы адамдардың сөзі мен іс-әрекеті арқылы шындықты көрсетуінде. Фольклордың төл туындысы жазба әдебиеттің игілігіне айналғанын ескерсек, бұл Ғ. Мүсіреповтің асыл мұраға адалдығы, халық алдындағы перзенттік парызын өтеуі.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Исмакова А.С. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль. Начало XX века и современность. – Алматы: «Ғылым», 1998. – 394 стр.

[2] Қасқабасов С. Елзерде: Әр жылғы зерттеулер. – Алматы: «Жібек жолы», 2008. – 504 бет.

[3] Хуббитдинова Н.А. Башкирский фольклор в литературе XIII-XIX веков: творческое развитие его мотивов, сюжетов, образов, традиций в башкирской литературе и произведениях русских писателей XIX века. – Уфа, 2013.

[4] Қасқабасов С.А. Ойөріс (фольклор туралы зерттеулер). – Астана: «Астана полиграфия», 2009. – 320 бет.

[5] Тұрысбек Р.С. Ақиқат айнасы: Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 224 бет.

[6] Путилов Б.Н. О типологической преемственности в эпосе славянских народов // Межславянские культурные связи. – М., 1971.

[7] Ғабдуллин.Н. Ғабит Мүсірепов – драматург. – Алматы: «Өнер», 1982. – 192 бет.

[8] Алпысбаев Қ. Көркем мәтінді әдеби талдау. Магистранттарға арналған оқу құралы. – Алматы: «Эверо», 2018. – 180 бет.

[9] Даутова С.Б., Исхан Б.Ж., Оспанова Б.Р. Мұхтар Әуезов парасаты. Монография. – Алматы: «Эверо», 2018. – 180 бет.

[10] Нұрғалиев Р. Драма өнері. – Алматы: «Санат», 2001.

[11] Балтымова М.Р. Ілияс Есенберлиннің тарихи романдары: шеберлік пен көркемдік. Монография. – Алматы: «Отан», 2015. – 168 бет.

[12] Жұматаева Е. Ғабит Мүсіреповтің шеберлігі. Оқу құралы. – Алматы: «Эверо», 2020. – 168 бет.

[13] Тәжібаев Ә. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.4. – Алматы: «Жазушы», 1981. – 760 бет.

[14] Қасқабасов С. Таңдамалы. Т.2. Мифология. Фольклор. Әдебиет. Зерттеулер. – Астана: «Фолиант», 2014. – 344 бет.

REFERENCES

[1] Ismakova A.S. Kazahskaya hudozhestvennaya proza Poetika, zhanr, stil. Nachalo XX veka I sovremennost (Kazakh artistic prose. Poetics, genre, style. The beginning of the XX century and the present). Almaty: «Gylym», 1998. 394 p. [In Rus.]

[2] Kaskabasov S. Elzerde: Ar jylgy zertteuler (Elzerde: Review of the year). Almaty: «Silk Road», 2008. 504 p. [In Kaz.]

[3] Khubbitdinova N.A. Bashkirski folklore v literature XIII-XIX vekov: tvorcheskoe razvitie ego motivov, suzhetov, obrazov, tradicii v bashkirskoi literature I proizvedeniyah russkih pisatelei XIX veka (Bashkir folklore in the literature of the XIII-XIX centuries: the creative development of its motives, subjects, images, traditions in the bashkir literature and works of russian writers of the XIX century). Ufa, 2013. [In Rus.]

[4] Kaskabasov S.A. Oiorys (folklore turaly zertteuler) (Oyoris (folklore collection)). Astana: «Astana poligpafiya», 2009. 320 p. [In Kaz.]

[5] Turusbek R.S. Aqiqat ainasy: Maqalalar men zertteuler (Mirror of Truth: Articles and Studies). Almaty: «Taimas» publishing house, 2008. 224 p. [In Kaz.]

[6] Putilov B.N. O tipologicheskoi preemstvenosti b epose slavyanskikh narodov (On typological continuity in the epic of Slavic peoples) // Mezhslyavyanskije cultural relations. M., 1971. [In Rus.]

[7] Gabdullin N. Gabit Mucirepov – dramaturg (Gabit Mucirepov – playwright). Almaty: «Oner», 1982. 192 p. [In Kaz.]

[8] Alpysbaev K. Korkem matindi adebi taldaу. Magistranttarga arналган оқу қуралы (Literary analysis of an artistic text). Almaty, «Evero», 2018. 180 p. [In Kaz.]

[9] Dautova S.B., Iskhan B.J., Ospanova B.R. Muhtar Aueзов parасaty

(The wisdom of Mukhtar Auezov). Monograph. Almaty: «Evero», 2018. 180 p. [In Kaz.]

[10] Nurgaliev P. Drama oneri (The art of painting). Almaty: «Sanat», 2001. [In Kaz.]

[11] Baltymova M.R. Ilyas Esenberlinnin tarihi romandary: sheberlik pen korkemdik (Historical novels of Ilyas Yesenberlin: skill and artistry). Monograph. Almaty: «Otan», 2015. 168 p. [In Kaz.]

[12] Zhumataeva E. Gabit Musirepovtin sheberligi. Oqu quraly (Mastery of Gabit Musirepov). Almaty: «Evero», 2020. 168 p. [In Kaz.]

[13] Tajibaev A. Bes tomdyq shigarmalar zhinagy (A collection of five volumes). T.4. Almaty: «Writer», 1981. 760 p. [In Kaz.]

[14] Kaskabasov S. Tandamaly (Optional). T.2. Mythology. Folklore. Literature. Studies. Astana: «Foliant», 2014. 344 p. [In Kaz.]

ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ЭПИЧЕСКОЙ ТРАДИЦИИ В КАЗАХСКОЙ ДРАМАТУРГИИ

Обаева Г.С.¹, *Балтымова М.Р.²

¹докторант PhD, Актюбинский региональный университет
им. К. Жубанова, Актюбе, Казахстан, e-mail: gso72@mail.ru,

*²к.ф.н., ассоциированный профессор, Актюбинский региональный
университет им. К. Жубанова, Актюбе, Казахстан,
e-mail: mbr76@mail.ru

Аннотация. В данной статье систематизирована историография связи двух художественных систем (фольклора и литературы) в теоретическом аспекте, а также проанализированы место фольклорной темы в художественном мире драматургии классика казахской литературы Габита Мусрепова и ее истоки. Рассмотрена природа трансформации фольклорных моделей в рамках закономерностей литературоведческой науки. На основе проблем фольклора и письменной литературы, фольклора и творческой традиции отдельных поэтов-писателей поставлена цель определить фольклорную основу творчества писателя Габита Мусрепова и начало его писательского мастерства. Прежде всего были определены основные важные теоретические положения обсуждаемой проблемы на основе научных достижений и опыта ученых-теоретиков о значении связи фольклора и литературы в процессе художественного развития.

Доказано, что эпическая традиция в казахской драматургии началась с творчества М. Ауэзова и мастерство продолжившего ее Г. Мусрепова явилось единственной отправной точкой и предпосылкой

становления этого жанра как классического. Изучено его мастерство в превращении фольклорного эпоса в драматургию, сохраняя законность жанра, придавая идейному осмыслению образов, закрепившихся в казахской концепции на протяжении многих веков и всего произведения, совершенно иной характер, и тем самым обуславливающее актуальность фольклора как вклада в профессиональную культуру века.

Исследуется тот факт, что начало использования писателем фольклорной темы в жанре драмы было его школой мастерства. Драматург умело использует все необходимые для драматургии методы фольклора, превращая классический эпос в классическую драму. Раскрывается тайна мастерства драматурга в воспроизведении парадигмы культурного феномена нации, а не только копирование на сцене данных повседневной жизни общества целиком или по частям. Все это обуславливает научную значимость статьи.

При изучении темы использовались методы сбора, систематизации, анализа, сравнения. Выводы статьи могут быть использованы при проведении исследований, ведении элективных курсов по литературе и фольклору.

Ключевые слова: фольклор, архетип, фольклорное вкрапление, эпическая драма, традиция, конфликт, эпос, казахская драматургия

CONTINUITY OF THE EPIC TRADITION IN KAZAKH DRAMA

Obaeva G.S.¹, *Baltymova M.R.²

¹PhD doctoral student, K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan, e-mail: gso72@mail.ru,

*²Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan, e-mail: mbr76@mail.ru

Abstract. This article systematizes the historiography of the connection between two artistic systems (folklore and literature) in a theoretical aspect, and also analyzes the place of the folklore theme in the artistic world of dramaturgy of the classic of Kazakh literature Gabit Musrepov and its origins. The nature of the transformation of folklore models within the framework of the laws of literary science is considered. Based on the problems of folklore and written literature, folklore and the creative tradition of individual poets-writers, the goal is to determine the folklore basis of the work of the writer Gabit Musrepov and the beginning of his writing skills. First of all, the main important conditions of the theoretical provisions of the problem we are discussing were determined on the basis of scientific achievements and

the experience of theoretical scientists on the significance of the connection between folklore and literature in the process of artistic development.

It is proved that the epic tradition in Kazakh dramaturgy began with the work of M. Auezov and the skill of G. Musrepov, who continued it, was the only starting point and prerequisite for the formation of this genre as a classic. His mastery of turning the folklore epic into drama is studied, while maintaining the legitimacy of the genre, giving the ideological understanding of the images that have been entrenched in the Kazakh concept for many centuries and the whole work a completely different character, and thereby causing the relevance of folklore as a contribution to the professional culture of the century. The fact that the beginning of the writer's use of a far-fetched folklore theme in the genre of drama was his school of skill is investigated. The playwright skillfully uses all the methods of folklore necessary for dramaturgy, turning the classical epic into a classical drama. The secret of the playwright's skill in reproducing the paradigm of the cultural phenomenon of the nation is revealed, and not just copying onto the stage the data of the daily life of society in whole or in part. All this determines the scientific significance of the article.

When studying the topic, methods of collection, systematization, analysis, comparison were used. The conclusions of the article can be used in conducting research, conducting elective courses in literature and folklore.

Key words: Folklor, archetype, folklore inclusion, epic drama, tradition, conflict, epos, Kazakh dramaturgy

Статья поступила 06.10.2022

Абылай хан атындағы ҚазХК және ӘТУ
ХАБАРШЫСЫ
“ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ” сериясы

ИЗВЕСТИЯ
КазУМОиМЯ имени Абылай хана
серия “ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ”

BULLETIN
of Ablai Khan KazUIR and WL
Series “PHILOLOGICAL SCIENCES”

3 (70) 2023

ISSN 2411-8745 (Print)

ISSN 2709-9245 (Online)

Директор издательства:
Есенғалиева Б.А.

Технический редактор, компьютерная верстка:
Кынырбеков Б.С.

Подписано в печать 27.09.2023 г.
Формат 70x90 1/8. Объем 64,5 п.л. Заказ № 3338. Тираж 300 экз.
Отпечатано в издательстве «Полилингва»
КазУМОиМЯ имени Абылай хана



Издательство “Полилингва” КазУМОиМЯ имени Абылай хана
050022, г. Алматы, ул. Муратбаева, 200
e-mail: kazumo@ablaikhan.kz, ablaikhan@list.ru